

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
70 ТАРИХИ
ОРНЫ

Алматы, 2017



ӘОЖ 94(574)(031)
КБЖ 63.3(5Қаз)я2
Қ 18

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен
қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Редакция алқасы:
Е. Тілешов, С. Итеғұлова, А. Қадырхан

Қ 18 **Қазақстанның 70 тарихи орны** (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 бет.

ISBN 978-601-80578-9-2

Бұл жинаққа еліміздің тарихи және географиялық ең байырғы атаулары енгізілді. Жинақтан орын алған атаулар сан ғасырлық қазақ тарихында айрықша маңызға ие болған. Олар небір тарихи оқиғаға, кезеңге байланысты немесе ерте дәуірлерден бері ұлтқа қоныс болған қасиетті мекендер. Қазіргі Қазақстан ономастикасын қалыптастыруда бұл атауларды көшелерге, нысандарға беру жалпы мемлекеттік, патриоттық сана-сезім қалыптастыруға оң ықпал етпек.

Жинақ ономастика саласының мамандарына, еліміздің тарихы мен табиғаты қызықтыратын жалпы көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 94(574)(031)
КБЖ 63.3(5Қаз)я2

ISBN 978-601-80578-9-2

© Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2017
© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы
© «Керемет медиа», 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақтың сан ғасырлық тарихы, қос құрлықтың ортасында осынау алып территорияны иемденіп жатқан еліміздің ең байырғы географиялық атаулары қазіргі ономастика саласында үлкен орын алуға тиіс. Оның бірнеше негізгі себебі бар. Біріншіден, ондай атаулардың жалпықазақстандық сана қалыптастыруда ерекше орны болса, екіншіден, бұл атаулар күнделікті өмірімізден орын алып, біздің қатпарлы тарихымызды, алуан географиялық байлығымызды көрсетсе, үшіншіден, жас ұрпақ бойына туған ел мен жерге деген патриоттық сезімді қалыптастыруға да әсер етеді.

Қазіргі кезеңде ономастика саласында кейбір өңірлік психология, бір жерге зана тән қатынас байқалып қалады. Әлбетте, өз өңірін, атамекенін құрметтеген, олармен мақтанған жөн. Бірақ әрнәрсе өз орнымен, өз мөлшерімен болсын. Тек қана өңірлік тар психологиямен шектелуге болмайды. Осындай өзектілік пен қажеттілікті ескеріп, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-



саяси жұмыс комитеті қолдарыңыздағы осы жинақты дайындауды жөн деп тапты. Мұндағы басты мақсат – ономастикалық жұмыстармен тікелей айналысатын жергілікті мемлекеттік құрылымдар және ономастикалық комиссиялар осы жинаққа енген және тағы да басқа тарихи, мәдени, географиялық атауларды нысандарға беру барысында ескерсе деген бастамашылық идея. Мәселен, Атырау облысының көшелері, нысандары еліміздің шығысында орналасқан Алтай, Берел немесе оңтүстігінде орналасқан Қазығұрт, Сауран атауларын иемденсе, болмаса Солтүстік Қазақстанда Сарайшық, Үстірт, Талас сияқты атауларды алса қандай жарасымды болар еді. Тура осындай үдеріс кісі есімдеріне байланысты жүрсе де оң болар еді. Бұл Қазақ елінің тұтастығын, баршамызға ортақтығын аңғартады. Осыдан жас ұрпақ тағлым алады. Олардың бойында қазақтың кең байтақ жеріндегі қай ұзым да, қай атау да бөтен еместігі сезіліп тұрады. Әрине, өңірлік ұзымдарды қолдану әбден керек. Мұндағы мәселе жалпықазақстандық және өңірлік атаулардың ортақ жарасым тауып тұруында.

Тәуелсіздік кезеңінде елімізде ономастика саласында көптеген игі бастамалар жүзеге асырылды. Ол жалпы Қазақстанның картасынан да қала, кент,

ауыл нысандарының атауларынан да аңғарылады. Дегенмен әлі де атқарылар жұмыстар жетерлік. Бұл жұмыстарға кейде шешімталдық, кейде ынтымақ, кейде білгірлік жетпей жатады. Бұл өз кезеңінде ономастика сияқты маңызды шаруаны өз деңгейінде атқаруға бөгесін болады. Ал мұндай кедергілерді еңсеру үшін әлбетте, жүйелілік қажет. Ұсынылып отырған «Қазақстанның 70 тарихи орны» атты жинағы осындай жұмыстарға жүйелілік дарытуға ықпал етеді деп сенеміз. Әрине, бір жинақ немесе бір шара барлық мәселені шеше алмайтынын да жақсы ұғынамыз. Десек те, қандай үлкен жүйелі жұмыс осындай жеке шаруалардан құралады емес пе?!

Осы еңбектің жазылуына бірқатар ғалымдар еңбек сіңірді. Атап айтқанда, жинаққа енген мәтіндердің басым көпшілігін филология ғылымдарының докторы, профессор Жангос Смағұлов, өзге мәтіндерін жазуға Тілдерді дамыту және қозамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Мелдешов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Әбжанов, ғылым кандидаттары Тұрдығұл Шаңдай, Бердібек Бияров, Сая Итеғұлова, Аман Абасилов, Әліди Шапауов, ғылым магистры Елдос Тоқтарбай сынды азаматтар үлес қосты. Редакция алқасы оларға өз алғысын білдіреді.

Редакция алқасы

АҚМЕШІТ

Ажары артқан, айбары асқан – Ақмешіт.

Ақмешіт қаласының іргесі Қамысқала атты елді мекенде 1817 жылы салынған Қоқан хандығының бекінісі негізінде қаланды. Бекініс ішіндегі мешіттің ақ кірпіштен өрілген түсіне сәйкес бекініс Ақмешіт деп аталды. Жалпы қазақ тілінде түр-түсті білдіретін сын есімдер жер-су аттарын жасауға белсене қатысады. Елімізде әсіресе «ақ» сын есімі мен зат есімнің бірігуінен жасалған атаулар өте көп кездеседі. Соның бірі – осы Ақмешіт атауы. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ақ» сөзіне қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы) деп анықтама береді. Бұл «ақ» сөзінің негізгі мағынасы. Тілдің дамуы барысында «ақ» сөзінің басқа мағыналары пайда болды, бірақ заттың түсін білдіретін негізгі мағынасы атау жасауда кеңінен қолданылады. Бұл атау да сол түр-түсті білдіретін негізі мағынадағы «ақ» сын есімі мен «мешіт» деген зат есімнің бірігуі арқылы жасалған.

А.И. Добромисловтың айтуынша, Ақмешіт бекінісін Қоқан ханы Омархан салғызған. Бекініс жобасы – шаршы, әр қабырғасы – 110 м, саз балшықтан тұрғызылған. Іргелерінің қалыңдығы – 10,5 м, жоғары жағы – 4,36 м, биіктігі – 125 м болған. Қабырғаларының жоғарғы жағында оқ атуға ыңғайлы ойықтар жасалған. Бекініс сыртынан 10 м ор қазылған. Ордың алдынан қабырғаларының 2 қатары тұрғызылған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған 50-ге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған (қараңыз: Добромислов А.И. Города Сырдарьинской области.



– Ташкент, 1912; Меңдіғұлов М.М. Қазақстан архитектурасының XIX ғ. және XX ғ. бас кезіндегі сипаты жөнінде. – Алматы: «Қазақстан архитектурасы, 1959. 153 бет).

1853 жылы 28 шілдеде Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовский Сыр қазақтарын қорғауды сылтауратып, басып кіріп, қоқандықтарды бекіністен қуып шығады. Сол жылдың тамызынан басқыншы генерал В.А. Перовскийдің атымен бекініс Перовск форты аталды. 1867 жылы Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1901–1906 жылдары Орынбор–Ташкент теміржолының салынуына байланысты қала халқы қарқындап өсті. Кеңес үкіметі Қазақстанда ең бірінші осы Перовскіде 1917 жылы 30 қазанда (12 қараша) орнады.

1922–1925 жылдары қалаға Ақмешіт аты қайтарылды. 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп қайта өзгертіліп, Қазақ АССР-інің астанасы мәртебесі берілді (1929 жылға дейін).

Қай кезеңде болмасын, қай заманда болмасын Сыр бойы – қазаққа қадірлі топырақ. Қадірлі болатыны қазіргі Қызылорда жерінде үш астана болған. Сондықтан Сыр өңірін әр дәуірде үш астана тоғысқан киелі мекен деп бағалаған орынды. Алғаш оғыздарға Жанкенттің астана болғанын, XIV ғасырда Сығанақ шаһары Ақ Орданың астанасы болғанын тарих жеткізіп отыр. Сонан соң өткен ғасырдың 1925 жылы Ақмешітте бүкіл Қазақстан еңбекшілерінің өкілдері бас қосты. Онда қазақ АССР Кеңесінің V съезі өтті. Осы жиында бұрын «қырғыз» атанып келген біздің жұрт «қазақ» деп өз түптамырын қайта тапты. Осылайша тарихтың жаңа беті жазылды. Қызылорда төрт жылдан астам уақыт бойы қазақ елінің бас қаласы болды.

Тарихшылар Ақмешіт аумағында мыңға тарта көне қала мен ескі ескерткіштердің орны бар дейді. Расында да, әрбір төбенің сырына үңілсеңіз тарихтың талай құпиясының кілті табыла кетеді. Алты Алаштың түлеген топырағы қазір де қалың қазақтың бүйрегі бұрып тұратын қара шаңырағы десек, ақиқаттан алыс кетпейміз.

Зобалаң заманда, қиын-қыстау кезеңде, жаугершілікте, ашаршылықта тарыдай шашылған қазақ баласы Сырдың бойын паналады. Дертіне дауа тапты. Тамағын асырады. Өз-өзіне келді. Көбейді. Содан қайта тарады. Ауыздан ауызға тараған әпсана әңгіме осылай өрілді. Осыдан соң Алты Алашқа ана, бар қазаққа пана болған Сыр демеске лажың жоқ. Сондықтан да Елбасы Н. Назарбаев оны ерекше қадірлеп «Сыр – Алаштың анасы» дейді.



АҚМОЛА

Ақмола – Қазақстан Республикасының орталығындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс. Бұл өлкенің тарихына шегініс жасар болсақ, өткен ғасырға сапар шегеміз. Есіл өзенінің жағасында орналасқан бұл қала қазақ халқының атамекен қонысы. 1863 жылдың 16 шілдесінен бастап, Ақмола ашық түрде округтік қала болып саналады. 1868 жылдың қазанында «Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлығының уақытша басқару жағдайына» байланысты Ақмола облысы құрылады.

Кеңес үкіметі жылдарында Ақмола атауы ұмытылып, бұл өлкеге тың және тыңайған жерлерді игеру деген желеумен түрлі ұлт өкілдері қоныстандырыла бастайды. Қала «Целиноград» деген жаңа атау алады. 1956 жылы КСРО Ішкі істер министрі Қазақстанда Шешен-ингуш автономиялық республикасын құру қажет деген ұсыныс жасаса, 1979 жылы КОКП комитетінің саяси бюросы Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Көкшетау облыстарынан жер алып, орталығы Ерейментау болатын Неміс автономиясын құру жөнінде құпия шешім қабылдайды. 1979 жылғы 16 және 19 маусым күндері Целиноград қаласының Ленин атындағы орталық алаңына мыңдаған адам жиналып, қазақ жерінің бөлінбейтінін, ешқандай автономияға жол жоқ екенін батыл мәлімдейді. Компартия басшылығы шешімдерін өзгертуге мәжбүр болды. Бұл Кеңес Одағы дәурен сүрген ұзақ жылдарда коммунистік партия көсемдерінің алған бетінен алғаш рет қайтуы еді. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы Целиноград қаласы мен облысы қайтадан байырғы атауымен Ақмола атанды.



Ақмола атауына байланысты болжамдар көп. Мұның бірінде «Ақмола» «Ақмолла» деген кісі есімінен шыққан. Орыс тілінің ықпалымен «молла» сөзі «мола» тұлғасына түсіп, мүлде басқа мағынаға, яғни «ақ бейіт» мәніне ауысып кеткен десе, пікірлердің келесі тобы «Ақмола» атауын обамен байланысты қойылған дегенді мақұлдайды. Ақмола сөзін «ақ мол», яғни «сүт көп» деген мәнмен байланыстыратын пікірлер де бар.

Ақмола облысының аумағы – 46,2 мың шаршы метр немесе республика аумағының 5,4% құрайды. Облыстың әкімшілік орталығы – Көкшетау қаласы, қаланың іргетасы 1824 жылы қаланды.

Облыстың құрамына облыстық маңызы бар 2 қала (Көкшетау және Степногор қалалары), аудандық маңызы бар 8 қала (Ақкөл, Атбасар, Державин, Ерейментау, Есіл, Макин, Степняк және Щучин), 17 ауылдық аудан, 5 кент және 660 ауыл мен село кіреді.

Облыс Қазақстан Республикасының орталық бөлігінің солтүстігінде орналасқан. Батысында – Қостанай, солтүстігінде – Солтүстік Қазақстан, шығысында – Павлодар, ал оңтүстігінде – Қарағанды облыстарымен шекаралас.

Облыс қомақты экономикалық әлеуетке және табиғи ресурстарға бай. Болашақтағы даму алғышарттары өңірдің шикізат ресурстарын экспорттаумен ғана шектелмей, орта және жоғары технологиялық тауарлар мен сервистік қызметтерді жеткізуші ретінде де көріну мүмкіндігімен айқындалады.

Аумақтың жер бедері әртүрлі: басым көп бөлігін жазық дала, ұсақ шоқылық жерлер, шамалы тармақталған және көлдік аңғарлар мен орман жамылған





таулар алып жатыр. Облыстың ауа-райы шұғыл континенталды. Жазы қысқа және жылы, ал қысы ұзақ, ызғарлы желдері мен ұйытқыған борандары араласқан аязды болады. Ауаның ең төменгі температурасы -40°C жоғары, ең жоғарғы температурасы $+40^{\circ}\text{C}$ жетеді.

Өсімдіктері, әсіресе, облыстың солтүстік бөлігінде өзінің алуан түрлігімен және тиісті ландшафтымен, атап айтқанда, қарағайлы-қайыңды ормандарымен және тау беткейлерін көмкерген түрлі өсімдіктерімен ерекшеленеді. Таулы қарағайлы орман – облыстың байлығы.

Облыстың жануарлар әлемі өзінің айтарлықтай молдығымен және әртүрлілігімен ерекше көзге түседі: сүтқоректілердің – 55 түрі, құстың – 180, балықтың – 300 түрі мекендейді. Облыстың аумағында «Көкшетау» және «Бурабай» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркттері мен Қорғалжың Мемлекеттік халықаралық маңызы бар қорығы орналасқан.

Облыс туристік бизнесті дамыту үшін қолайлы аумақта орналасқан.

Облыстың көпшілік аудандарында ішкі туризмді дамытуға арналған үлкен мүмкіншіліктері бар. Демалыс үйлері, санаторийлер мен туристік базалар, алдын ала емдеу орындары мен пансионаттар бар. Шүчин-Бурабай курорттық аймағы – тамаша табиғи-климаттық жағдайы, бай емдеу-рекреациондық ресурстары, тарихи-мәдени қоры бар курорттық орын.

Қолайлы инвестициялық ауа-райын құру, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, сондай-ақ болашақта оның аумағында туристік ойын-сауық орталығын дамыту мақсатында «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы құрылды.

Облыстың өңірдің экономикасын, атап айтқанда, халықаралық туристік бизнесті дамытуға инвестиция тарту үшін әлеуеті зор.

АЛАКӨЛ

Алакөл – еліміздегі көрнекті көлдердің бірі. Географиялық жағынан ол Балқаш–Алакөл ойпатында, Жоңғар қақпасы асуының оңтүстік-шығысына қарай Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облысының арасында орналасқан. Алакөл көлі өңірдегі туристік сала ретінде қарқынды дамып келеді.

«Алакөл» атауы ежелгі түрік және моңғол сөздерінен аударғанда «ұлы көл» немесе «таулы көл» деген мағынаны береді. Көл суының түсін алғаш рет қарағанда анықтау қиын. Жергілікті тұрғындар көлді пішінінің, түсінің, көлемінің әртүрлі болғаны үшін «Алакөл» деп атап кеткен. Алакөл Ұялы, Жалаңашкөл, Сасықкөл және т.б. ұсақ көлдерден тұрады. Алакөл теңіз деңгейінен 343 м биіктікте орналасқан. Оның ауданы аралдарымен бірге 2696 шаршы км-ді құрайды. Көлдің ұзындығы – 104 км, ең үлкен ені – 52 км, ең үлкен тереңдігі – 54 м. Су деңгейі жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Көл әдетте қаңтар мен сәуір айларында толық қатып, шілдеден қыркүйектің ортасына дейін шомылуға жарамды болады.


Алакөлге Қатынсу, Емелқұйса, Ырғайты, Жаманты, Жаманөткел және Үржар өзендері құяды. Алакөлдің фаунасы айтарлықтай алуан түрлі. Жағалауы арал, шығанақ, айлақ және мүйістермен тілімделген. Үлкен, Кіші Аралтөбе, Белқұдық және т.с.с. аралдар бар. Жағалаудың климаты шұғыл континенталды. Алакөл суының құрамындағы фтор мен бромның деңгейі жоғары. Су құрамы хлоридті-натрийлі және хлоридті-сульфатты-натрийлі болып келеді.





Баклан, аққу, бірқазан, аққұтан, үйрек, гагара т.б. құстары және ала мысық, су егеуқұйрықтары көл жағасын мекендейді. Құстар солтүстіктен оңтүстікке қарай ұшып келеді. Сирек кездесетін үш жүзге жуық құс түрлерінің 38 түрі Табиғат және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі халықаралық одақтың Қызыл кітабына енген. Тарихи деректерге сүйенсек, Алакөл маңынан Ұлы

Жібек жолы керуені жүріп өткен. Алыс жолдан келген саяхатшылар жағалауда демалып, көл суынан нәр алған екен. Алакөл суы емдік қасиетке бай. Ол заманауи медициналық зерттеулер жүргізу барысында дәлелденіп отыр. Демалушылардың көбі Алакөлге шипа іздеп келеді. Көл суы радикулит, артрит, тері ауруларына шипа болып, адам денсаулығына жағымды әсерін тигізеді.



АЛАТАУ

Биігін қар көмкеріп алақанаттанып жататын Алатау табиғаты әсем қазақ жеріндегі ең ірі тау жоталарына жатады. Қазақ баласы үшін әрқашан оның орны тым бөлек. Алатауды ән-күйге қоспаған ақын-жазушы жоқ шығар, сірә...

Жер жәннаты – Жетісуға көрік беріп тұрған Алатаудың қойнауы – құтты, ауасы – таза, шипалы судың көзі, мұнда өсімдіктің бірнеше түрі өседі, жануардың да түрі көп. Шыңды-құзды тау биігін қарлы шыңдар басып жатыр, қалың мұздақтар көп, тау етегінде – орман, аңғарында – шалғын.

Алатау – көп ғасырлық тарихқа ие әсем әрі таңғажайып мекен. Алатау баурайында қазақ халқының көне тарихына қатысты өткен күндердің баға жетпес ескерткіштері, тас мүсіндер мен қорғандар өте көп сақталған.

Қойнауы құпияға толы Алатау қазақ үшін биіктіктің, асқақтықтың символына айналған. Флора мен фаунаға аса бай сұлу табиғаттың Алатау аталатын ғажайыбы осы жерді мекендеген халық үшін де, келген-кеткен қонақтар үшін де үнемі сағындырып тұратын ерекше күшке ие.

Тау жынысы пайдалы қазбаларға аса бай. Баурайы тіршілік үшін өте қолайлы: жетпіс жыл бойы Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласы осы таудың етегінен қоныс тепкен. Қарасай, Талғар, Талдықорған, Қапал, Жаркент сияқты көптеген қалалар да осы таудың баурайында орналасқан. Қойнауында сандаған демалыс орындары, сауықтыру орындары салынған. Медеу мұз айдыны, түрлі спорт кешендері де келушілердің сүйікті мекеніне айналған. Алатаудың Хан-Тәңірі шыңы, Шарын шатқалы дүние жүзіне мәлім.

Алатау – Орта Азия мемлекеттері мен Ресейдің Сібіріндегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады. Алыстан қарағанда



мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтаңдақтары тау жоталарына ала түс береді. Атауы соған байланысты. Әдетте, мұндай таулар заңғар биік болып келеді. Тау етектерінде орман, аңғарында таулық шалғын және дала белдемдері алма-кезек орналасқан.

Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы. Жетісу Алатауы, Жоңғар Алатауы Қазақстандағы ірі әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі. Ол солтүстігінде Балқаш–Алакөл ойысы, оңтүстігінде Іле аңғары аралығында батыстан шығысқа қарай 450 км-ге созылып жатыр. Жетісу Алатауы Сарқанттау мен Бежінтаудың басталар жерінен шығысқа қарай Солтүстік және Оңтүстік Жетісу Алатауы болып екі жотаға бөлінеді. Жетісу Алатауының ең биік шыңы – Бесбақан орналасқан (4464 м).

Күнгей Алатауы – Тянь-Шаньдағы тау жотасы. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасы аралығында. Оңтүстігінде Ыстықкөл қазаншұңқырымен шектеседі, солтүстігіндегі Іле Алатауынан оны Шоңкемін және Шілік өзендері бөледі.

Қырғыз Алатауы – Қырғызстандағы таулы жота. Батыс бөлігінің солтүстік беткейі Қазақстан жерінде (Жамбыл облысы). Жалпы ұзындығы 375 км. Жотаның ең биік жері шығысындағы Батыс Аламедиан шыңы (4875 м).

Талас Алатауы – Тянь-Шаньның батыс сілеміндегі жота. Қазақстан мен Қырғызстан жерінде. Орташа биіктігі – 4000 м, ең биік жері – Манас шыңы (4484 м).

Іле Алатауы – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстігіндегі жота. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында. Ұзындығы – 35 км. Бірқатар шыңдары 4500–5000 м биіктікке жетеді (Талғар шыңы, 4973 м). Қазіргі мұздықтар да сонда шоғырланған. Тау бастарын мәңгі қар мен мұз басқан. Жотаның солтүстік бөктерінде Алматы қаласы, солтүстік беткейінде Іле Алатауының ұлттық табиғи саябағы орналасқан.

Біздің Алатау, негізінен, Алматы облысының, яғни Жетісудың жерінде. Табиғаты әсем, жаратқанның жарылқап бере салған бір құт мекені. Қойны-қонышы толған ел, шипалы су, таза ауа, берекесі бойында тұрған құнарлы



жер. «Қазық қақсаң – терек болып шығатын» бау-бақшалы жердің нақ өзі. Жер жәннаты – Жетісуға нәр беріп, әр беріп, көркейтіп, көктетіп тұрған, оны Жерұйық атандырған осы Алатаудың нұры. Алатаудан басталатын құнарлы Іле өзені жеріміздің қақ ортасындағы Балқаш көліне құйып, ең даланың да мейірін қандырып, Бетпақдала мен Сарыарқаға да нәр беріп тұр.

Алатау – жеріміздің көркі, еліміздің сәні болып саналады. Тау қойнауларындағы сандаған демалыс және сауықтыру орындары, Медеу мұз айдыны, шаңғы спортына арналған кешенді орындар Алатау мәртебесін арттыра түсіп, баурайына жұртшылықты жинай түсуде. Еліміздегі ең ірі, жануарларға бай хайуанаттар бағы да осында. Ал Алатау бөктерінде, Алматы облысының аумағында өсімдіктер мен хайуанаттарды қорғауға, табиғатты, табиғи ескерткіштерді сақтауға арналған мемлекеттік қорықтар да бар. Бұл күнде теңізге айналған Қапшағай су қоймасы, ондаған бұлақтар мен көлдер өңір ажарын аша түсіп, тұрғын халық берекесіне айналған. Мекен еткен кісі алыс кетсе сағындыратын, көрген жанның есінен кетпейтін Алатаудың табиғаты жылдың қай мезгілінде болсын көркем, таза, қызықты. Саф ауасы, самал желі, өзіне ғана тән сұлулығын сөзбен суреттеп жеткізу мүмкін емес. Алатаудың сұлулығы мен әсемдігін тек сезім көзімен ғана көріп, оның ажарлы пейзажын көкірек көзімен түйсіну керек...

Мұртын мұздақ басқан қарт Алатаудың ішіне бүккен сыры да қалың. Сандаған ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеу нысанына айналған тасқа салынған суреттер, қорғандардың құпиясы терең. Тау қойнауында әлі де болса ешкім сырын ашып үлгермеген көненің көзі саналатын табиғи ескерткіштер, адам аяғы баспаған биік шатқалдар мен асулардың бар екендігі шүбәсіз рас.

АЛАШ

«Алаш» ұғымы біздің санамызда халықтық ұран, «қазақ» сөзінің баламасы, ұлттық жігер мен қайраттың, намыстың, бірігу мен азаттықтың символындай. Сондықтан бұл сөз қашанда әрі тарихи, әрі заманауи ұғымды үстемелеп, бейжай емес, көтеріңкі леппен айтылып, ұлттың тарихи кезеңдерін қазіргі дәуірмен байланыстырып, оның ұлттық абыройы мен беделін асыруға, ұлттық мақтанышын қалыптастыруға ерекше ықпал етеді. «Алаш» сөзі қазақ ұғымында нақты бір оқиғаға байланысты жиі қолданылады. Ол – ХХ ғасыр басындағы тарихымыздағы ең ірі ұлт-азаттық қозғалысы болған Алаш қозғалысы.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қиынқыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мы-



салы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде Алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі – Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. ХХ ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Алаш қозғалысының идеялары бүгінгі жаңа Қазақстанның рухани болмысын қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Бұл жөнінде көрнекті алаштанушы М. Қойгелдиевтің мына бір пікірін келтіре кеткен жөн. Ғалым былай деп жазады: «Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытындылап, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы – сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау характері».

Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының сан-салалы мұрасынан, олардың ерен іс-қимылдарынан алар тағылым мол. Сондықтан да, Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы гибрат алғанымыз ләзім.

Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Әрбірден соң, қозғалыстың өзі – адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігі ұранын көтерген қозғалыс – білімі кемел, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, адам мен қоғамның мәселелерін жетік білетін ұлтшыл ғана емес, гуманист азаматтардың белсенділігінен туғанына күмән келтірмесек, онда бұл тарихи-саяси құбылыстың діңгегі – елжандылық пен адамсүйгіштік екендігіне шүбә келтірмегеніміз жөн. Алаш қаламгерлері шығармашылығында қазақ әдебиетінде толымды түрде ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді.

Алаш қозғалысының осындай гуманистік сипаты және оның қайраткерлерінің, қаламгерлерінің қазақ руханиятын дамытудағы тарихи еңбегі бұл қозғалысты шын мәніндегі «Қазақ Ренессансы» деп атауға толық мүмкіндік береді. Алаш қозғалысының – қазақтың Жаңғыру дәуірі болғандығын, оның елім деген, жұртым деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады. Абылай заманында сыртқы жаудың қауіп-қатерінен басы қосылған



қазақ, Кенесары, Махамбет, Абай дәуірінде «Бас-басына би болған» қазақ Алаш тұсында бас біріктірді, ой біріктірді, қимыл біріктірді. Оның негізінде Отанына, сол Отанының ұрпағына деген ұлы жанашырлық жатты. Бұл нағыз Ренессанстың тамыры боларлық гуманизм еді.

Ата-бабаларымыздың қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары – бүгінгі ұрпаққа үлгі хәм аманат. Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің үлкені – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды.



АЛМАТЫ

Алматы – Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш астанасы. Бүгінде ол – еліміздегі еркін мәдени-экономикалық аймақ. Алматы Қазақстанның ең ірі мегаполисі. Ғылыми, білім беру, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктік және елдің индустриялық орталығы болып табылады. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. Іле Алатауынан бастау алатын Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, т.б. өзендердің қаланың қалыптасуына тигізген игі әсерлері болған. Қаланың айналасы негізінен таулы, сайлы-жыралы келеді. Қала маңындағы биік таулы еңіс бедері тік жартасты, терең құзды, құлама беткейлі. Тау бастарының біраз бөлігін мұз басқан. Тау етегіне ұштасып жататын жазық өңір негізінен борпылдақ жыныстардан және малтатасты-дөңбектасты шөгінділерден түзілген. Оның беті сары, борпылдақ топырақ, құмды-сазды қабаттардан тұрады. Таудан келген жер асты және жер беті ағындарының сүзілуі нәтижесінде жер асты суының мол қоры жиналған.

Табиғи жағдайларға байланысты мұнда апатты жер сілкінулері болған. Сондай-ақ лайлы тасқындар мен сел қатері жиі байқалады. Таудан бастау алатын өзендерте сел тасқындарынан қорғайтын бөгеттер бар. Қала және қала төңірегінде континентті климат қалыптасқан. Алматының топырағы мен өсімдігі биіктік белдеулер мен белдемдерде әртүрлі. Алматының төңірегінде



алманың бірнеше түрі, оның ішінде дүниежүзіне әйгілі Алматы апорты, алмұрт, шие, қара өрік, жүзім, т.б. жеміс және көкөністер өседі. Жануарлар дүниесінен құстың 141 түрі, сүтқоректілердің 50-ге тарта түрі кездеседі.

Соңғы жылдарға дейін Алматы қаласының тарихы 1854 жылдан басталады деп жазылып келді. Алайда тарихи мағлұматтарға үңілген сайын қаланың тарихы тереңде екенін байқаймыз.

Алматы қаласының орнында бұрын көне қоныс болғаны белгілі. Кезінде шығыстанушы ғалым В. Бартольд «16-ғасырда Алматы қаласының түбінде екі ханның ірі шайқасы болған» деп жазған. 1929 жылы қорымды қазу кезінде I ғасырда соғылған теңге табылған. 1930 жылдары ғалымдар қала орнында I ғасырдан бастап бірнеше қоныс болған деп жорамалдарын баспасөз бетінде жариялайды. Ал 1960 жылы туристерге арнап шығарылған «Алматы және оның төңірегі» деген буклетте: «Осыдан 100 жылдан көп бұрын – 1854 жылы мұнда қазақтардың ежелгі қонысы Алматының орнына орыстар Верный әскери бекінісін салған» деп жазылады.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде Алматы аумағында қазба жұмыстары жүргізіліп, табылған археологиялық материалдар мен нумизматикалық коллекциялар мамандар арқылы жіті талданды. Салалық зерттеулерге сүйене отырып, «Алматының жасы 1 мың жылдан кем емес» деген ұйғарым жасалды.

Алматы қаласының іргетасы мұсылман ренессансы дәуірі болып табылатын X–XI ғасырларда қаланып, Жетісу өлкесінде шарықтап дамыған. XIV–XV ғасырлардағы шапқыншылық кезінде Алматы қаласы қатты құлдыраған. Қала тұрған жерді ежелден қазақ ұлтын құраған тайпалар мекен еткен. Іле Алатауының етегіндегі Алматы қаласы туралы алғашқы жазба деректер Рашид-ад-Диннің шығармаларында кездеседі. Бабыр Шыңғысхан шапқыншылығынан қираған Алмалық, Алмату қалалары туралы жазады. Археологиялық зерт-

теулер қазіргі Алматының орнында ертеректе сақтар, кейінірек үйсін, орта ғасырда дулат тайпалары өмір кешкен елді мекендер мен қалашықтар, Алмалық пен Алмату қалалары (екеуі екі басқа қала) болғандығын дәлелдеп отыр. Бұл қалалардың қираған құрылыстарын 1251–59 жылдары француз королі ІХ Людовиктің елшісі және Қытай саяхатшысы Чжан Дэ өз көздерімен көргендіктерін жазған. Алмату қаласының аты жазылған күміс ақшалар, сақтардың 25 барыс бейнесімен безендірілген «Жетісу құрбандық табағы», ғажайып «Қарғалы диадемасы» бұл жердің мыңдаған жылдық тарихы бар өркениетті өлкенің орталығы болғандығын көрсетеді. Өңірдің Ресейге қосылуына байланысты қаланың ежелгі орнына 1854 жылы Заилийск бекінісі салынып, кейінірек қала Верный аталғанға дейін бұл жерде отырықшы және жартылай отырықшы қазақтар тұрған. 1921 жылы оған өзінің ежелгі Алматы атауы қайтарылады. 1927 жылы 3 сәуірде Кеңестердің Бүкілқазақстандық VI съезінде Алматы Қазақстанның астанасы болып жарияланды. Республика астанасының Алматыға көшуі (1929) қаланы аса ірі саяси-әкімшілік,

ғылыми-мәдени және экономикалық орталыққа айналдырды. Қаланың жедел қарқынмен дамуына Түрксіб темір жолының салынуы үлкен әсер етті. 1930 жылдары Алматыда оңдаған ірі өнеркәсіп орындары іске қосылды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Алматыға КСРО-ның батысынан 30-дан астам кәсіпорын, 8 госпиталь көшірілді. Қала тұрғындары майданға жан-жақты көмек көрсетті. Соғыстан кейін Алматы бірте-бірте Азиядағы ірі саяси, мәдени және экономикалық орталыққа айналды. 1986 жылы желтоқсанда әкімшіл-әміршіл билікке қарсы қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісі болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Алматыда Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды. Сол жылғы 21 желтоқсанда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) дүниеге келді. 1992 жылы Алматыда дүниежүзілік қазақтарының құрылтайы болып өтті.

Бүгінгі таңда да Алматы қаласы отанымыз үшін маңызын жойған жоқ. Қала республикамыздағы еселі жетістіктердің кепілі, келелі өзгерістердің орталығы болып табылады.



АЛТАЙ

Алтай – қазіргі Қазақстан, Моңғолстан, Қытай және Ресей мемлекеттері шекаралары түйіскен өңіріндегі үлкен тау жүйесі және таулы аймақ атауы. Олар Қазақстанда (Кенді Алтай – Шығыс Қазақстан облысы), Моңғолияда (Гобь Алтайы – Баян-Өлгей аймағы, Ховда аймағы, Алтай аймағы, Увс аймағы) Ресейде (Алтай өлкесі, Алтай Республикасы), Қытайда (Шыңжаң автономиялы өлкесінің Алтай аймағы). Осы Алтай – ертеде тұтастай түркі жұртының мекені болған өңір. «Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай» – деп Мағжан жырлаған «Суы бал, көдесі май, жері майса, Ағызған сары алтынды тастан Алтай» таулары өзінің түрлі-түсті кенді орындары молдығымен әлемге танымал.

Тіл білімі ғылымында Алтай сөзінің тегі көнеден келе жатқан түркілік алтан «алтын» сөзіне орай сабақталады. «Алтай тілдері» деген ұғым, жалпы шығыс халықтарының біразын тілдік тұрғыда біріктіретін жиынтық атау. Алтай тілдерінің үлкен бір тобы – түркі тілі болып табылады. Қазір бұған әзірбайжан, түрік, түркімен, гагауыз, қарайым, қарашай, балқар, құмық, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, ноғай, тува, хакас, өзбек, ұйғыр, шор, чубаш, жақұт, алтай, естек (башқұрт) тілдері жатады. Бұл оның ежелден кенге бай жеріміздің алтын алқасы екендігін айғақтайды. Алтай ежелден қазақтың да баба қонысы, атамекені. Халқымыздың біраз бөлігі Алтайды әлі мекендеп келеді. Халқымыз



басқыншылардан ел-жерді қорғауда үлкен ерліктер жасаған өңірден Қаракерей Қабанбай, Ақыр Жәнібек аталған Керей Жәнібек батыр, Оспан батыр сынды ел қорғаны болған тұлғалар шыққан. Тарихта заман ызғарымен шетелге ауған қазақтың «Ағажай, Алтайдай жер қайда» деп көзі мөддірей сағынышты әнмен аңсаған мекені де осы – асқар Алтай таулары мен даласы.

Ғалым-зерттеушілерді Алтай тауының бай табиғаты, ежелгі адамдар өмір сүрген үңгірлер, түркі заманынан қалған ескерткіштер таң қалдырған. Олар «Алтай мен Гималай, екі полюс, екі магнит» деп бағалаған. «Алтайдың алтын адамы» 1997 жылы біздің жерімізге шекаралас Ресейге қарасты Локоть ауданында табылған. Бұл да Есік обасынан шыққан «Алтын адамға» ұқсас, Сақ дәуіріне жатады. Мұндай мұралар «Алтай ескерткіштері» деген атауға ие болды. 1713 жылдан бастап тарихи қорғандар, ескерткіштер мен тас обалар, зираттар жатжұрттықтар тарапынан тоналып, табылған бұйымдар Ресейге жеткізіліп, «I Петрдің Сібір коллекциясы» деген атауға ие болған. Бұлар қазір Санкт-Петербургтің Эрмитажында сақтаулы тұр. Алтай тауының ең биік нүктесі Мұзтау – Алтай тау жүйесінің Ресей және Қазақстан жеріндегі ең биік шыңы (4506м). Ол Қатын жотасындағы Қазақстан мен Алтай өлкесінің әкімшілік шекарасы маңында жатыр. Ұшар басында Үлкен, Кіші Берел, Меңсу т.б. мұздықтары бар. Бұлардан Қатынсу өзені бастау алады. Алтайдың Мұзтаудан кейінгі екінші биік шыңы – Бесбоғда теңіз деңгейінен 4374 м биіктікте, Қытай





мен Моңғолия шекарасында орналасқан. Үшінші биік шыңы – теңіз деңгейінен 4362 м биіктіктегі Мөнххайрхан тауы. Бір ғана Қазақстандық Алтай тауларында 328 мұздық бар. Олардың жалпы ауданы – 89,6 км². Мұздықтар негізінен 2600 м-ден жоғары тау биіктіктерінде жатады. Олар Қатын, Холзун, Иванов, Оңтүстік Алтай, Сарымсақты тау жоталарында көбірек сақталған.

Осы мұздықтардың әсерінен Өр Алтайда өзен де, көл де көп. Олар басын таудағы қар суынан және осы мұздықтардан алады. Ең үлкені – Ертіс өзені. Оған Кендірлік Күршім, Бұқтырма, Үлбі, Үбі т.б. шағын өзендер құяды. Ертіс бойында Өскемен, Бұқтырма, Шүлбі электр стансалары салынған. Олар Шығыс Қазақстанға, ең еліміздің басқа жерлеріне электр қуатын береді. Олардың ішінде Ақ Берел, Тұрғысын, Березовка, Кіші Үлбі, Көкпекті, Қалжыр, Қалғұты, Ұлан, Білезікті, Қызылсу, Алқабек, Қайыңды, Аққаба, Бұлғын секілді т.б. ірілі-ұсақты өзендерді атауға болады. Олар Ертіске, Бұқтырмаға, Нарын мен Күршімге құяды. Алтайда Бұқтырма, Зайсан, Тұранғыкөл, Марқакөл, т.б. көлдер де бар. Мал шаруашылығымен көшпелі тұрмыс кешкен халқымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі олардың маңызы ерекше. 1976 жылы Марқакөл қорығы ұйымдастырылған. Қорықта Алтайдың тау аңғарындағы кең дала-сы, бал қарағайлы, шыршалы ормандары, әсем табиғаты қорғауға алынған. Арасан курорты, Рахман қайнары – шипалы жылы су көзі де осында орналасқан. Айналасын биік тау, орман қоршаған табиғаты өте көрікті жер.

АЛТЫНЕМЕЛ

Алтынемел таулары – Ұлы Жібек жолы өткен тарихи аймақ. Даланың ауызша тарихнамасы бұл атаудың қойылуын Шыңғысхан дәуірімен байланыстырады. 1219 жылы ұлы қолбасшы Орта Азия жерлерін жаулап алуға аттанғанда, осы алқап арқылы өтсе керек. Сонда батқан күннің шапағына малынып тұрған тауды көргенде «Алтынемел ғой мынау» деп таң қалыпты. Монғолша ол «алтынданған ер» деген мағынаны білдіреді. Шынында да алыстан қарағанда Алтынемел атқа салатын ертоқымның үлгісіне қатты ұқсайды екен.

Мұнда б.з.д. ғасырларға жатқызылатын ежелгі жартасқа салынған бейнелері бар «Тамғалы тас» тәрізді тарихи ескерткіштер бар. Онда сақ, ғұн тайпаларының тасты қашап салған көне суреттері тұр. Үш мүйізді таутекелердің, қос өркешті түйеге мінген садақты жауынгердің, таудан нұрын пашып шығып келе жатқан күннің және басқа да сол кезең үшін маңызы зор, ал қазір біздің түсінуімізге қиын мағыналы суреттер салынған. Олардың тарихы екі жарым мың жылдарға созылып жатқаны ғылымда дәлелденген. «Таңбалы тас» петроглифтерін Алтынемелдің көптеген жерінен кездестіруге болады. Алтынемелдегі «Қасқырсай» шатқалындағы «Үңгіртас» аталатын тау қуысын жергілікті жер «Қаша» (қора) атап кеткен. Бұл да осы таудағы табиғат жаратқан ғажайып құбылыстың бірі. Кіреберісінің биіктігі 25 метрден тұратын үңгірді ерте заманда адамдар мекендесе керек. Оны осындағы петроглифтердің көптігі дәлелдей түседі.



Сақ дәуірінің белгісі болып б.з.д. бірінші ғасырға жатқызылатын ең көне ескерткіш «Бесшатыр» қорғаны жатыр. Алыстан қарағанда бес төбе болып көрінетін олар жанына келгенде биіктігі – 20–25 метр, диаметрі – 100 метрлік үйінді тастар болып өз құпиясымен қарсы алады. Бұны тарихшылар «Сақ хандарының қабір орны» деп те атап жүр. Оның көлемді саналатын үлкенінде сақтардың ең көрнекті көсем қолбасшысы өз соғыс қару-жарақтарымен, тұрмыстық заттарымен бірге жерленген. Келесі төбелерге де басқа қолбасшы әскери тұлғалар белгілі тәртіппен қойылған. Себебі бұл қорған-төбелер бір-бірімен жер асты жолдары арқылы байланысып жатыр.

Алтынемелдің тағы бір табиғи құпиясы – «Айқайқұм». «Үлкен Қалқан» және «Кіші қалқан» тау жоталарын бір-біріне қосылуына кедергі келтіре, созыла түсіп жатқан ұзындығы – 3 км, биіктігі – 150 метрлік құмды жота. Аңыз бойынша бұр жерге «Шыңғысханның бар байлығы әкелініп, үйіліп, оны құммен жапқан» деседі. Ол байлықты ешкім ала алмайды. Себебі құмның дәл сол тұсында екі бірдей иірімді құрдым бар. Не зат түссе де, бірден сусымалы құм өз ішіне тартып әкетіп, жұтып қояды екен. Сондықтан қасиетті саналатыны да бар. «Айқайқұмнан» шығатын гуілдеген дыбыс құм ән салып жатқандай болып 3–5 км қашықтықтан естіліп тұрады.

1858 жылы ұлтымыздың дана ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов Қашқарияға жасаған сапарында осы Алтынемелде бір түнеп, бұлағынан су ішкен. Атақты ғалымның жерленген жері мен Ш.Ш. Уәлихановтың тарихи-мемориалдық мұражайы осында орналасқан.

Бұл үлкендігі жағынан Қазақстандағы ең ірі саябақ болып саналады. Ұлттық саябақ территориясы 520,2 мың га жерді алып жатыр. Саябақ аумағындағы 56 түрлі жаңуар Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Алтынемелде адам аяғы баспаған өз бірінші қалпындағыдай жерлерді көруге болады. Табиғи қорықтың бірегейлігі – барлық қайталанбас табиғи кешеннің ежелгі археологиялық және тарихи ескерткіштердің, флора және фаунаның сирек кездесетін түрлерінің, экотуризмнің сақталуы. Табиғатта сирек кездесетін құландар мен Пржевальский жылқысы дүниежүзінде бірнеше зообақта ғана сақталса, соның бірі – осы.


Осы тарихи және табиғи жерді қорғау үшін 1996 жылы «Алтынемел» ұлттық мемлекеттік табиғи саябағы ұйымдастырылды. Басты мақсаттылық ретінде бірегей табиғат кешенін сақтауды, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауды, азайып бара жатқан әрі сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтап қалуды және экологиялық туризмді дамыту саясатын атауға болады.



АЛТЫН ОРДА

Алтын Орда – көп ұлтты мемлекет. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен ұлыстар кірді. Алтын Орда халқының көп бөлігін көшпелілер құрады. Оның ішінде қыпшақ, қаңлы, найман және басқа да түркі тайпалары болды. Ал отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, шеркестер, хорезмдіктер т.б. кірді. Алтын Орда мемлекетінің аумағына Батыс Дешті Қыпшақ даласы, Еділ бұлғарларының жері, Қырымды қоса алғанда Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі енді. Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату (Астрахань маңында), кейіннен Сарай-Берке қаласында болды.

Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Орда оң және сол қанатқа бөлініп, Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанаттың құрамына кірді. Алғашында Алтын Орда Монғолиядағы ұлы ханға тәуелді болды. Алайда Батыйдың інісі Берке ханның (1256–1266 жж.) тұсында тәуелсіздікке қол жеткізіп, одан кейінгі Мөңке хан (1266–1280 жж.) өз атынан теңге шығара бастады.



Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет болды, ол берік мемлекеттік бірлестік болмады. Оның халқы ала-құла, әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әрқелкі, экономикалық негізі әлсіз еді. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы қатынастар асқына түсті. Алтын Орданың мемлекеті өз ішіндегі қайшылықтарды былай қойғанда орыс князьдіктерімен, Ирандағы Құлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстар жүргізеді. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе Өзбекхан (1312–1342 жж.) мен одан кейінгі Жәнібек ханның (1342–1357 жж.) тұсында күдіреттілігі артқанымен XIV ғ. екінші жартысында ішкі алауыздықтан әлсіреп, XV ғ. ортасына қарай біржола құлады.

Тоқтамыс хан өз кезінде Шыңғыс тұқымдары арасындағы 25 жылға созылған таққа таласқан күрестерді тоқтатып, біраз уақыт Көк Орданың, Хорезмнің, қажы Шеркестің, Астраханның және Мамай ордасының Алтын Ордан қол үзуді көздеген бөлшектену пиғылдарын іске асырмай тастады. Тоқтамыс сонымен қатар сыртқы байланыстарға да көңіл бөліп, Мысыр елімен арадағы дәстүрлі қарым-қатынасты қалпына келтірді. XIV ғ. аяқ шенінде, яғни 1391–1395 жылдары Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей етіп, екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң ол бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы одан әрі қажытты. XV ғ. бірінші жартысында онан бұлғарлар, Қазан (1445 жылы) мен Қырым (1449 жылы) бөлініп шықты. XV ғ. ортасына қарай Астрахань, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы құрылса, 1480 жылы орыс князьдіктері моңғолдардан толық тәуелсіздік алды. Басқаша

айтқанда, атақты Алтын Орданың орнында «Үлкен Орда», «Қазан хандығы», «Қырым хандығы» деп аталатын жаңа мемлекеттер пайда болды. Мұндай бөлініс этникалық тұрғыдан жаңа жіктелулерге жол ашты. Енді өздерін «өзбектерміз» деп атайтындар татарларға, маңғыттарға және көшпелі өзбектерге жіктеле бастады. XV ғасырдың соңына қарай мұндай жіктеліс тереңдей түсіп, татарлардың өзі Қырым, Астрахань және Қазан татарларына бөлшектенсе, ал көшпелі өзбектер ноғайларға (маңғыттарға) және қазақтарға бөлініп кетті. Алтын Орданың мұрагері болып есептелген Еділдің жоғарғы жағындағы Үлкен Орда 1481 жылы кіші Мұхаммедтің ұлы Ахмет хан қайтыс болған соң, «Астрахан хандығы» деп аталды.

Алтын Орда мемлекеті ислам дінін мемлекеттік идеологияға айналдырып, халқы ислам дінін қабылдады. Осының нәтижесінде көп ұлтты халық этникалық белгілеріне қарап тұтастанудан гөрі, идеологиялық рухани бірлікке қарай топтаса бастады. Мұсылман дінінің мемлекеттік идеологияға айналуы, мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертуі, мемлекетті басқару жүйесіне де түбегейлі өзгерістер әкелді. Рулық, тайпалық, жүздік құрылымдар хандық, этникалық бірлікке емес, рухани-идеологиялық бірлікке негізделіп топтастырылды. Хандық бірлік қыз алыспайтын шеңберде ғана қалдырылды. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр де елеулі өзгерістерге ұшырады. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастарға тыйым салынды. Ол өз кезегінде әйелдердің қоғамда еркін жүріп-тұруына мүмкіндік туғызды. Әйел баласына қатынас тек сыйластыққа негізделді. Қоғамда әйелге деген ерекше сыйқұрмет қалыптасып, әйелді, апа-қарындасты халық арына балады. Бүгінгі күнге дейін жетіп отырған шешендік, жыраулық дәстүрдің қалыптасуы да осы Алтын Орда дәуірінде болған деп айтуға негіз бар.

Алтын Орда мемлекетінің ыдырауымен тарих сахнасына шыққан, қазақ даласында бой көтерген Қазақ хандығы түркінің өршіл рухы мен өзінің рухани, мәдени дербестігін сақтап, мұсылманшылық жолды қадір тұтты.

Бүгінгі өз мемлекеттігін қалпына келтіріп, тәуелсіз ел болған қазақ халқының рухани, мәдени түсінігінде Алтын Орда ұғымының алатын орны ерекше. Өзінің өткеніне баға беріп, жеңісімен мақтанып, жеңілісінен сабақ алатын дәрежеге жеткен Қазақ елі Алтын Орданы түркінің рухани әлемінің ислам негіздерімен тұтастыра өрілген бүкіл болмысының бастауы деп түсінеді.



АҢЫРАҚАЙ

«Аңырақай шайқасы» – 1729 жылы біріккен барша қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі. Жоңғарларға қарсы қазақ халқының тарихта 1723–1730 жылдардағы Отан соғысы дәрежесіне дейін бағаланатын күресінің жеңіспен аяқталуында Аңырақай шайқасы аса көрнекті мән атқарды. Ол туралы қазақтардың дәстүрлі ауыз әдебиетіндегі көптеген тарихи жырлар және көрнекті тарихшы ғалымдардың зерттеулері бар.

1726 жылы Болат хан үш жүздің хандары (Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр), билері мен батырларының, сұлтандарының басын қосып, Ордабасыда өткен жиында Әбілқайыр хан бас қолбасшылыққа тағайындалып, жауға қарсы жаңа стратегиялық шабуыл ұйымдастыру келісілді. 1728 жылдан бастап жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресте түбірлі бетбұрыс жасаған Игішпестің Алакөлінің маңындағы ауыр шайқасқа даярлық жүрді. Балқаштан 120 км жердегі бұл көл қазір «Сорқұдық» деп аталады. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген бүкіл үш жүздің жасақтары Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде жоңғарлар қазақ жерін тұтастай иелену ниетінде еді. Қазақтардың әрекетін сезген олар да Шу мен Балқаштың оңтүстігінде үлкен шеп құрды. Аңырақай шайқасының





ұрыс қимылдары болған алқап 200 километрдей жерді алып жатты. Оны ғасыр шайқасы деуге болады. Ол қазақтың орталық даласының және оның оңтүстігінің таулы әрі шөлейт аудандарының шекарасында өткен. Сардарлар мен батырлар мұндай жерді кездейсоқ таңдап алмаған. Шайқас өтетін жер дұшпанды талқандау жөніндегі ойдың жалпы айла-тәсіліне орайласқан, егер жеңіліс тапқан жағдайда Іле өзенінің басына дейін шегініп күш жинақтауға мүмкіндік беретініне дейін ойластырылған. Балқаштың Солтүстік батыс жағында өткізбейтін Шу–Іле таулары созылып жатыр. Жел Қызылқұммен Мойынқұм жағынан да соғады. Аңырақай тауларының қасында Делдітау, Желдібел орналасқан. Аңырақай тауларында жел адамның аңқасын кептіре аңырай соғатын ыстық жел де ескерілген. Сонымен бірге халық Аңырақайда жеңіліс тапқан «жоңғарлар аңырап жылаған жер» деген аңыз шығарған.

Үш жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында (кейін Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Шайқас солтүстігі Балқаш, оңтүстігі Отар даласы, батысы Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықтағы жерлерде өткендігін осы өңірлерде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдарының көптігі дәлелдейді. Тарихта Аңырақай аталатын осы өңірде шамамен 40–45 күн бойы жүрген бұл шайқаста қазақ қолы ірі жеңістерге жеткен. Үш жүз жасақтарының соғыс қимылдарын басқаруды бас қолбасшы Әбілқайыр хан жүзеге асырды. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндігін

көрсетті. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, Шапырашты Наурызбай, Орта жүз қолын Қаз дауысты Қазыбек, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Кіші жүзді Тама Есет, Шекті Тайлақ және тағы басқа батырлар басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саурық батыр басқарды.

Шайқас жекпе-жекпен басталды. Бұл шайқаста көптеген батырлар жекпе-жекке шықты. Жоңғарлар жағынан ортаға талантты әскербасы, қоян-қолтық ұрыстың асқан шебер жауынгері Шарыш шықты. Қазақ қолынан оған қарсы жекпе-жекке жиырма жастағы «Сабалақ» деген бүркеншік атпен жүрген болашақ кемеңгер хан болатын жас Абылай сұранды. Абылай нақ осы жекпе-жекте өзінің қаһарлы қарсыласын жеңіп, есімін мәңгілік даңққа бөлеген. Тарихшы М. Тынышпаев кейін «сол кезде Абылай өзгелерден асқан зор батылдығымен, батырлығымен асып түсті» деп жазады. Далалық соғыс өнерін жақсы меңгерген қазақтардың соққысынан есін жия алмаған қалмақтар шөл далаға тап болып, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Шайқастың сәтті басталуы қазақ жауынгерлерін жеңіске жігерлендірді. Сөйтіп, олар бұл шайқаста жеңіп шықты. Майдан даласында мыңдаған қалмақ әскері қаза тапты. Көбі қырылып, жаралы болып жаны шықпай жатқан жау әскерінің аңыраған дауысы бірнеше күн даланы басына көтерді. Содан да бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті.

Қазақтар бұл соғысты түпкілікті нәтижеге дейін дамыта алмады. Оған шайқас соңында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ үшін талас кедергі келтірді. Тарихшы ғалымдардың «Аңырақай шайқасынан» кейін қазақ хандары мен сұлтандарының арасында жік тууының негізгі себебі жоғарғы билік үшін талас болды деп топшылауының негізі жоқ емес. Бірақ «Аңырақай шайқасы» халық санасындағы бетбұрыс болды. Рухы көтерілген халық жоңғарларды жеңуге болатынын түсінді. Айбынды жеңіске қарамас-тан, жау әлі де күшінде болатын, сондықтан кейінгі жылдарда да оларға қарсы ұзақ әрі титықтатын күрес күтіп тұрды. Бірақ Аңырақай шайқасындағы жеңіс қазақ халқының күрескерлік рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Аңырақайдағы жеңіс тәуелсіздікті аңсаған қазақ елінің тұтастығын сақтап қала алатындығын айқын дәлелдеді. Халқымыз үшін «Аңырақай шайқасының» тарихи маңызы орыстардың Бородино даласындағы, Еуропа біріккен қолының Ватерлоодағы, Екінші дүниежүзілік соғыстағы Сталинград қаласы түбіндегі жеңістерімен бірдей дәрежеде бағаланады.




АРАЛ

Қазақтың қай жері де тарихтан, киеден кеңде емес. Сырдың алтын моншағы, көгілдір айдынды Арал жерінің тарихы мен тағылымы сабақтас көрінеді. Кезінде елдің елдігін, жердің кеңдігін жаудан қорғап, даудан сақтаған батырлар мен шешендердің мекені болған жер. Бүгінгі ұрпақ осынау рухани мол қазынаны зерделеп, саралап қана қоймай, өркениет көшімен ілгері алып келеді. Қазақтың Зейнолла Шүкіровтей аяулы ақыны:

«Кіндігім бірге Аралмен,
Теңізден тыныс алам мен.
Ақ пейіл ана секілді,
Алдымда жатыр далам кең!

Сырласып жібек самалмен,
Желпінсе жүрек жаңа әнмен.



Теңізше жаным кең шалқып

Теңізше толқып қалам мен!» –

деп толғаныпты. Иә, Арал – иісі қазақтың тілеуіне айналған бақ мекен. Арал теңізі, көк айдын бетіндегі балықшылар өмірі, теңіз маңындағы елді мекен, қарапайым халықтың тағдыры қарасөздің хас шебері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парыз» сынды атақты романдарына арқау болған.

Арал – қазақтың сахарасына айналған мекен. Заманында ең үлкен көл болған, нулы да сулы бұл теңіздің мөлдірі лайланып, арнасына құятын өзендер мен тоғандар тартылғандықтан, Арал адамзаттың қасіретіне айналды. 1960 жылдан бері Арал теңізінің суы тартылып, айдынның мәні де, сәні де кеткен еді. Бірақ Сыр өңірінің негізгі тіршілік көзі болған алып көлдің экологиялық апатқа ұшырауына алаңдап, оның жағдайын шешуге бүкіл халық белсене кірісті.

Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы Арал теңізінің ортасындағы осы аттас жерде алғаш 1929 жылы қорғалым ретінде пайда болса, 1939 жылдың 10 желтоқсанынан бері өзіне лайық статуска ие. Сол уақытта Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің №973 қаулысы негізінде қаз тұрған бұл құрылымның тұрақ тепкен жері өте қолайлы мекен болатын. Оның ең биік бөлігі теңіз деңгейінен 100 метрге дейін баратын...

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басынан Сырдария және Әмудария өзендері арқылы Арал теңізіне келіп құятын судың мөлшері күрт азая бастауына байланысты теңіздің бірте-бірте тартыла түсуі мұндағы қорықтың да жағдайын нашарлата берді. Ақырында мұндағы Барсакелместің «Арал» атанғаны тарихтың тұнбасында қалды. Өйткені теңіздің шығыс жағалауы құрлықпен қосылып кетіп, қорықтың елден ерек ерекшелігі естен шықты. Соған қарамастан, осындағы өз істеріне ерекше берілген жайсаң жандардың жанқиярлық еңбектерінің арқасында атақты қорық жай тіршілік етіп қана қоймай, алғы күнге асқақ міндеттер тұрғысынан қарауда.

Арал өңірі тұрғындары арасында Барсакелмес төңірегінде аңыздар көп. Солардың бірі былай баян етіледі. Баяғыда осы маңайда тұратын тайпалар арасында жаугершілікке тыйым болмай бара жатқаннан кейін Ләтпай деген кісі бастаған ру адамдары құлақ естіп, көз көрмеген алыс жаққа кетіп қалуға қам жасайды. Сонда бұларға теңіздің қақ ортасындағы суы тұщы, шалғыны шүйгін, балығы мол, алуан түрлі аң-құсы бар, сексеуілі қалың ғажайып аралға өтіп кетуді ұсынушылар табылады. Бұлар мұз қатқанда күзер жасап, соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады. Сол мақсатта Изенді ондағы табиғатты ақ жартас түбін паналап, шолпанның тууын күтіп отырғандарында, олар жаққан оттың маңайына жыртық шапанды, тесік тымақты бір ақсақал келіп, Ләтпайға қарап: «Ол аралдан қорықпаңдар, онда зұлымдық жоқ, қасқыр жоқ, адамдар жоқ. Аралда табиғатты сақтасаңдар, бақытты да ұзақ өмір сүресіңдер. Ұрпақтарың ештеңеден зәрулік көрмейді. Мыңғырған мал болады. Аң-құсты өлтірмеңдер. Аққуларға тимеңдер», – дейді. Осыны айтқан қария заматында қараңғылық қойнауына сүңгіп жоқ болады. Ләтпай оның Қыдыр екенін іштей сезеді. Ал төбеден шолпан көрінген сәтте тайпа түгел орнынан



қозғалып, мұзды көпір – күздердің үстімен тізбектеліп жүріп өтіп, аралдың қойнауына барып түседі. Қысты осы аралда жақсы өткізген Ләтпайдың жұрты көктемге қарай тойына бастайды. Қыдыр атаның айтқандары айдай келіп, көп ұзамай олар байи бастайды. Осы ұзақ аңыздың ақыры аралдағы ағайынның жылдардың жылы баяғы қарияның өсиетін естерінен тарс шығарып, сексеуілді отап, аң-құсты қырып, аққуға ауыз сала бастауы салдарынан бір түнде маңайды түгел ордалы жыланның жалмауымен аяқталады. Аңыз бойынша сол қырғыннан сегіз жасар бала ғана аман қалыпты. Шамасы, елді түгел харап етуге ертегілерге тән есті сарын жол бермесе керек (Е. Байтілес).

Барсакелмеске ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеу ХІХ ғасырдың орта тұсына қарай басталды. Алғаш 1831 жылы орыс ғалымы Р. Левшин Арал теңізінде осындай аралдың бар екенін анықтап, картаға сызбасын түсіреді. Патша үкіметі 1848 жылы Арал теңізінің аумағын зерттеуге бірінші экспедиция шығарып, оған басшы етіп әскери теңізші Алексей Бутаковты тағайындайды. Сол жылғы мамырдың ортасында Ор бекінісінен шыққан керуен айдан аса мерзімде Арал теңізінің жағасына жетеді. Жаз ортасында теңізге бет қойған саяхатшылар әуелі Көкаралға аялдап, содан соң оның арғы жағындағы Барсакелмеске жүзіп барады. Осыдан кейін бұл жерге зерттеуші Л.Бергтің табаны тиеді.

Айдынды Арал зерттеушілерді өзінің керемет табиғатымен таңғалдырады. Оның табанын түгел жасыл желек жапқан. Тұщы суы бар көлдер көп. Мұндағы өсімдіктердің көпшілігі басқа жерде мүлдем кездеспейді. Экспедиция жетекшісі аралда құстардың 200 түрі бар екенін жазады. Жыландар мен кесірткелер, шаяндар мен бүйілер өріп жүрген. Сексеуілді паналаған жайрандар мен ақбөкендер тіпті, адамнан үрікпейтін болған. Сол кездері бұл жер шынында да таңғажайып қойнау болғанға ұқсайды.

АСТАНА

Астана – Қазақстан Республикасының бас қаласы, Отанымыздың жүрегі, Сарыарқаның төсіндегі тарихқа толы өңір, ел ордасы ретінде ең жас қала. Осы анықтамалардың әрқайсысы ел ордасына айналып отырған қаланың ресми, тарихи, саяси, мәдени, ғылыми, рухани маңызын ашып береді.

Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Елбасы: «Осында, ежелгі Сарыарқа жерінде, тек астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды. Біздің елордамыз Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы болып табылады», – деп қаланың халқымыздың өміріндегі айрықша орнына тоқталған болатын.

Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.



Астана – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Қазіргі уақытта Астананың аумағы 722 шаршы шақырымнан асады, тұрғындар саны – 853 мыңға жуық. Қала үш ауданнан – «Алматы», «Сарыарқа» және «Есіл» ауданынан тұрады.

Еуразия құрлығының ортасында қолайлы орналасуы Астананы экономикалық тұрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды. Ел астанасын ауыстыру Астананың экономикалық дамуына қуатты серпін берді. Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары. Шаһардың өнеркәсіп өндірісі негізінен құрылыс заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған. Астана Қазақстанда құрылыс металл бұйымдарын, пайдалануға дайын бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді.

Қала Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Кәсіпкерлік мәдениеті қарыштап дамып келеді. Астанада 128 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді. Елорда құрылыс ауқымы жөнінен елде көш бастап тұр. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Астана құрылысына жүздеген отандық және шетелдік құрылыс компаниялары қатысты. Астананың сәулеткерлік тұжырымдамасын жасау барысында Нұрсұлтан Назарбаевтың елордада Батыс пен Шығыстың мәдени дәстүрлері үйлесім тапқан ерекше еуразиялық стиль қалыптастыру идеясы негізге алынды.



«Бәйтерек» кешені жаңа елорданың басты символына, оның өзіндік бойтұмарына айналды. Өзге де бірегей сәулеткерлік ғимараттар қатарында «Бейбітшілік және келісім» сарайын, әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат – «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығын, теңізден алыс орна-



ласқан океанариум – «Думан» орталығын, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрын, Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешітін, «Қазақстан» орталық концерт залын, «Қазақ Елі» монументін, қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараттарын атауға болады. Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Тағы бір маңызды спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны.

Қазақстанның елордасы елдің барлық өңірлеріндегі талапкерлер үшін тартымды орталыққа айналды. Мұнда отандық білім беру ісінің жетекшілері – Назарбаев Университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық уни-

верситеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті орналасқан.

Астананың айналасында бірегей «жасыл белдеу» жасалып, қала ұлан-ғайыр далалық өлкенің ортасындағы шұратқа (оазис) айналып келеді. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің идеясымен іргесі қаланған жаңа елорда қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналып отыр.

Бүгінде Астанада, Қазақстанның барлық өңіріндегі сияқты жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Халықтар достығы, өзара түсіністік және ынтымақтастық – Астананы және жаңа Қазақстанды құрудың негізі болып отыр.



АЯГӨЗ

Аягөз өзені мен аймағының тарихи атауы осы өзеннің атына байланысты қойылған. Ғалымдар оны көне жазба ескерткіштерде түркілер құрамында кездесетін «ай» деген тайпаның атауы мен түркіше «өгөз», «өзен», яғни «ай руының өзені» дегеннен пайда болған деп топшылайды. Түркіше ая – «әдемі» және «гөз/көз» деген нұсқа кең таралған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

«Аякөз деген аядай бұлақ деседі.


(Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді?)

Аякөз болып ғасырлар алға көшеді,

Аякөз жері – Арулар елі кешегі!» –

деп тебірене жырлауының себебі де осында жатыр. Төсіне «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күмбезін қондырып махаббат жырын шырқаған, төскейінде батырлар тұлпарының тұяғы азаттық үшін дүбірлеген Аягөз ғой бұл!

Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» («Бес тарих») атты кітабында «Аягөз – өскен жеріміз, Найман – жүрген еліміз» деп тіліне тиек еткен Аягөз өңірінің тарихы сонау көне замандардан басталады. Қазақ тарихында болған небір айтулы оқиғалардың куәсі десек те болады. Ұлтымыздың елдігі мен ерлігіне сынға түскен қазақ-жоңғар шайқасының шешуші ұрыстары да осы өлкеде өтті. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Боранбай би, Ботақара,



Жауғаш, Шыңғожа, Шақантай, Қазымбет сынды хас батырлар бастаған қазақ қолы жеңіске жетіп, 1754 жылы Мамырсу өлкесінің бойында Абылай хан мен Ер Жәнібектің қатысуымен тарихқа мәлім Қандыжап бітімі жасалды. Қытай мемлекеті арадағы алғашқы бейбітшілік бітімгершілікке осында қол қойылды. Соның негізінде қазақтар өздерінің ежелгі ата мекені Жетісу, Тарбағатай, Алтай өңірлерін иеленіп, шығыстағы шекарасын бекітті.

Аягөз өлкесі тарихи жәдігерлер мен ескерткіштер, жазба таңбаларға өте бай. Онда 18 тарихи ескерткіш, оның ішінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ескерткіші, «Балтабек қажы» мен «Барақ сұлтан» кесенелері, «Шақантай батыр мазары», «Әулие қыз зираты» ел-жер тарихынан сыр шертетін аңыз-әпсаналардың шежіресі іспеттес. Орыс отаршылдығына қарсы ақиқат жырын аспандатқан Дулат Бабатайұлы, ұрпағынан он жеті ақын тараған Байғара мен әділдіктің ақ туын желбіреткен Ақтайлақ билер, айтулы тұлғалар Шыңғожа батыр, Әріп Тәңірбергенұлы шыққан касиетті аймақ.

Бұл өлкенің осылай аталуына себеп болған Аягөз өзені Тарбағатайдың биік жотасынан бастау алады да, Балқаш көліне құяды. Өзеннің ірілі-ұсақты

салалары деп Балықты, Нарын, Батпақты, Айғыз, Құрайлы, Таңсық және т.б. атауға болады. Дулат ақынның:

«Тауды екіге жарасың,
Тастың қашап арасын.
Кесіп өтіп кезеңді,
Тарбағатай тауынан
Тоқсан сала қосылып,
Тоғыз өзен түйісіп,
Ақтың төмен жосылып.
Ағының тасты ағызып,
Арнаң қалды осылып.
Қырға суың тарады,
Ойға суың барады
Аягөз сенің бойыңда
Несібе ырыс тегіс қой,
Сай-салаң толған жеміс қой
Қырың малдың кіндігі
Ойың өнім егіс қой.
Айтуға ауыз келе ме
Аягөз кімнің жері еді?» –

дейтін өлеңінде өлкенің өткен тарихының шерлі келбеті жатыр.

Ал бүгінгі Аягөздің еліміздің шығыс шекарасын күзетудегі рөлі мен маңызы өте ерекше. 2000 жылы осындағы әскери құрамаға халқымыздың хас батыры Қаракерей Қабанбайдың есімі берілді. Осы әскери гарнизон халқымыздың ерлік дәстүріне сай екендіктерін үнемі көрсетіп келеді. Аягөз өңірінде туристік орталықтар ашу арқылы тоғыз жолдың торабы болып отырған шежірелі өлкеде бабалар басына апарып өнеге алу, батырлардың айтулы ерлігін болашақ ұрпаққа паш ету – тек қазақ үшін ғана емес, әлем халықтарының зор қызығушылығын тудыратын бастама болмақ. Сонда ғана Мұқағали ақын айтқандай, «Аякөз болып ғасырлар алға көшеді».



БАЙҚОҢЫР

Ата-бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан өзенін мақтан еткен, қорғап-сақтап бізге мұраға қалдырған. Сондай ата-бабамыздан аманат болып қалған жердің бірі – Байқоңыр.

Байқоңыр – Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан шағын әрі әсем қаланың, сондай-ақ әлемдегі ең үлкен ғарыш айлағының аты. «Байқоңыр» атауының пайда болуы туралы ел аузындағы аңыз былай деп сыр шертеді:

Сыр бойының бір байы бойжеткен Қоңыр атты қызын көрші отырған назар деген рудың жігітіне ұзатады. Келесі жылы елде үлкен жұт болып, көп ауылдың малы қырылып қалады. Малынан айырылған ел жұтап, кедейшілікке ұрынады. Қарындасының амандығына алаңдаған қыз ағасы жолға шығып, құдасының ауылына келсе, олар қыстан аман-есен шыққан екен. Қарындасы мен күйеу баласы алдынан шығып, күтіп-баптап жақсылап қонақ етеді. Қайтарында қарындасы: «Аға, ел жұттан жапа шегіп жұтап жатса, мына малдан мал алып кет, жылқыдан жылқы алыңыз», – деп бір қора малды алдына салып береді. Ағасы малды ауылына айдап әкеліп, ағайындарына таратады. Жұрт: «Мұны қайдан алып келдің?» – деп сұрайды. Сонда ағасы: «Қоңырдың барған жері бай екен, қыстан аман-есен шығыпты, сол бай Қоңыр қыздарыңыз берді», – деп





жауап береді. Оны естіген жұрт: «Біз де құдаларға барып келейік, ең болмаса бір ат мініп келерміз», – деп жолға шығады. Барғандардың ешбірі құр қол қайтпапты. Содан Қоңыр деген қыздың барған жері бай болған соң, осы жер «Байқоңыр» деп аталып кеткен екен.

Тағы бір дерек көздеріне сүйенсек, «Байқоңыр» атауы туралы мынадай мәлімет бар. КСРО басшылығы негізгі ғарыш айлағы орналасқан жерді құпия ұстау үшін ойлап тапқан. Бұл нүктенің шын атауы – Төретам. Айлаққа Байқоңыр атауы Гагарин ұшқаннан кейін берілген. 1954 жылы Капустин Яр полигонының бастығы Василий Вознюк бастаған арнайы комиссияға жаңа ғарыш айлағын салатын жер іздеу тапсырылады. Комиссия КСРО-ның кең байтақ жерін зерттеп, нәтижесінде Қызылорда облысының елсіз шөлейтті жерін таңдау ұсынылады. Комиссияға солардың ішінде темір жол желісі таяу орналасқан Төретам бекеті ұнайды. Бұл атау жасырылып, оған Байқоңыр атауы беріледі. Бұл аумақтың негізінен өзге аумақтардан бір өзгешелігі – оңтүстікте орналасуы, екіншіден, жердің тәуліктік айналуына сәйкес келуі, оның үстіне ұшу алаңының экваторлық белдеуге тұспа-тұс келуі оңтайлы болады. Үшінші, басты талабы космодромды өзге көздерден сақтау еді. Ол ұзақ уақытқа дейін көзден таса, құпия түрде жасырылып келді. Ғарышқа алғашқы ғарышкер ұшырылғанда халықаралық ұйымдар: «Гагарин қайдан, қай жерден ұшты? Оны тіркеу үшін ұшқан жерін нақты айтыңыздар», – деген талаптар қойды. Сол кезде оны құпия ұстау үшін Сырдария жағасындағы Төретам бекетін жасырып, көрші Жезқазған облысындағы Қарсақбайдың жанындағы «Байқоңыр» деген

жерді атап жібереді. Содан бері тұңғыш ғарышкер ұшқан жер «Байқоңыр» аталып кетеді.

Байқоңырдың ұшу трассасы Арал теңізінен Камчатка түбегіне дейін созылып жатыр. Адамның аспанға самғауы Байқоңырдан бастау алды. 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Гагарин Юрий Алексеевич «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Байқоңырдан Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық станциялары т.б. ұшырылды. 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Қазақ ғарышкері Т. Мұсабаев ғарышта екі рет болды. Одан соң қазақтың үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов көкке көтерілді.

Байқоңыр алаңын салуға әр жылдары түрлі мамандықтағы көптеген қазақстандықтар қатысты. Олардың арасында Байқоңыр ғарыш алаңының қызметкерлері Қ. Тоқмұхамедов, Б. Межіғұлов, Т. Уәшев, К. Әбілғазин т.б. болды. Байқоңыр ғарыш алаңы 1991 жылы Қазақстан Республикасының иелігіне өтіп, кейін Байқоңыр Ресей Федерациясына жалға берілді.

Адамзат баласының ең алғаш аспан әлеміне аяқ басуына жол ашқан Байқоңыр ғарыш айлағын бүгінде әлемде білмейтін жандар кемде-кем. Ол – Қазақстанның ғана емес, бүкіл адамзаттың мақтанышы. Байқоңыр арқылы Қазақстанды, қазақ ұлтын әлем таныды, мойындады.



БАЛҚАШ

Балқаш – халқымыздың тарихында құтты мекен мағынасындағы ұғыммен байланысты аталатын жер көл атауы. Мал шаруашылығымен көшпелі өмір салтын кешкен ата-бабамыз үшін бұл көлдің мән-маңызы ерекше. Себебі қазақ даласының солтүстігі мен солтүстік-шығысы және Сарыарқада қыста қатты жұт болғанда ел-жұрт жылқы мен қой малын Балқаштың қалың қамысы мен қоғасына әкеліп аман сақтаған. Оған көлдің ұлан-ғайыр Ұлы далада территориялық тұрғыда орналасуы мен климаттық ерекшелігінің де әсері болған. Қазіргі Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстары шекаралас жерлер аймағындағы жағалауларын өз асау толқындарымен құшып жатқан алып жатқан табиғаттың құпиялы сыры мол көлдің тарихы да шежіреге толы. Аңыз-әңгімелер мен эпикалық жырларда ол Көкше теңіз деген атпен белгілі. Маңайындағы жергілікті жұрт кейінге дейін де оны осы атаумен атап та келді. Ал Балқаш аталуы шамамен ХІХ ғасырдың бас кезінде болған. Даланы ауызша тарихнамасы бойынша қазірге жеткен аңыз оны былайша дәйектейді.

«Көкше теңіз жағасында мыңғырған мал байлығымен қоса сән-салтанаты жараса атағы шыққан бір бай адам болыпты. Оның ай десе аузы, күн десе көзі бар Балқаш атты бойжеткен қызы болса керек. Ата-салт бойынша қыз жөргекте жатқанында-ақ бесік құдалықпен өзіне теңдес бір байдың ұлына атастырылып қойылған. Арқаның бір сері жігіті ел арлап жүргенінде бой жетіп



қалған Балқашқа көзі түсіп, көңілі ауады. Тілектері табысқан екі жас ғашықтық дертіне душар болады. Жасырын құпия кездесіп жүргендері барша жұртқа жария бола бастаған соң, қыз әкесі Балқашқа үйден шығуға тыйым салып қамап ұстайды да, құдасына хабар салып тездетіп ұзатудың қамын жасайды.

Ғашығымен кездесуге келген сері жігітті аңдытып ұстатып алып, Балқаш қыздан бас тартуға үгіттейді, ол көнбеген соң ұрып-соғып қинайды. Ғашығына берген уәдесінен таймай, өз сүйгеніне деген махаббатына опасыздық жасамаған жігітті байдың бұйрығымен қол-аяғын байлап, зорлықпен көлге батырып өлтіреді. Өздеріне тілеуқор құрбы-құрдастан бұл қатыгездікті білген Балқаш қыз «егер жер бетінде бізге қосылуға шара болмаса, онда екеуміздің мекеніміз теңіздің терең тұңғыығында болсын, махаббатымызды оның толқындары тербетсін» деген берік шешімге келеді. Атастырылған күйеуіне ұзатылатын түні Балқаш қыз түн ішінде қашып шығып, сүйген жігітінің денесі жатқан теңіз толқындарының тұңғыық тереңіне батып өледі. Осылайша ғашығы үшін өлімге бас тіккен жігіттің ерлігі мен қорлық өмірден гөрі сүйгені үшін ажал құшқан арудың батылдығы теңіз аймағындағы жалпақ жұртқа жария болды. Осыдан бастап ел ортасында теңіз «ғашықтар көлі», «махаббат көлі» аталып жүрді де, соңында «Балқаш қыз батқан көл» дей келіп, ақырында «Балқаш» атауы біржола орнықты.



Ұлы даладағы тарихи дерек бойынша ел аузында тағы бір әпсана бар. Ол көлдің қасиетті, киелі екенін танытуға байланысты айтылған. «Егер ұл перзентке зар болған отбасы бар малын жұртқа таратып беріп, Балқаш көлін үш рет айналып шықса, онда ұлды болады» деген халықтық наным-сенім де ел жадында сақталып қалған. Балқашты алғаш зерттеуші Клапрот, швед картографы И. Ренат карталарында, П. Рихтгофен, А. Гумбольдтың ғылыми еңбектерінде Көкше теңіздің «Балқаш» деп жазылуына осы аңыз-әпсаналар бойынша аталуының сыры жатыр.

Қазақстанда көлемі жағынан Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орын алатын Балқаш – табиғат жаратылысындағы өзіндік құпия сырымен ерекшеленетін көл. Себебі жартысы ащы, жартылай тұщы көл болып араласпауы – таңданарлық құбылыс. Ғалымдар оны суының химиялық құрамы көл алабының гидрографиялық ерекшеліктерімен байланыстырады. Көлдің ортасындағы Сарыесік түбегі Балқашты екіге бөледі, гидрологиялық және гидрохимиялық жағынан бір-бірінен өзгеше батыс және шығыс бөліктері ені 3,5 км Ұзынарал бұғазымен жалғасады. Балқаштағы су құрамының минералдылығы мен тұздылығы шығысы мен батысындағы екі бөлікте екі түрлі болып келеді. Көлге ағып келетін судың батыс бөлігінің суы тұщы, түсі сарғылт-сары, лайлы. Шығыс бөлігінің суы тұздылау, теңіз суына тән түсі көгілдір, ашық көк. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалыңдығы аязды қыс жылдары 150 см-ге дейін жетеді.

Көл ауданы – 17–22 мың км², ұзындығы – 600 шақырымнан астам, ені – шығыс бөлігінде 9–19 км, батыс бөлігінде 74 кмге жетеді. Суының көлемі – шамамен 100–110 км³. Су жиналатын алабы – 500 мың км²-ге жуық. Орташа тереңдігі – 6 м, ең терең жері 26 м. Балқаштың Іле жер бетімен келетін судың 78,2%-ын береді, шығыс бөлігіне Қаратал (15,1%), Лепсі (5,4%), Ақсу (0,43%) т.б. өзендері құяды. Солтүстіктен ағатын Тоқырауын, Аягөз, Бақанас, Жамшы, Мойынты т.б. ірілі-ұсақты өзендер жаз ортасында көлге жетпей сарқылады. Балқаш көлі өзінің фаунасының бай болуымен де ерекшеленеді. Көлде балықтың 20-дан астам түрі бар, мұның 6 түрі ежелден көлдің өзіне ғана тән балықтар болса, қалғандары кеңес дәуірінде басқа жақтан әкелінген, олар көл балық түрлерінің кейбірінің жоғалып кетуіне әсер етті.

1937 жылдан бастап Балқаш қаласы салына бастады. Балқаш – еліміздегі түсті металлургияның ең маңызды орталықтарының бірі.



БАЯНАУЫЛ

«Баянауыл басынан бұлт кетпес,


Қияндағы түлкіңе құсым жетпес», –

дегендей талай ән-жырға арқау болған Баян таулары қазақ даласының ең көркем де көрікті жерлерінің бірі саналады. Осы бір шежірелі өлке туралы жыр-дастан, шежірелі аңыз-әңгімелердің өзі қаншама. Соның ең көнесінде бұл жерде халық арасында көп тараған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ғашықтық жырындағы Баян сұлудың ауылы болған екен деген аңызға байланысты Баянауыл аталған дейтін түсінік қалыптасқан. Мәшһүр Жүсіп бабамыз да бұл турасында: «Өлеңті өзенінің аяғында «Қара оба», «Сары оба» деген екі төбе – Қарабай мен Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері осы – Баянауыл тауы. Бұл тауға Баян ауылы қонған себепті «Баян ауылы» атанып кеткен» деп жазған.

Даланың ауызша тарихнамасы бойынша бұл таулар ертеде Көктау деген атаумен аталғаны туралы аңыздар да бар. Бірақ аңыз тарих емес. Баянауыл деген атқа ие болуының тағы бір фольклорлық нұсқасы да бар. «Баянаула» атты тарихи жырда:

«Бір батыр Баян дейтін Сүйіндіктен,

Бұлардың бәрінен де ерлігі өткен.



Аулаға қошеметке аты қойылып,
Аталып «Баян» себеп болып кеткен», –
деп жырлай келеді де, бұл бай өлке, таулы жер деген ұғымға сай байланыстырады.

Жасыбай тау сілемдеріндегі Арғымақтас жартасындағы пертроглифтер ежелгі мәдениеттің таңбаларын айқындайды. Бұндағы тасқа салынған бейнелі суреттердің семиотикалық мағынасына келсек, ат үстіндегі жауынгер, садақ тартқан аңшы, нартүйе, арғымақ ат, тау ешкілерінің және байрақты ту бейнеленуі көне дәуірден сыр шертеді. Жасыбайдағы тау үңгіріндегі суреттер шоғыры көне мәдениет ескерткіші саналады. Оларды зерттеуші Н. Дравенттің «Грот с писаницей на озере Жасыбай в окрестностях Баянаула» атты еңбегіндегі суреттер жиынтығынан көруге болады. Тарихшылар ірі

тұрпаттағы және антропоморфты адам бейнелерінің тасқа салынуы мен қашалуын неолит дәуіріне жатқызады. Яғни біздің дәуірге дейінгі III–V ғасырларға тән суреттер болып табылады.

«Баянаула», «Ақбет», «Қызылтау», «Жасыбай», «Жетібатыр», «Найзатас», «Бүркітті» және тағы басқа да тау сілемдерінен тұратын аймақта «Сабынды көл», «Жасыбайкөл», «Торыайғыр көлі», «Біржанкөл» атты көлдермен қоса «Өлеңті», «Сілеті», «Шідерті», «Ащылы» деген ірілі-ұсақты өзендер ағады. Сондықтан көшпелі дәстүрдегі қазақ халқы үшін киелі атақоныс, берекелі құтмекен ретіндегі маңызға ие болған.

Баянауыл – ұлт тарихы мен руханият әлемінде қол бастаған батырлар, жыршы-жыраулар, ақын-жазушылар, әнші-композиторлар, біртуар ғалым тұлғалар көп шыққан қасиетті өлке.



БЕҒАЗЫ

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы – көне дәуір куәгері саналатын ежелгі археологиялық ескерткіштерге бай өңір. Сонау тас, қола дәуірлерінен бастап, берісі сақ, ғұн, түрк, қыпшақ дәуірлеріне дейінгі жүздеген мыңжылдық еншісіне тиесілі көне ескерткіштер бар. Қазір анықталып, тізімге түсірілген тарихи-мәдени ескерткіштердің саны 414. Оның ішінде археологиялық ескерткіштер саны 320 болса, қалғандары жекелеген адамдарға арналған кесенелер мен ескерткіштер. Арқа беліндегі Қызыларай тау сілеміндегі Беғазы тауы тылсым сыр сақтап жатқан құпия сандық деп бағаланады.

Бұл таудың Беғазы аталу себебін қазақ-қалмақ жауласқан уақыттарда Беғайым атты қазақтың қара көз батыр қызының есімімен байланыстырады. Халық қыздың ерлігіне, әділдігіне сүйсініп Беғайымды еркелетіп Бекқазы деп атап кеткен екен. Ұзыннан-ұзақ созылған таудың бір үңгіріне батыр қыз жасауын жинапты деседі. Батыр қыз бір жорықтан шаршап келген бойда ұзақ ұйқыға кіреседі. Бұны білген жау қолы бір түні аңдаусызда Беғайымды сол үңгірде өлтіріп, ешбір асыл бұйымдарына тиіспей, үңгірдің аузын берік таспен бекітіп кетеді. Содан халқымыз батыр қыздарын жау қолында өлді деп есептеп, құрметіне Арқаның ұзыннан-ұзақ созылған сол тауын «Беғазы» деп атапты. Әрине, бұл – аңыз ғана.

«Ғұн-масагет, әлде скиф-сақ бабам,

Қолтаңбасы анық емес, нақ маған.

Мүсін тастар тұр даланы күзегіш,

Жел кеміріп, күн күйдіріп қақтаған», –

деп ақын Мүсіркеп Сейдахмет жырлаған атақты Беғазы тас кешен ескерткіштері осында сақталған.



Ежелгі Қазақстанның қола ғасырының мұрасы болып саналатын Беғазы қорымы осы тау бауырында орналасқан және ол отандық археология тарихындағы аса бір ерекше орынды алады. Бұл ескерткіштің ашылуы Қазақстанның ғана емес, жалпы далалық Еуразияның археология тарихындағы қола дәуірінің жәдігерлерін зерттеу ісінде жаңа белестердің бірі болды. Академик Ә. Марғұлан көп жылдарғы жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстандағы үш мың жыл бұрын пайда болған Беғазы-Дәндібай мәдениеті бір жақтан келген емес, осы жердің төл мәдениеті екенін дәлелдеді. Сөйтіп дүниежүзі ғылымында үлкен жаңалық ашты. Ежелгі дәуірде бұл территорияда ешқандай мәдениет пен өркениет болмаған деген пікірді толықтай жоққа шығарып, қазақ тарихының жаңа бір бетін жаңғыртты.

Ежелгі тас, қола дәуірлерінің ескерткіштері бізге тұрақтар, қорымдар, шомбалтастар, тастағы суреттер, кеніштер түрінде жеткендігін ғалым «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты зерттеуінде дәлелдеп берді. Сондай-ақ соңғы тас дәуіріндегі (неолит) дәстүрлік салт-жоралғылар өткізу, құдайға сыйыну мақсатында орнатылған шомбалтастар, тастағы суреттер, ежелгі адамдар аспаннан жай түскен жерлерді ерекше қасиетті санап шомбалтастар орнатуы, күнге, айға, отқа, табиғат құбылыстарына табынғандығын, басқа да салттық жораларды атқарғандығын көрсететін қола дәуірі ескерткіштер тобы орналасқандығын ғылыми тұрғыда болжады. Беғазы қорымында барлығы 47 құрылыс бар, оның 20-сы қазылды. 14-і қола дәуірінің алғашқы кезеңдеріне жатса, қалған 6 құрылыс Беғазы дәуіріне жатады. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің басқа мәдениеттерден басты ерекшелігі мыналар: 1) мола басындағы құрылыстары; 2) қыш құмыралары; 3) қоладан жасалған жебе, найза ұштары және т.б.



Құрылыстардың салынуы мен одан табылған заттардың жасалуында тек Беғазы-Дәндібай мәдениетіне тән әдіс-тәсілдер қолданылған. Соңғы қола дәуіріндегі мола басына салынған құрылыстар ішінде Беғазы кесенелері көлемі жағынан ең ірісі болып келеді. Қорымдар кезінде тоналғандықтан, жерлеу дәстүрін анықтау мүмкін болмаған. Қабірлер бірнеше бөлікке бөлінген. Бір жағы мүрдеге арналса, 2 бөлігі түрлі заттармен ас қойылатын орын болған. Қорымда бұл орын саз жентектерден қаланған, ұзына бойына 3 сымбатас тіреуіш қадасы бар, сәкі тәрізді. Оның үстінде найзаның қола ұшы, тас кетпен, тас балға, төрт көне заттар мен марал, арқар тау теке сүйектері қойылған.

Ғалымдар Беғазылық қоғам көне Қазақстан жерінде мемлекеттік қалыптасуының бастапқы сатысында тұрған деген түйін жасап отыр. Беғазы уақытының мәдениетін біздің бір ғана өлкелік мәдениет емес, керісінше, жалпы Қазақстан жерінде соңғы қола кезеңінде өмір сүрген тұтас қабат (беғазы қабаты) деп қабылдауымыздың маңызы зор болмақ деген шешімге келген. Беғазы тау аймағында қыпшақ дәуіріне байланысты еліміздің басқа аймақтарында кездеспейтін тағы бір ескерткіш бар. Ол ескерткіш Беғазы баурайындағы Жіңішке өзенінің бойында орналасқан. Бұл – қыпшақтардың ғибадатханасы (XI ғ). Төрт бұрышты таспен қаланған қоршаудың ішінде адамның бес тас мүсіні орнатылған. Олардың екеуі әйел адамның, үшеуі ер адамның мүсіні. Біреуі қолына ыдыс ұстаған. Бұл ғибадатхана тайпаның атақты көсемінің қайтыс болып, соның жерлеу рәсімін өткізетін ас беретін орын ретінде салынған. Ғылыми сараптама бойынша, тас қабырғаның үстіне кірпіштен қаланған күмбез болуы мүмкін. Бірақ ол уақыт өте келе құлап қалған. Қазба жұмысы кезінде кіреберіс ауыздан күл қабаттары, әріректе темір шеге, қыш құмыра сынықтары, түйме, моншақтар табылды. Бұл заттар аудандық мұражайда сақтаулы.

Беғазы қорымы Алаш көсемі Ә. Бөкейханның Желтаудағы туған қыстағына өте жақын орналасқан. Мемлекеттік «Мәдени мұра» енген тарихи нысандар қатарында және «Жібек жолы» бағдарламасы аясында «Беғазы зиратындағы археологиялық зерттеулерді жалғастыру» атты арнаулы жоба қабылданды.

БЕРЕЛ

Алтай тауы аумағының бөлігі болып табылатын Шығыс Қазақстан облысы жалпыадамзаттық өркениетті бейнелейтін түрлі тарихи оқиғаларға, ескерткіштерге өте бай. Ата-бабамыздың тарихын баяндайтын көптеген көнетүркілік мұралар сақталған. Оны Катонқарағайдағы «Берел қорғандары», Зайсандағы «Шілікті обалары», Ұлан ауданындағы «Аблайкит қамал-ғибадатханасы», Абай ауданындағы «Қырықүңгір» ескерткіші, Тарбағатайдағы «Елеке сазында» жүргізілген қазба жұмыстары айғақтайды. Олардың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында зерттеле бастауы жалпы адамзаттың мәдени және рухани даму тарихын зерделеуге үлес болып қосылып, археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бұл өлке мен ел тарихының жаңа парақтары ашылды. Мұндағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазбалар, онда табылған «скиф-сібір аң стиліне» немесе сақ өнері мен өркениетіне жататын алтын бұйымдары арқылы бүкіл әлемге әйгілі болды.

Қатонқарағай ауданының Берел ауылы жанындағы жазықтан табылған жетпіс шақты қорған-қорым осы жердегі Берел өзені атауы бойынша тарихи термин ретінде ғылыми айналымға енді. Олар әртүрлі көлемдегі тастардан үйілген дөңгелек пішінді тас обалардан тұрады. Ғалымдар бұл қорғандарда б.з.б. IV ғасырда мемлекет құрған скиф-сақ тайпаларының көсемдері жерленген деген тұжырымға келіп, ол пайда болған уақытты Берел кезеңі деп атауды





ұйғарды. Сақ және түркі тарихи кезеңдерінен басталатын бұл қорымдағы ең ерте обалар б.з.б. IV–III ғасырларда үйілген, ал кейінгілері көне түркілер дәуіріндегі біздің жыл санауымыздағы VII–VIII ғасырлардан келе жатқан тарихи ескерткіштер ретінде бағаланды.

Берел қорымы негізінен алғанда үш бірдей қорғандар жиынтығынан тұрады. Бірінші топты таудың ортасына орналасқан 6 қорған, екінші топ батыс жағындағы 12 қорғаннан, үшінші топты шығысында орналасқан 9 қорған құрайды. Осы топтағы ең үлкен қорған ғылымға «Үлкен Берел» қорғаны деген атпен белгілі болды. Ғалымдар осында табылған сақ көсемдерін антропологиялық тұрғыдан зерттеп, сүйек құрылысының сақталу ерекшелігіне сай салыстырмалық талдаулар жасау барысында ежелгі сақтардан қалған ұрпақтың негізгі бөлігі қазіргі қазақтар екеніне көз жеткізді. Берел кезеңіндегі мәртебесі жоғары көсемдердің қабіріне бірге көметін жылқы қаңқаларының жатуы, қарағайдан жасалған ағаш табыт ертедегі Алтай көшпелі тайпалары ескерткіштерімен үндесіп жатыр.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі тарихта Берел қорғандары көсемдер мен атақты адамдарды жерлеу мәдениеті жағынан алғанда Египет пирамидаларынан кейінгі екінші орын алады деген болжамға негіз болды. Қазба жұмыстарын жүргізу кезінде қорғандардың ішінен 2–3 м тереңдікте ағаштан жасалған жеке бөліктегі бірнеше жылқының қаңқасы мен қажетті бүкіл әбзелдерімен аттың мумиясы, екі бірдей тұтас сақталған адам сүйегі мен адам мумиясы

табылды. Сонымен қатар сыртына алтын жалатылған ағаш әшекейлер, түрлі киімдер, ат әбзелдері, ағаш бұйымдары, ертоқым, қару-жарақтар, тері мен киізден жасалған тұрмыстық заттар шірімей жақсы сақталған. Әсіресе, №11 деп таңбаланған қорғаннан табылған ер адам мен әйел және бірыңғай жирен түсті он үш ат ер-тұрманымен біршама бүлінбей жеткен. Ежелгі сақтар мен көне түркілердің осы тау аңғарының табиғи ерекшеліктерін тап басып тани алу арқылы қолдан тоң қабаттарын жасай білуі ерекше құрметке ие. Олардың тастарды шебер қиюластырып, кең де биік оба түріндегі жылы ауа бармайтын жасанды тоң қабатын жасауды жетік меңгергені дәлелденді. Қорғаннан табылған әртүрлі көлемдегі аң мүсіндері ағаштан ойып жасалып, одан кейін сол мүсінге лайықталған жұқа алтын қаптамалармен орап тасталған. Оларға түрлі мәндегі ою-өрнек салған. Ғалымдар алтын металын ерекше шеберлікпен өңдей білген және жерлеу салтына сай пайдалана білген сақтардың ежелгі кездегі технологиясының құпиясын аша алмай таң қалып отыр.

Берелдегі №2 қорғаннан егде жастағы әйел мүрдесі мен жеті жылқы табылды. Патша әулетінен шыққан мәртебесіне байланысты жеті жылқыны бірге қойған. Бірақ қорғандағы алтын бұйымдар тоналған, көне тарихты тануға аса қажетті көп заттар жоғалған. Патшайымның алтынмен әдіптелген киімінің кейбір жұрнақтары ғана сақталыпты. Жүздеген әшекейден тұратын алтын киімінің кейбір бөлігі ғана қалған. Сондай-ақ сабы жыртқыш аңның бейнесінде жасалған қоладан құйылған айна табылды. Қасына кендір дәнін ұнтақтайтын арнайы құрал мен ыдыс қойылған. Патшайым ауырып қайтыс болғандықтан, о дүниеге барғанда ем-домына қажет болады деген оймен жанына қойған. Ал жанындағы бірнеше жылқының басына әшекейлі бетперде кигізілген. Бір аттың басында алтыннан құйылған құстың бейнелері шықты. Бұған дейін №10 қорғанда табылған аттың ер-тұрманының әшекейлерінде бірнеше қораз бейнелері бедерленген. №19 қорған да қатты тоналған. Бірақ тонаушылар қабірдегі мүрдені аяғынан сүйреп тартқан кезде, бас киімінің бір бөлігі орнында қалып қалған екен. Яғни, Есік қорғанындағы «Алтын адамның» бас киіміне ұқсас алтыннан жасалған сәукеле қалдықтары табылды. Өте қызық әрі құнды дүние. Бұл – бойжетен жас қыздың мүрдесі.

Берел қорымынан табылған тарихи жәдігер үлгілері шетелдік ғалымдардың да ынтасын оятты. Оларды лабораториялық тұрғыда зерттеу жұмыстары қазір шетелдік зерттеу орталықтарында Токиодағы (Жапония) Ұлттық генетика институты мен Ресей ғылым академиясының Археология және этнография институтының Сібір бөлімінде жүргізілуде. «Халықтың өткені болмай, болашағы болмайды» деп Елбасымыз өзінің Жолдауында бірнеше рет атап өткен болатын. Бүгінде «Тарихи – мәдени мұраны қорғау жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық мекемесі» құрылып, ескерткіштерді қорғау, сақтау және насихаттау жұмыстары атқарылып жатыр. Өскемен қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Ата-баба мұрасы» экспозициясы жұмыс істеуде. Осы уақытқа дейінгі зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған 3000-нан астам артефактілер мұражай қорына берілді.

БОЗОҚ

Бозоқ – тарихта ортағасырлық қалашық ретінде белгілі. Шамамен VIII ғасырдан бастап өмір сүрген деп жорамалданады. Ол – X–XI ғасырлардағы тарихи ескерткіш қана емес, әскери-әкімшілік және сауда орталығы, сонымен қатар Ұлы Жібек жолы бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы болған. Оны солтүстіктен оңтүстікке қарай Есіл–Нұра–Қорғалжың–Сарысу–Сырдария бағытындағы, шығыстан батысқа қарай Моңғолия–Алтай–Хазария–Болгария–Русь бағытындағы керуен жолдардың түйіскен жерінде орналасуының өзі айқындап тұр. Тылсымы терең ғасырлар керуенінде өзгерістерге ұшырап, діни-ғибадаттық шаралар өткізетін және адам аз тұратын ұлан-ғайыр далада жолаушылар мен сауда керуендеріне географиялық бағдар беретін, жол сілтейтін орын саналған. XIII–XV ғасырларға қарай қалашық орны қасиетті, киелі саналып, атақты тұлғалар мен ақсүйектерді жерлейтін орынға айналды. Осыдан кейін мұсылмандар арасында киелі орын саналып, бұл жерде құлшылық етіп, әруақтарды еске алатын және сахара шарлаған жолаушылар мен керуендердің дем алып, түнейтін орнына айналды.

Бозоқ қалашығы Есіл өзенінің сол жағалауындағы Бұзұқты көлінің шығыс жағалауында орналасқан. Бүгінде қалашық территориясында күйдірілген немесе шикі кірпіштен тұрғызылған 5 кірпіш мавзолейлерінің негіздерді зерттелді. Обалардан табылған кірпіш стандарттары мен заттарын тарих-



шы ғалымдар XI–XV ғғ. жатқызады. Мавзолейлердегі жерлеулерден басқа шұңқырлы жерлеулер мен басқадай 49 оба қазылып, ғылыми тұрғыда зерттелген. Бозоқ некрополінің жерлеу құралдарының алғашқы топтық жіктеулері де жасалды. Табылған археологиялық заттар арқылы XIII–XIV ғасырлар аралығындағы жерленгендер болып топтарға бөлінеді.

Осыған байланысты Қазақстан даласындағы исламның таралу мәселесіне байланысты жаңаша түрлі жорамалдар да пайда болуда. XIV ғасырда ислам діні ресми түрде Алтын Орданың мемлекеттік діні болып қабылданғанына қарамастан, Қазақстанның түпкі далалы аймақтарында пұтқа табынушылық салты бойынша жерлеу жалғаса бергенін Бозоқ қалашығы дәлелдеп отыр. Тұтынған заттармен, киіммен, о дүниелік тамақтармен, жылқының бас сүйектерімен жауырындары, бөлшек сүйектері, олардың толық скелеттері, алдыңғы аяқтарының түтік тәрізді сүйектері кездеседі. Уақыты белгісіз темір оқ ұштарымен, қола айнамен, күміс тыйынмен, күміс ыдыспен және әшекей заттарының табылуымен ерекшеленеді. Ескерткіштің құрылымын орталық үш кешендік таралымынан басқа солтүстік бөлігінде тұрғын үй және шаруашылық құрылыс кешендері болса, оңтүстігін некрополь құрайды.

Бүгінде Бозоқ қалашығының ертедегі деректерінің ғылыми және танымдық маңызы өте зор. Мыңдаған жылдар бұрын қазіргі Астананың орнында әскери бөлімшелердің пайда болуы геостратегиялық фактормен байланысты, ол далалы Жібек жолының керуендерін бақылауға арналған болуы мүмкін. Ғалымдар: «Бозоқ қалашығы оның территориясындағы мавзолейлер концентрациясына



қарағанда ортағасырлық халық үшін рухани Мекке қызметін атқарды десе де болады», – деп көрсетеді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өз еңбектерінде: «... ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы – Астана қаласы», – деп жазған. Бозоқ қаласы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астананың шежіресі сонау көне дәуір тарихымен сабақтасатындығын айғақтайды. Бозоқ қаласы көне дәуірде Батыс пен Шығысты жалғастырған атақты Жібек Жолының елеулі орталықтарының бірі болса, Астана бүгінгі Батыс пен Шығыс өркениетінің алтын көпіріне айналды.

БОТАЙ

Ғасырларға созылған көне тарихты қойнына алып жатқан Айыртауда бүкіл әлемнің назары ауған «Ботай мәдениеті» деген атпен жер шарына танымал жер бар. Ол Иман Борлық өзенінің жағасында орналасқан. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Никольское ауылынан оңтүстік-шығысында Ботай қоныстарына байланысты аталған. Ботай мәдениеті Жайық-Ертіс өзендері аралығының далалық энеолитін сипаттайды және мерзімі б.з.б. III–II мыңжылдықтармен белгіленеді, яғни энеолит дәуірінде мекендеген тайпалар мәдениеті ретінде танылды.

«Ботай мәдениетін» әлемдік аренаға алып шыққан ғалым В. Зайберт болды. Ол мұражайда жатқан экспонаттардың жасалу әдістерін зерделеп, Ботайға арнайы экспедиция ұйымдастырып қазба жұмыстарын жүргізді. Ізденістері нәтижесінде 150-ден аса елді мекеннен, жүз жиырма мыңға жетеқабыл заттар тапты. Ең басты тапқан олжасы – жылқы малының сүйектері еді. Олардың саны 70 мыңнан асты. Ботайды ежелгі адамдардың мекені екенін дәлелдеді де, «Ботай мәдениетіне» төрткүл дүниенің назарын аудартты. Түбегейлі зерттеулер арқылы «Ботай мәдениеті» – еліміздегі ең ежелгі мекеннің бірі және бірегейі екені анықталды. Біздің дәуірімізге дейінгі елу үш ғасырдың асыл қазынасы ретінде дала өркениетінің бастау алған тұсы дәл осы жерде болғаны ғылыми тұжырымдалды.



Өндірістік құрылыстарда ежелгі адамдар тас, ағаш, аңдардың сүйегі мен терісін өңдеп, киім тіккен, қыш ыдыстар дайындаған. Тастан жасалған жебе, садақ, қанжар, пышақ, найза ұштықтарының көптеп табылуы қоғам өмірінде аңшылықтың рөлін айқын көрсетеді. Сонымен қатар жылқының сүйегінен ағашты өңдейтін қашауғыш, құс сүйегінен киім тігуге арналған инелер, жуалдыз, тескіштер, тұмар мен әшекей бұйымдарының кездесуі шаруашылықтың әр саласынан хабар береді. Жерлеу ғұрпымен бірқатар символдық заттар тотемизмнің бабаларға табынуын көрсетеді.

Ғалымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таң қалдырған. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтар шақырылды. Олар ауқымды істер атқарды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны – Ботай аттары бұрынғыда белгілі жылқылар түріне жатпайтын боп шықты. Ботай аттарының сүйегі өзге де ежелгі аттар сүйегінен ерекшеленіп тұрды. Ғалымдар бірауыздан ботай аттары қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Алғаш жылқы малын қолға үйреткен мекен деген қорытынды жасалды. Олар далада жүрген жабайы жануар емес. Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлерді қате екені анықталды. Қоныстың материалдарымен әлемнің барлық ғылымдары қызыға бастады. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Көптеген ғалымдар ортақ пікірге тоқтады, яғни Ботай қонысы Еуразия даласында мал шаруашылығы орталығы болған.

Осыдан кейін-ақ 1998 жылы «Ботай мәдениеті» тарихи ескерткіш ретінде ЮНЕСКО-ның тізіміне еніп, еліміздегі жоғары, орта мектептердің оқулықтарына кіргізілді. Бұл мәдениеттің жер қойнынан аршылуы біздің елдің тарихын елу ғасырға кері шегіндіріп, одан ары тереңдете түсті. Қазақстан



егемендік алғаннан соң, «Ботай мәдениетіне» зерттеулер күшейді. Бұл тек біздің ғалымдарымызды емес, шетелдік археологтар мен тарихшыларды қызықтыра түсті. Ал Кембридж университетінің оқытушысы, профессор Маршал Левине Айыртауға келіп, ғылыми экспедиция жасады. «Бүгінгі дәуірдің ғалымдары дүниежүзілік тарихтың сан мың сұрағының жауабын дәл осы «Ботай мәдениетінен» тауып отыр», – деп бағалады АҚШ-тың атақты оқымыстысы Д. Энтони.

«Ботай мәдениетінің» ашылмаған құпиялары да бар. Өлі де ежелгі тайпаның адамдарды қалай жерлегені анықталмаған. Бірнеше ежелгі адамдардың қалдықтары табылып, археологтарға жаңа жұмбақтар тап болды. Әсіресе, кейбір адамның бас қаңқасы қызығушылық туғызды. Бас сүйектің желке тұсында екі тесік 14–16 жасында жасалған, кейін бұл адам 20–25 жыл өмір сүрген. Тесіктер адам миына зақым келтірмеген. Сонда тас пышақпен жасалған хирургиялық операция болған деген жорамал да пайда болды. Ежелде адам анатомиясын біліп, күрделі операция жасауға қолы барған. Ғалымдар бұны жасаған қатардағы адам емес, шаман, әулие, абыз екен деген пікірге саяды. Адам басындағы тесіктер қатты ауруға душар қылып, сандыраққа ұшыратқан. Ежелгі адамдар мұны аруақпен тілдесіп, табиғаттың керемет күшімен байланысқа түсті деп түсінген. Адам о дүниелік болғанда, саздан маска жасаған. Өлік тұрғынжайдың кіреберісінде жерленген. Бұл рәсім аруақ отбасын қорғайды деген түсініктен шығуы да мүмкін.

«Ботай мәдениеті» – әлемдік тарихқа өзгертулер енгізген орын. Ол бүгінгі күні Қазақстанның киелі 100 нысандарының қатарынан табылып отыр. Ботай жерінде бір кездері ашық аспан астындағы мұражай ұйымдастыру, мұражайын ашу, баба басына арнайы ескерткіш тақтасын қою, тек қана қазақстандықтар тамашалайтын емес, әлем халқы келіп көретін туристік орталыққа айналдырып, еліміздің тарихын саяхатшыларға ашып көрсету жұмыстары қолға алынууда.




БУРАБАЙ

Қазақстанның солтүстігінде Астана мен Көкшетау қалаларының арасында таңғажайып аудан, нағыз оазис Көкшетау бар. Географиялық тұрғыдан бұл бұрын Көкшетау қыраты деп аталады, ал жергілікті жол көрсетушілер оны «Қазақстандық Швейцария» деп атайды. Бір ескі аңызда былай делінген: «Алла тағаламыз әлемді жарату кезінде – бір халыққа бай орман, нулы өріс пен кең өзендер, өзгелеріне әдемі таулар мен көгілдір көлдер берді. Қазаққа тек кең дала тиді. Қазақ бұған өкпелеп, Жаратушыдан табиғат әсемдігінен де бір бөлшегін беруді сұрайды. Сонда Алла тағала өзінің қоржынынан қалғанын алып шығып шетсіз-шексіз далаға әдемі таулардың, шатқалдар мен жалтылдаған таза көгілдір сулы көлдердің қалдықтарын шашып тастады, оған

қоса гүлге оранған жап-жасыл көк, салқын сулы бұлақтар мен күліп аққан қайнарлар да берілді. Тауларға түрлі түсті ағаш пен бұтақтардан өрілген кілем төсеп, оның ішіне аң-құстар, көлдерге – балық, жасыл шөпке – жан жақта кездесе бермейтін жәндіктер мен көбелектерді жібереді. Осылайша Бурабай дүниеге келеді. Орынның ең жоғары нүктесі – Көкшетау тауы. Одан оңтүстікке қарай Бурабай – айрықша панорамалық нүкте орналасқан.

Бурабай табиғаты көз тартар сұлулығымен, ауасының тазалығымен тартымды. Көкшетаудың інжуі, ғажап бір мекен. Қазақстанның солтүстігінде, Астана мен Көкшетау қалаларының арасында орналасқан тылсым сұлулыққа толы көрікті жер. «Бурабай» сөзі қазақ тілінен «түйе» деп аударылады.

Ертеректе Көкшетау жерінде апшақ, әдемі бура мекен етіпті. Ол өзгелерден саяқ, жалғыз жүретін. Бура қалың орман ішін кезіп, шөліркегенде Күміскөлге келіп шөлін басатын еді. Күміскөл – оның тыныстайтын сүйікті жері. Бура ерекше қасиетке ие болған. Елге қауіп-қатер, соғыс, жұт төнгенде, боздап, елдің



тынышын алатын. Оның белгісіне үйреніскен халық бураны айрықша жақсы көріп, қадірлеген. Күндердің күнінде елге зұлым жау шабады. Бура әдеттегідей белгі беріп, бәрі тығылып үлгеріп, жан сақтап қалады. Бәріне бура себеп екенін білген зұлымдар оның ізінен түсіп, өлтірмек болады. Ну орманда жүрген бура зұлымдарға кез болады. Олардың бірі садағын кезеп, дәл бураның жүрек тұсын көздейді. Садағын атып кеп жібергенде жебе кеуде тұсынан кіріп, өркешінен шығады. Жан дауысы шыға аңырап, боздаған бура зұлымдарға қарай жүгіреді. Атына қамшысын басқан олар бытырай қаша жөнеледі. Бір сәтте бура кері бұрылып, Күміскөлге беттейді. Сүйікті мекеніне келіп, жата кетеді. Осылайша жан тапсырады. Мұнан кейін жұрт бұл жерді Бурабай атап кеткен.

Бурабай – қазақ хандарына тұрақ болған өлке. Тарихшылар былай дейді: «Бұл аймақта Абылайхан келелі жиындар өткізген. Шаңды жорыққа да осы жерде әзірленіп, аттанған» – деген мәлімет бар. Қарға тамырлы қазақтың тарихымен кеңінен таныспаққа Бурабайға ағылған туристердің де қатары қалың. Әріптес, Абылайхан алаңы мен Кенесарының үңгірінде болды.

Ат шаптырым аумақты алып жатқан Абылайхан алаңы бұл. Мына тастың орнында кезінде ханның тағы болған. Көкшетау тауының бөктерінде әр рудың батырын жинап, хан Абылай келелі кеңес өткізген деседі. Бірақ, тарихшылар ақиқаты былай дейді. «Ханның тағы бұл маңда емес, Қызылағаш деп аталатын төбеде болыпты. Қызылағаш дегеніміз осы төбе. Кезінде Абылайханның тұрағы осында болған» – дейді. Бұл күнде төбешік басына арнайы белгі де қойылыпты. Бурабай аймағында болған тарихи оқиғалар көркем шығармаларда да көрініс тапқан. Қазір Абылайхан алаңының маңында музей бар. Қазақ ханы мен сол дәуірден деректер сақтаулы мұнда. Мәселен, хан Абылайдың туын көруге болады.



Тарихшылар айтады: «Тасын түртсең, шежіресі сайрап қоя беретін Бурабай өлкесі түрлі тарихи орындарға бай, қойнау-қатпары ашылмаған құпияларға толы. Ғалымдар мен археологтар қаншалықты зерттеді, қағазға түсірді, десек те, біз білмейтін сыр сандықтар әлі де ашылмаған».

Негізінен, Бурабайдың оңтүстігіне қарай Шортанды шоқылары көсіліп жатыр. Оның ең үлкен шоқысы Жеке батыр деп аталады. Тамаша қарағайлы ормандар, биік құз жартастар, кейде мысыр пирамидаларын еріксіз есіңе салатын тау сілемдері тұнжыр да тыныш көлдермен бөлінген. Орман, дала, шабындық, батпақ пен сортаң жерлердің өсімдік өкілдерінен тұратын парк аймағының өсімдіктер саны 800-ге тартады. Осы өңірде омыртқалы жануарлардың 305 түрі кездеседі.

Бұл орайда Бурабай көлдері туралы айтпай кету мүмкін емес. Олардың саны көп. Ормандардың жасыл бетінде Шортанды, Бурабай, Үлкен және кіші Шабакты, Қотыркөл жарқырап жатыр. Көкшетау қырынан тағы да кіші көлдер: Ашық, Табан, Таулы, Аққулы көлдері көрінеді. Бурабайдың ең көрнекі орны Бурабай атаулы көгілдір шығанақ. Шығанақ суынан сфинксті елестетіп тікелей Жұмбақтас көтеріледі, орманды қыраттар алдынан Оқжетпес көтеріледі, оның шыңы пілге ұқсайды. Осы жерде әр таумен байланысты өзінің аңызы бар. Сфинкс, мысалы оған әр жақтан қарасаңыз шашы желге желбіреген қыс келбетін, одан кейін әйел және кейіннен кемпір суретін көруге болады.

Бурабай қай ертегіден де қызықты. Таулар, қылқан жапырақты ормандар мен көлдер жер бедерінің қайталанбас сұлулығын тудырып қана қоймай ерекше емдік климат береді. Бұл жердің курорттарының негізгі шипалық факторлары – табиғат, таза ауа, шуақты күн сәулесі, шұбат, қымыз сияқты шипалы сусын, минералды сулар мен шипалы саз балшықтар. Шортанды-Бурабай курорттық аймағының табиғи-климаттық жағдайын Италияның, Австрияның, Германияның, Швейцарияның, Францияның, Румыния елдерінің бальнеологиялық, таулы жерде орналасқан атақты курорттарымен салыстыруға негіз бар.

Бурабай жайлы жазылған аңыз-әңгімелер көп. Солардың бірі – Оқжетпес...

Әуликөл жағасында орналасқан Оқжетпес тауы Бурабайдағы ең танымал жерлердің бірі. Биіктігі 300 метрдей ғана болса да, ол оқ жетпейтіндей алып, әрі Әуликөлдің сәні. Бұл тау жайында халық аузында көптеген аңыз-әңгімелер айтылып жүреді. Осы аңыздардың біріне сүйенсек, зорлықпен үйленуге көнбеген тұтқын қыз осы таудың үстіне шығып, кімде-кім садағының оғын сол жерге тигізсе, соның жары болуға дайын екенін айтады. Таудың басына ешкімнің оғы жетпеген соң, біреудің күңі болып, не зорлықпен тұрмысқа берілетінін білген қыз таудан төмен секіріп, мерт болады. Қыздың құлаған жерінде Жұмбақтас пайда болады.

Бурабай жері тарихқа бай әрі аңыз-әңгімелерге толы. Дегенмен де, қазақ елінің осындай көрікті жерлері жайлы мәлімет алып, хабардар болу әрбір болашақтың міндеті.

БҰЛАНТЫ

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи атпен қалған 1723–1730 жылдардағы бүкіл халықтық Отан соғысы барысындағы аса маңызды алғашқы шайқастардың бірі Ұлытау жерінде өтті. Тәуелсіздік жолындағы Отан соғысында хан-сұлтандар мен батырлар халықты туған елді жат жерлік басқыншылардан азат етуге шақырды. Қасиетті хан ордасы ретінде құрметтелетін киелі Ұлытаудың таулар жүйесіне иелік етуге жоңғар шапқыншылары да мүдделі болды да, ол соғыс барысында кезеңдік маңызға ие болды. 1728 жылдың көктемінде Ұлытау етегінде Бұланты өзенінің жағасында «Қара сиыр» деген жерде қазақ әскерлерінің жоңғарлармен аса ірі шайқасы өтті. Бұл шайқаста қазақ қолының батыр сарбаздары қалмақтарға есеңгірете



соққы берді. Қалмақ әскерлері қиян-кескі соғыста ондаған мың адамынан айырылды. Қазақтар өздерінің талайдан бері қаны қайнай булыққан, ыза мен кекке суарылған қайрат-жігерінің жеңісін көріп қуанды. Бұл тарихи жеңіс туралы қуанышты хабар қазақ даласына лезде тарады. Жекпе-жектегі ерлігін және шайқаста соғыс өнерінің ұйымдастыру қабілетін көрсеткен көптеген батырлар, билер, сұлтандар, ру басылары мен қатардағы жауынгерлерінің ерлігі мен қажыр-қайраты, бірлігінің нәтижесінде қазақ қолы бұл шайқаста жеңіп шықты.

«Бұланты шайқасы» қазақтардың Отан қорғауда туған жерге деген патриоттық сезімін, ел-жұрт үшін айқастағы жеңіске деген орасан зор ерік-жігерін танытты. Өз кезеңінің аса көрнекті қолбасшылары ретінде танылып, жеке қол басқарған Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Бәсентиін Малайсары, Тарақты ер Байғозы және басқалардың ынтымақты қимылы бас қолбасшы Әбілқайыр хан мен бас сардар Қанжығалы Бөгенбайдың жалпы басшылығымен жүрді. Тарихшылар Ұлытауда қол сарбаздарын жасақтауды жүргізу мен қаруландыруда Шақшақ Жәнібек пен Дархан ұстаның бастаған шеберлердің еңбегінің зор болғанын ерекше атайды.

Бұлантыдағы және басқа да бірқатар шайқастардың қаһармандық рухын бізге дейін Үмбетай жырау, Ақтамберді жырау, Тәттіқара жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын туындылары жеткізді. Бөгенбай Ақшаұлы, Саңырақ

Тоқтыбайұлы, Олжабай Әлімұлы, Қонақай Жақсығұлұлы, Бөлек Сатанұлы сынды батырлардың, Баян, Жарылғап батыр және басқаларының есімдері тірі кездерінде-ақ аңызға айналды. Аттылы жоңғар қолының бір бөлігі Бұланты өзенінің жоғары ағысына қарай өтіп кеткенімен, оларды қазақ атты әскерінің сарбаз жасақтары қуып жетті. Сол жерде жоңғарлар тағы талқандалды, тек жекелеген топтарының ғана Ұлытау жағына Майтөбе мен Құрайлыдан арғы тауларға қашып кетіп қалуына сәті түсті.


Бұланты жеріндегі жеңістің зор маңызы болды. Ол қазақ жасақтарының өз күштеріне сенуіне, халық санасында бетбұрыс жасауға мүмкіндік берді. Осы шайқастардың нәтижесінде XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңында жоңғарлар Ұлытау аймағынан мүлде ығыстырып шығарылды. Мұндағы соңғы шайқас «Жақсы Қон» өзенінің жоғарғы ағысына жапсарлас жатқан Қарамолда деген жердегі өткен ұрыс болды. Жоңғарлар тағы да жеңіліске ұшырады. Бұл аймақ, бұл жер «Қалмақ қырылған» деген атпен белгілі болып қалды.

Қазақ батырлары мен сарбаздарының Бұланты өзені маңындағы жеңісінің тағы бір кереметі соғысты жүргізу мен аяқтаудағы әскери стратегиялық тапқырлығында болды. Елдік пен ерлікті дәлелдеген маңызы зор бұл жеңіс Аңырақай шайқасының табысқа жетуіне бастама салып берді. Жер бетінде жеке ұлт ретінде жойылып кету қаупі туып тұрған кездегі маңызы айтпаса да түсінікті. Ұлытаудың таулы аудандары ұлан-ғайыр даланы, Қаратаудың, Сарыарқа мен Жетісу жерлерін азат етудегі шайқасты оқиғалар халықтың тарихи жадында мәңгіге қалды. Бұланты өзені атырабындағы «Қара сиыр» «Қалмақ қырылған», «Қарамолда» шайқастары, «Аңырақай шайқасы» қазақ халқының тарихи өткен кезінің қаһармандық символына айналды.



ЕРЕЙМЕНТАУ

Ерейментау – Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы-орманды алқаптағы тау. Таулы аймақ оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 100 шақырымға созылып жатыр. Ал жері 30 шақырымға дейін жетеді. Ең биігі 901 метр болатын Ақдің тауы. Ел аузындағы бір аңызға байланысты оны «Күншалпын» деп те атайды. Таудың тағы бір бөлігіне «Сандықтас» деп ат қойған. Тау атауына байланысты Асан Қайғының Ереймен тауын көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен. Қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішінде құлын тұрмас. Ораздың жайлауы, шиырлының қыстауы екен. Екі жағындағы ел бай болар да, тап ортасында мұны қоныс қылған ел кедей болар. Бітісі жаман екен. Бірімен бірі едірейісіп төбелесетұғын кісідей едірейюін, панасы жоқ, дала сықылды тау екен!» – деген сөзі қалған. Таудың басты ерекшелігі – Сарыарқадағы Өлеңті және Шідерті атты үлкен өзендерінің суайрығы болып табылады. Жарық, Қарасу, Қусақ, Олжабай, Тұрғынбай өзендерінің салалары тау беткейлерінен басталады. Ерейментау – жоңғарларға қарсы азаттық үшін күресте бас сардар болған Қанжығалы Бөгенбай батырдың, бес жүз ғана сарбазбен қаптаған қолға қаймықпай қарсы тұрып жау тоқтатқан Жантай батырдың атамекені. Ел тарихында Сағынайдың асы берілген осындағы Қусақ өзенінің жағасында Ақан серінің атақты Құлагері мерт болатынымен де белгілі.



Ел тарихында бұл аймақтың да өз орны бар. Онда кездесетін тас пен қола ғасырлардың көптеген көне молалары, скифтік дәуір ескерткіштері, ежелгі түркі тас мүсіндері осы жерде бір кезде өркениет жолдары өткендігін дәлелдейді. Қазіргі таңда 70-тен аса археологиялық жаңа нысандар анықталды. Ерейментау тас мүсіндері – VI–VIII ғасырлардағы Түрік қағандығы кезінде жасалған тас мүсіндер тобына жатады. Олар Ерейментау сілемдерінің бойында, Сілеті, Кедей, Торғай өзендерінің жоғарғы ағыстарында орналасқан. Кедей өзенінің бас жағында, Жаушоқы төбесінің етегінде сұр граниттен қашап салынған жергілікті халық «Қос батыр» деп атайтын үш мүсін бар, әрқайсысының аумағы – 3,5 x 3,5 м. Шеберлер қою мұртты, белдігіне қару асынған, оң қолымен әдемі тостағанды көтеріп, сол қолымен қылыш сабына сүйенген әскербасылардың келбетін сәтті бейнелеген. Бүйірінде ажыратып оқуға келмейтін көмескі, көне түркі жазуына ұқсас таңбалар байқалады. Мүсіндерді граниттен қашап жасаған төрт бұрышты екі тас қоршаудың күншығыс іргесіне қадап

тұрғызған. Сол заманда атақты батырларға, қоғам қайраткерлеріне қоршау ішіндегі тас мүсін тұрғызу оны еске алып құрметтеп, ұрпақтар үлгі етіп рухын көтеру берік дәстүр болып қалыптасса керек. Ерейментау тас мүсіндеріндегі үлкен мүсіннің биіктігі – 160 см, ені – 40 см, қалыңдығы – 23 см болып келген өзгеше сипатымен ерекшеленеді. Тарихи ескерткіштер жайлы ғылыми мәліметтерді Қазақстанды ежелгі және ортағасыр дәуірінде мекендеген ру-тайпалардың мәдени дамуының бағалы түпнұсқасы ретінде пайдалануға болады. Ал Қарасу, Тұрғынбай, Қарабұлақ, Жартас, Жарық, Қумая және Өлеңті өзендері бойындағы ескерткіштерді зерттеу мен сақтау, өткен тарихты жан-жақты қалпына келтіруге айтарлықтай мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Жаңадан анықталған тарихи мұралар елдік тарихи-мәдени мұрамызды насихаттау мақсаты жағынан да, туризмды дамыту жағынан да кең түрде пайдаланылу мүмкіндігі бар.



ЕРТІС

Қытайдың Шыңжаң өлкесінің Өр Алтайынан бастау алатын Ертіс өзені еліміздің шығыс өңірінің ең басты су жүйе тамыры деп айтуға болады. Көне көздерден деректердің айтуынша, Алтай тауының баурайынан он екі сала өзен Ертіске құяды екен. Әрі аңыз, әрі абыз Асан қайғы бабамыз желмаямен жер жаһанды кезіп жүріп, Ертістің жағасына жеткенде «Суы тұнық, шөбі шүйгін, малға да, жанға да жайлы мекен болғандай екен. Қос қапталындағы нулы тоғайы, ағынды суы кісіні қызықтырады екен. Түбінде қара Қытайдың құлағы қылтып көрінетін жері ғой» деген екен. Археологиялық зерттеулер Ертіс өзені өңірінде тарихқа дейінгі кезде көп тайпалар өмір сүргенін көрсетеді. Ежелгі адамдардың тұрақтау іздері Ертіс өзенінің жиек-жағалауларынан белгілі болды. Тастан жасалған қарулар, жебелер мен найзалардың кремнийден жасалған ұштары табылды. Мыңжылдықтар ауысқанда Ертіс өңірінде тұрып жатқан түрлі тайпалардың мәдениеті өзгеріп отырды. Бұнда қимақтар, үйсіндер, қаңлылар, наймандар көшіп жүрді.

Ертіс – тарихта ертеден белгілі өзен. Бұл атау Ренаттың көне картасында, Шмидтің сөздігінде Erzisch – Ирцыш түрінде таңбаланса, Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның энциклопедиялық сөздігінде Эрчис (Ирцис) деген түрде



беріледі. Ал моңғол тілінде Ирцис, қытайша Эрцзис, орысша Иртыш нұсқаларында кездеседі. Көне түркі жазба ескерткіштерінде «Ертіс» атауы алғаш кездеседі: «Ол йылқа түргіс тапа Алтун йышық тоға, Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз». Ертіс топонимі осылайша Орхон-Енисей сына жазбаларында VI–VII ғасырларда тіркелгендіктен, осы гидроним біздің дәуірімізге дейінгі IV–V ғасырларда қолданылғанын дәлелдейді. Яғни «Ертіс» сөзінің шыққанына кемінде екі жарым мың жыл болған. Орта ғасырда М. Қашқари сөздігінде толығырақ сөз болады: «Ертіш Иемек (Қимақ) даласындағы бір өзеннің аты. Бірнеше тармақтық бұл дария сол жердегі бір көлге құяды. Бұл дарияны «Ертіс суы» дейді. Бұл судан өтерде «Кім тез өтеді?» деген мағынада қолданылған Ертіш – Ертіс сөзінен алынған». Сөздіктің тағы бір жерінде М. Қашқари:

«Ысытатын аптап қапсырды
 Үміт артқан адам жауықты.
 Ертіс суын кешпекші,
 Содан халық сескенді», –

деген үзінді келтіреді. Ұлы даланың мәңгілігін жырға қосқан ауызша тарихнама мен фольклорда Ертіс туралы жыр суреттемелері молынан кездеседі. Ертіс атауы өте көне гидроним болуына байланысты М. Қашқариден бастап, С. Аманжоловқа дейін әртүрлі сала ғалымдарының жиырма шақты нұсқада айтылатын болжамдары бар.

Ертіс өзені Моңғолиядан басталып, Хаара-Улус-Нор көлінен ағып шығады. Көлден шығып, Қобда өзеніне құяды, одан әрі Қытай аумағымен ағып, Алтайға дейін жетеді, ол мұнда Қара Ертіс деп аталады, Зайсан көліне барып құяды. Зайсан көлінен шығып, Семей, Павлодар, Омбы қалаларынан өтіп, Тобылға



қосылады, одан Ханты-Манси ұлттық округіне дейін жетіп, үлкен Сібір өзені Обьқа құяды. Соңында Солтүстік Мұзды мұхит суына қосылады. Солтүстік жарты шардың ең ірі деген он өзенінің ішіне кіретін, төрт мемлекеттің жерін басып өтетін Ертіс өзенінің салалары да мол. Қытай жеріндегі салалары: Қара Ертіс, Бала Ертіс, Қу Ертіс, Қыран Ертіс, Буыршын Ертіс, Қаба, Алқабек, Білезік. Қазақстанға өткен соң Ертіске Қалжыр, Күршім, Бұқтырма, Үлбі, Оба, Шар, Мұқыр, Шаған, Қазақстаннан шығар жерде Есіл мен Тобыл өзендері қосылады. Ертіс өзенінің жалпы ұзындығы – 4248 шақырым. Алтай аймағын кесіп өткендегі ұзындығы – 633 шақырым. Қазақстан жеріндегі ұзындығы – 1700 шақырым. Гидротехниктер Ертіске су құятын өзен, бұлақтардың жалпы құрамы 820 екенін анықтап, картаға түсірген.

Әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың бастамасымен қолға алынып, Қазақстандағы аса ірі су құрылыстарының бірі саналатын «Ертіс–Қарағанды каналы» осы өзенінің су қорына негізделіп салынған. Құрылыс 1962 жылдан басталып, 1974 жылы канал іске қосылды. Ертіс өзенің сол жағасындағы Ақсу қаласы тұсынан басталып, Қарағанды қаласына таяп аяқталады. Ертіс–Қарағанды каналы республиканың ірі индустриялық орталықтары еңбекшілерін ауыл шаруашылығы өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2001 жылы Ертістің суын канал арқылы Есіл өзеніне қосу жұмысы аяқталып, «Вячеслав» су қоры бөгетін толтыра бастаған болатын. Соның нәтижесінде елордамыз Астана жұрты су тапшылығы мәселесін біржола шешіп алды. Мамандар «Ертіс–Қарағандының» тағы бір тармағын тартып, суды Арал теңізіне дейін жеткізуді ұсынып отыр.

ЖАЙЫҚ

Жайық – Еуропа мен Азияны бөліп тұрған Орал тауы секілді қос құрлықтың ортасында орналасқан өзен. Атырау қаласы арқылы өтіп, Каспий теңізіне құятын өзеннің жалпы ұзындығы – 2428 шақырым болса, 1084 километрі Қазақстан аймағында орналасқан. Тарихқа көз салсақ, Жайық өзеніне қатысты қызықты деректерді аз кездестірмейсіз.

Мәселен, халық ауыз әдебиетінен ойып тұрып орын алатын «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырында:

«Базарбайдың Төлеген,
Ерте туған көбеген.
Сексен жігіт қосшы алып,
Он бес жігіт басшы алып,
Ақжайыққа жөнеген», сондай-ақ:
«Мен Жайықтан қайтқанша,
Жүзінді есен көргенше,
Ата-анамды, мал-жанды,
Тапсырдым Алла, құдаға», –

деген жолдардан Төлеген батырдың сұлу Жібекті алғаш көруге Жайық арқылы барғанын білеміз.

Ақ Жайыққа қарап өскен ерлердің бірегейі Махамбет пен Исатай батырлар десек артық айтқанымыз емес. Азаттықты аңсап өткен ержүрек әрі сыршыл ақын Махамбет Өтемісұлы:





«Айналайын Ақ Жайық,
 Ат салмай өтер күн қайда?
 Еңсесі биік боз орда
 Еңкеймей кірер күн қайда?» –
 деп Ақ Жайықпен сырласса, «Мұңайма» өлеңінде:
 «Жайықтың бойы көк шалғын –
 Күзерміз де жайлармыз.
 Күлісті-сынды күреңді
 Күдірейтіп күнде байлармыз.
 Құдай істі оңдаса,
 Ісім жөнге келгенде,
 Қамалаған көп дұшпан
 Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз,
 Жолдастарым, мұңайма!» –
 деп төңкерістен қажыған жолдастарына рух береді.

Күй атасы Құрманғазының да көп күйі Жайықтың жағасында шыққан. Патша Үкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған шағында Жайыққа түсіп, қамыс арқылы тыныстап солдаттардан қашқан деген дерек бар.

Италияның әйгілі саяхатшысы Марко Поло Жайықтан өтіп, күллі Еуропа жұртына Азия әлемін таныстырған.

Тарихи деректерге сүйенсек, Ақ Жайықтың мөлдір суымен Александр Македонский шөлін қандырса, өзеннің құмды аймағынан шығып жатқан қара майды көріп адамзаттың бірінші ұстазы Аристотель таңқалған. Бұл

бағзы заманнан бері Атырау жерінде мұнай бұрқағының болғанына дәлел болса керек.

Еуропаны жаулаған Батый Хан да қыпшақ халқымен бірге осы өзеннен өткен. «Құл болып кетіп, көсем боп оралған» даңқты Сұлтан Бейбарыс туған мекені Ақ Жайықты өмірінің соңына дейін жүрегінде ұстағаны бәрімізге аян.

Жайықта туған жақсылардың қатарына Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтерді де қосып қойыңыз. Ал Жайықтың әсем табиғатынан қуат алған археолог-ғалым Әлкей Марғұлан көне қала Сарайшықты зерттеп, қазақ елін құнды жәдігерлермен қауыштырды.

Ұлтын сүйген Мұстафа Шоқай да Жайық арқылы шетел асқан. Бұл туралы шоқайтанушы Бақыт Садықова: «М. Шоқай ең бірінші Ресейге Уфаға барып, татарлар және башқұрттармен кездеседі. Кавказда, Жайық бойында, Грузияда жүріп өткен жолында кездесулерді өзінің майдандастарымен, сол кездегі ұлт-азаттық күрестің басшыларымен өткізді. Осының бәрін қуғын мен сүргіннің арасында жасады. Мысалы, Грузияға қызылдар басып кіргенде Мұстафа мен жұбайы Қаратеңізге жолға шыққан ең соңғы кемеге мініп үлгерді», – дейді.



ЖАНКЕНТ

Жанкент қорғаны – Сыр бойындағы тарихи терең қалалардың бірі. Қазалы аймағында орналасқан Жанкент (Янгикент) қаласы көне қорғанының өмір сүрген кезеңі VII–XIV ғасырлармен сабақтастырылады. Ғалымдар бұл қаланың пайда болуын «Бегім ана» аңызымен де байланыстырып жүр. Тарихшы Абылғазы Баһадүрдің жазуынша, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра – Жанкент қаласы оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген. Оғыздар осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала – Жанкентте отырған. Ол Жібек жолы бойындағы қалалар қатарында Еуропа–Азия арасын байланыстырған. Аралдың ас тұзын Еуропа елдері мыңдаған жылдар бұрын Жанкент қаласынан алдыртып отырған.

Ұзақ жылдар бойы еуропалықтар Орта Азиядағы көшпенділердің салтанаты жарасқан керемет қалалары болғандығы жайлы деректерді теріске шығарып келді. Саяхатшылар ПIANO Карпини мен Рубрук XIII ғасырда мұның растығына куә болғанда сене алмай таңданды. Саяхатшылар өз жазбаларында: «Бұл жерде біз сансыз қираған қалалар, бекіністер мен бүлінген тұрақтар таптық. Осы жерде аты белгісіз бір үлкен өзен бар. Онда белгісіз Янкент атты, басқа да Бархинь және үшінші Орнас есімді қалалар тұрады» деп көрсеткен болатын. Осы Жанкент археологиялық ескерткішінің жанында тағы екі ірі қаланың орны бар. Біріншісі – Күйіккескен-қала, екіншісі – Күйік-қала деп аталады. Жаңадарияның бойында Жент қаласының орны жатыр. Жанкент



қаласы жалғыз болмаған. Онан онша қашық емес жерде XVII ғасырда Жаңғазы хан салдырған қала бекінісі бар. Қала маңында тағы «Бабажан», «Құлбарақ» бекіністерінің қалалық қирандыларының ескі жұрттары жатыр. Солтүстік-батысында «Ұзынтам» мұнарасы, Арал теңізі жағасында аңыздағы «Бегім ана» мұнарасы бой көтерген. Ал Жанкенттің шығысына қарай «Сараман-қоса» мұнарасы тұр.

Жанкент қаласы – оғыздардың атын жаһанға танытқан Қорқыт атаның туып-өскен жері. Араб географы Истахри осы аймаққа келгенде Қорқыт ата жайында деректерді естіп, аты аңызға айналған абыз жайындағы жиналған деректі тасқа жазып қалдырады. Қаланың тарихи мұра екендігін айғақтайтын тағы бір деректе орта ғасырлық ғалым Рашид ад-Дин «Жами-ат-тауарих» атты еңбегінде Қорқыт, оғыз және олардың ұрпақтары жайында суреттейді. Ғалымның айтуынша, Жанкенттен көптеген ғұламалар шыққан, қала білім-ғылым мен мәдениеттің, сол кезеңдік өркениеттің қайнар бұлағы болғанын меңзейді. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан еңбектерінде жазғаны бойынша «Қорқыт ата VII–X ғасырларда Сыр өңірін мекендеген тұлға. Оның шыққан тегі Оғыздар табына қарасты Қияраттарға жатады. Ал ол заманда қаңлы тайпасы Қаңлы-қыпшақ не болмаса Оғыз-Қыпшақ деп айтылған. Әрі астанасы Сырдария бойындағы Жанкент қаласы болды» – дейді. Әлемнің «Екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фарабидің де Жанкент шаһарына табан тірегені туралы тарихи мәліметтер бар.

Қаланың қалдықтары қазіргі уақытқа дейін жақсы сақталған. Қалашық жобасы бойынша тікбұрыш пішінді келген, көлемі 325 x 200 м. Қалашықтың

солтүстік-батыс жағында жақсы сақталған цитадель орналасқан. Қаланың батыс және шығыс жағында кіретін қақпа орын тепкен. Қалашықтың фортификациясы алдына шығып тұрған жартылай дөңгелек мұнаралы сыртқы қабырғамен белгіленген. Қазба жұмыстарында табылған заттардың өте мол коллекциясы, мыс күмістермен, шаруа құралдарымен, сырға, сақина, қоңырау, I мыңжылдық аяғы мен II мыңжылдық басындағы ескерткіштерге ұқсастығы бар белгілер сияқты қоладан жасалған заттармен сипатталады. Жанкент қаласынан табылған осындай археологиялық құндылықтар ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы болғанын дәлелдеумен қатар, мемлекеттің кешегіден бүгінге дейінгі тарихын зерделеуге, салт-дәстүрінен, мәдениетінен, халқының өмір салтынан хабар береді.

Шаһарда заманның өзінде қазіргі дәуірдің өркениетіне тән су құбырлары мен жүйелерінің болғанын да осы археологиялық зерттеу дәлелдеп берді, таңба салынған темір теңгелер де мұнда сауда-саттықтың айтарлықтай даму деңгейіне жеткендігінен сыр шертеді. Жанкенттен Ұлы Жібек жолы арқылы Қытай, Иран, Үндістан және Еуропа елдеріне Аралда өндірілетін тұз тиеген керуендер күнделікті жөнелтілетін болған. Бұл салада Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент қаласы өндіріс және мәдениет орталығына айналған. Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші В.В. Стасов: «Ертедегі Жанкент қаласы неге біздің Помпей болмасқа?!» – деп бұл ескерткіштің ертедегі Рим және грек ескерткіштерінен кем түспейтін маңызын айтқан. Бұл пікірге негіз болған да «Бегім ана» аңызы сияқты.

Аңыз «Жылан жауған» немесе «Қарабура қарғысы» деген атаумен белгілі. Жанкенттің қатыгез ханы Санжар әйелі Бегім сұлуды қызғанып, пәктігіне күмәнданып оң қолы мен бұрымын кесіп зынданға тастайды. Мұны естіген Бегімнің әкесі Қарабура әулие Санжарға «егер менің қызым күнәсіз болса, қолы мен бұрымы қалпына келеді, ал егер күнәлі болса, сол күйінде қалады» деген. Көп күттірмей әулие қызының ары таза болып қолы мен шашы қалпына келеді де, Бегім сұлу ақ құс болып ұшып кетеді. Бұны көрген Қарабура Санжарға «өзіңмен бірге халқыңды да қарғыс атсын, еліңе жылан жаусын» деп теріс батасын береді. Көп ұзамай қала үстіне қара бұлт төніп, дауылды жаңбыр жауады, онымен бірге жылан жауады, қарғысқа ұшыраған қатал Санжар мен халқы қырылып, қалада жыланның ордасы қалып қойған. Ортағасырлардағы Оғыздардың тұсында атағы дүркіреген көне Жанкент қаласының жыландар шабуылынан жермен-жексен болып қираған тарихы аңыз бойынша осылай шертіледі.

ЖАСЫБАЙ

Әлемде әр ұлттың өз тарихында қасиетті санайтын, қадір тұтатын жерлері бар. Олардың киелілігі ел бостандығы үшін азаттық күрес жолындағы тарихи оқиғалар мен ұлттық мәдениет ошағы болуына да байланысты. Қазақ халқы тарихында ондай жерлер өте көп болса, солардың бірі – «Жасыбай». Баянауыл тауында «Жасыбай» асуы мен «Жасыбай көлі» деген жер аттары бар. Олардың бұлай аталуы 1741–42 жылғы қазақ-қалмақ арасындағы тарихи оқиғаларда ерлік көрсеткен Жасыбай батырдың есімімен байланысты.

Жолындағы ел-жұртты жайпап келе жатқан жаудың жолын тосып, Олжабай батыр бастаған негізгі қол келіп жеткенше шағын жасақпен тосқауыл болуға аттанған Жасыбай батыр оларды осы тауда тоқтатады. Ел аузынан жеткен аңыз-әңгімелер және М.Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабындағы деректер бойынша батырдың Қызылтау бауырында жер үшін болған шайқаста оққа ұшқандығын мәлімдейді. Есіл ер сауытының мойын тұсындағы ашық жерден тиген жау мергенінің оғынан мерт болған. Жасыбай батыр өлген соң аз ғана қолдың берекесі қаша бастағанда, негізгі әскермен Олжабай батыр келіп жетеді. Ол қалмақтарды Баянауыл тауының шығысындағы бір тауға қамап, тегісімен қырған. Шатқалға қамалған жау «жан сауға» сұрап баққанымен, олардың қоңтайшысына Олжабай батыр: «Сендердің



бәріңді жиғанда Жасыбайдың бір шынтағына да татымайсыңдар» деп аямай талқандаған. Сол тау кейінге дейін «Қалмақ қырылған» аталып келді. Қиян-кескі ұрыста батыр шәйіт болған жер Сабынды көл мен сол кезде Шойынды атанған көлдердің арасындағы тау асуында болғандықтан, ол жерді халық «Жасыбай» асуы», ал көлді «Жасыбай көлі» атап кеткен.

Оны «Олжабай батыр» тарихи жырындағы:

«Бетімен қалмақ қашты, жолда босу,
Бір тосқан мың қашқанға деген тосу.
Баянды алды, өлтіріп қалмақ ерін,
Ат қойды сол асуға – «Жасыбай асу».
Моласы Жасыбайдың тау басында,
Қайыңның өзі салған қырқасында...
Арқадан қалмақ ауып, өз жеріне,
Кеткен соң ат қойылған «Жасыбайкөл» –

деген жыр жолдары дәлелдей түседі. Ал өткел арқылы баратын батырдың моласы жөнінде ел арасында мынадай наным-сенім бар. «Оған бара жатып өзіңмен бірге тас ала бару керек. Барып жеткен соң оған тасты қойып тілек айту керек. Ол міндетті түрде орындалады» деген әулиелік кие тұту сенімі қалыптасып қалған.

Жасыбай көлі – Баянауыл ұлттық табиғи паркі аумағында тау жоталары арасында орналасқан табиғаты көркем, суы тұнық көл. Табиғи ерекшелігі –



оған ешқандай өзен суы қосылмайтын тұйық көл. Осыған байланысты бір аңыз да бар. «Олжабай, Кенжебай мен Жасыбай батырлар кімнің күшті екенін сынап көрмек болыпты. Қазір Жасыбай зираты тұрған асуда тұрып тас лақтырады. Бірінші кезекті Олжабай алады. Кенжебай лақтырған тас Олжабайдың тасының үстіне түсіп, жерге батырады, астынан су шығып, шұңқырды толтыра бастайды. Жасыбайдың тасы да осыларға қосылып, судың атқылап шығуын жылдамдатады да көл пайда болады».

Жасыбай – қазір өлкетанушылар мен туристер жиі келетін табиғаты әсем көрікті жерлердің бірі. Онда туристік базалар мен демалыс үйлері орналасқан.



ЖЕРҰЙЫҚ

«Жерұйық» ұғымының концептілік этимологиясын, мифологиялық тұғырнамасын анықтау – маңызды мәселе. «Жерұйық» дегенде біріншіден, құтты мекен ойға оралады, ол қазақ халқының тарихында Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты. Себебі Асан қайғы желмаясына мініп халқына Жерұйық іздейді. Сонда «жерұйық» дегеніміз қандай жер және бүгінгі заманда қазақ халқы өз жерұйығын тапты ма деген сауалдарға жауап іздеу – кезек күттірмес мәселе.

Орхон-Енисей руникалық жазбаларын негізге ала отырып және оларды археологиялық, этнографиялық, мифологиялық деректермен толықтыра отырып, көне түркілердің дүниетаным түсінігін және олардың космогониялық танымын анықтауға негіз бар. ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді тайпаларының ежелгі ақсүйек әулиетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – «Мәңгілік Ел» бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан

арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған», – деп атап көрсетуі қазақ даласының ұлы түркі елінің қара шаңырағы екендігін айқындай түседі. «Жерұйық» концепциясының негізін түркілер заманынан іздеу осынысымен маңызды.

Көне түркі түсінігінен қалған мифтік абыз-ақынның образы Асан қайғы турасында ой қозғауға алып келеді. Атап айтқанда, «Асан – «аспан адамы», қайғы – «ақын, жырау, сазгер» деген туынды мағынаға ие екендігін, Асан қайғы – «аспан жыршысы» екендігін ғана айта аламыз», – деген С. Қондыбайдың зерттеушілік пікірі, Асан қайғының «киелі жерді іздеген Асан» және көктүркілік «халқын киелі жерден, атамекеннен шығарған Асяншадты» бір трафаретке енгізілген образ деп көрсетеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық руханиятымызға деген бетбұрыстың маңызды буындарының бірі – оны философиялық тұрғыдан зерделеумен келіп ұштасып жатыр. Сондықтан да, қазіргі таңдағы төл рухани мәдениетіміздің тарихи-философиялық астарларын ашып беріп, оның бүгінгі күнгі маңызына тоқталу үрдісі қарқынды түрде белең алып келеді. Осы орайда ғасырларда өмір сүрген қазақ даналығындағы айтулы тұлғалардың бірі – XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғы бабамыздың ой-толғамдарын сара-



лау, оның Жерұйық идеясының мәнін ашу және қазіргі заман үшін маңызын ашып беру бір қырынан еліміздің саяси-әлеуметтік ұстанымдарын одан әрі нығайтуға септігін тигізетін болса, екінші бір қырынан, идеологиялық тұғыр, үшінші бір қырынан алғанда, қазақ философиясындағы тұлғаларды тереңірек зерттеуге алып келетін беталыс болып табылады.

Көпқырлы және көпжақты Асан ата философиясын талдау үшін біз алдымен оны концептуалдық үлгіде, тарихи шындық аясында мифтік және реалдық бейнеге жіктеп аламыз. Екінші бір эмоционалдық жазықтықта бұның дүниетанымын пессимистік, бейтарап, оптимистік деңгейлерде ажырата аламыз. Ал үшінші бір философиялық сала деңгейінде нақтыласақ, саяси-әлеуметтік онтологиясын, әлеуметтік философиясын, футурологиясын, қазақы этикасын, сезімдік-парасатты логикасын т.б. жіктеп көрсетуімізге болады.

Мифтік бейне ол туралы аңыздар төңірегіне топтастарылатындығы сөзсіз. Мәселен, бабамыздың «Жерұйықты іздеу» хақындағы әпсанасының өзі ғана саяси-әлеуметтік онтология ғана емес, жалпы этикалық-эстетикалық-онтологиялық-космологиялық – «даналық» танымының түбірлестігін (синкреттілігін) айғақтап береді.

Асан Қайғы қазақтың ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібекті жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Ішкі саясатта жер-су жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұрттың хал-ахуалын жақсарту мақсатында Асан Қайғы хан алдына өзінің «ымыраға келу» теориясын ұсынды. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйытқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасады. Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жерін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы. Асан Қайғы осы тарихи ойларын хандармен, сұлтандармен, билермен, әсіресе, Жәнібек ханмен арпалысып жүріп іске асырмақ болады. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып, толғанған абызды халық Асан Қайғы деп атағаны сондықтан. Ол жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көкседі. Осы мақсатты көздеп, ол сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсайды. Асан Қайғы елінің «сулынулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып», адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін, мамыражай еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл бойына жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады. Әр қоныс, мекенге байланысты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалар әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың «Жерұйықты» (кейде Жиделі-Байсын делінеді) іздеуі атақты Мұса пайғамбармен бірге Томас Мор «Утопиясы» (1516) мен Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» шығармасындағы (1602) қиял-армандарымен ұштасып жатыр.

ЖЕТИСУ

«Жер жәннаты Жетісу» деген сөз тіркесін жиі естиміз. Дегенмен оның мағынасына үңіліп, бұл өңірді неліктен жер жәннаты атайтынын, Жетісу деген сөз қайдан шыққанын білмейтіндер де бар. Ертедегі жергілікті тайпалар шаруашылығы Жетісуды дербес экономикалық аймаққа айналдырды. Б.з.б. VII–IV ғасырларда Жетісуды сақтар мекендеген. Олар шаруашылықтың сол кездегі жетілген түрі малшылық және суармалы егіншілікпен айналысып, қола мен темірден жасалған құралдарды пайдаланған.

Ғалымдар өңірдің Жетісу аталуын жеті түрлі өзенмен байланыстырады. Алайда нақты қай өзендер дегенде олардың пікірлері сан тарапқа бөлінеді. Мысалы А.К. Гейнс жеті өзенге: Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызса, А. Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. Ал кейбір географтар өңірдің шығу тарихы нақты өзендермен емес жалпылама алғанда өзенге бай өңір болғасын және қазақта жеті санын киелі санауымен байланыстырады.

Жетісудың аумағы Солтүстіктен Оңтүстікке дейін 900 км және Шығыстан Батысқа дейін 800 км алып жатыр. Осындай ұлан-ғайыр алқаптың табиғаты да әртүрлі. Таудың етегі ауасы ылғалды, салқын болса, енді бір жерлерде көк майсаға бай, кішкентай өзендер мен тау бұлақтары көп, егін егіп, мал жаюға өте қолайлы жерлер кездеседі.







«Алматы облысында, Жетісуда, Қарасай, Жамбыл аудандарында жас кезімнен талай рет жаяу жүрген жерім, әкеміздің жанына еріп. Атқа мінген жеріміз еске түскенде, әрине, тебіренеді. Күш-қуат береді» – деп еске алады Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев.

Жетісу жайлы сөз қозғасақ, оның ерекше табиғаты жайлы айтпау мүмкін емес. Жоғарыда айтып өткендей, Жетісуды ежелгі Сақ, Үйсін, Қаңлы тайпалары мекен еткен. Бұл тайпалардан бізге қалған баға жетпес мұра – Тамғалы тас.

Тамғалы петроглифтері асқан құнды адамзат мұрасы ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілді. Алматы қаласынан Тамғалы тасқа дейін 120 км. Тастарда VIII–IX ғасырларда қыпшақтардың жазбаларымен қатар Будда құдайларының бейнелерін кездестіруге болады.

Шарын шатқалы жайлы естімеген адам аз. Шарын ұлттық паркі Алматыдан 195 км қашықтықта орналасқан. Бұл шатқалдардың 12 миллион жылдан астам тарихы бар.

Қайыңды көлі де – Жетісудың бетке ұстар табиғи байлығы. Бір ғасыр бұрын үлкен көшкіннің нәтижесінде пайда болған. Суға батқан кемелер секілді сюрреалистік көрініс беретін Қайыңды көлі – Жетісудің мақтанышы.

Көпшілік «Солтүстік Тянь-Шаньның маржандары» деп атайтын Көлсай көлдері – Жетісудің баға жетпес байлығы. Көлдер 1887 және 1911 жылдары Қайыңды және Көлсай өзендері салдарынан пайда болған. Көлсайдың ауайы жағдайы демалу және сауықтыру үшін ыңғайлы, оған сәйкес қысы жұмсақ, ауасы таза, қысқы демалыс түрлері үшін қолайлы. Көлсай көлдеріне жаяу және атты маршруттармен баруға болады.

Табиғаты тамсандырған Жетісу өңірінің ең көрікті мекендерінің бірі – Іле өзенінің жағалауы. Аспан астындағы көне мұражай болып саналатын

Тамғалы тас шатқалында балық аулап, қайықпен жүзіп, таза ауамен тыныстай аласыз. «Көшпенділер», «Мың бала» сияқты тарихи фильмдердің түсірілім жұмыстары дәл осы Іле жағалауында өткен.

Жетісудің көрікті жерлері туралы таңды-таңға ұрып баяндай беруге болады. Алайда мүмкіндігіңіз болса, ең болмаса бір рет өз көзіңізбен көргеніңізге не жетсін!? Уақыт тауып Жетісу өңіріне саяхаттаңыз!



ЖИДЕБАЙ

Қазақ даласының табиғаты көркем, тарихы тағылымды өлкелері көп. Өткен дәуірлерден сыр шертетін, құпиясы мол Жидебай да – еліміз үшін қасиетті жердің бірі. Жидебай – Еуразия материгінің орталығы, нақ ортасы болып есептеледі. Жидебай қорығы – тарихи-мәдени, әдеби-мемориалдық және таулы аймақ. Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында орналасқан. 1850 жылы Құнанбай Жидебайдан 15 шақырым жердегі Ескі Там қонысына медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай 8 жасынан бастап осы медреседе оқып сауат ашқан. 1880 жылы Абай Жидебайда өз қаражатымен жаңадан медресе салдырған. Құнанбай қажы дүние салған соң, 1885–91 жылдары Жидебай қонысы Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы Оспанның еншісіне тиген. 1891 жылы інісі Оспан қайтыс болғаннан кейін қыстау Абай иелігіне көшкен.

1990 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай бұрынғы ақын мұражайы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы болып құрылды. Қорық-мұражайдың негізгі қорын 1885 жылы Абайдың Семей өлкетану мұражайына тапсырған заттары құрайды, олар тарихи жәдігерге айналған. Бұлардың бәрі Абайдың қолы тигендігі үшін құнды. Қорық құрамына Абайдың әдеби-мемориалдық



мұражай-үйі, Абай, Зере, Ұлжан, Оспан және Шәкәрім, Ахат, Құдайберді, Ғабитхан молда, Шәукембай, Еркежан зираттары т.б. тарихи-мәдени ескерткіштері жатады.

Жидебайдағы Абай қыстауы маңында Құнанбай құдығы бар. О да тарихи жәдігер ретінде аса құнды. Жидебай шұрайлы, малға жайлы өлке болған соң Абай Жидебайды қыстаған. Бұл үйде Абайдың қолының табы қалған әр зат қастерлі. Есік алдында ескі арба, пәуеске сақталған. Кіреберісінде Оспанның басына Абай өзі қойған қара тас тұр. Ол тастағы жазудың соңында хәкім «өтіп бара жатқан мұсылман дұға қылсын» деп өтініш айтқан. Абай жатқан төсек, ойнаған дойбы, тоғызқұмалақ, протез тістері, шоты, самаурыны және тағы басқа заттары соншалықты бағалы, құнды.

«Поэзия Меккесі – Жидебай» деп аталған қасиет қонған қыстауында Абай қазақтың ақындық өнерін шырқау биікке көтерген классик ақын болып танылды. Жидебайдағы ақын шығармашылығының даналыққа бой ұрған болмыс-бітімі басқа. Ол – «хәкім Абай – әлемдік деңгейдегі ой алыбы» деп бағалауымыздың негізі және осы шыңға қалайша шыққанының айнасы. Ақын ғұмырында Жидебайдың статусы мәңгі жоғары, оны Абайдың «даналық Меккесі», «даналық Қағбасы» деп атап жүр.

«Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы – республика тұрғындары, алыс-жақын шетелдіктер туристік саяхат жасайтын қасиетті орын.



ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Конституцияға сәйкес, біздің ел өзін адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандығы ең қымбат қазынасы саналатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады.

Еліміз өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Сол сыңарлы уақытта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де мольнан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» деген болатын.

Бүгінде Қазақстан жаһандық маңызы бар елдердің қатарына қосылып отыр. Елордамыз Астана тарих тұрғысынан қарағанда өте жас қалалардың бірі болғандығына қарамастан, саяси, мәдени, экономикалық жағынан маңызы жоғары сән-салтанатты орталыққа айналып отыр.

Әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша ел 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады.


Қазақстан халқының саны 18 миллионға жетті. 2009 жылғы ұлттық санақ бойынша Қазақстан қоғамының ұлттық құрамы төмендегідей болды: қазақтар – 63,07%, орыстар – 23,70%, өзбектер – 2,85%, украиндар – 2,08%, ұйғырлар – 1,40%, татарлар – 1,28%, немістер – 1,11%, өзге ұлттар – 4,51%.

2 млн 724,9 мың шаршы шақырым аумақты алып жатқан еліміз әлем елдері арасында жерінің көлемі бойынша тоғызыншы орында. Солтүстігі мен батысында еліміз Ресеймен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түркіменстанмен шектеседі.

Қазақстан – әлемдік мұхитпен тікелей жалғаспайтын әлемдегі ең ірі ел. Ел аумағының ауқымды бөлігінің – 44%-ын шөлдер және 14%-ын шөлейтті жерлер алып жатыр. Далалық жерлер Қазақстан аумағының 26%-ын, орман-тоғайлар 5,5%-ын құрайды. Қазақстанда 8,5 мың өзен бар. Каспий акваториясының

Облыс	карта-дағы N	Аумағы мың км²	Тұрғындарының саны, мың адам*	Әкімш.-аум. бірліктер елді мекендер саны			
				қала	аудан	кенттер	ауылдар
Ақмола	4	146,6	746,6	10	17	14	669
Ақтөбе	7	300,3	686,7	8	12	2	424
Алматы	14	223,9	1603,7	10	16	15	769
Атырау	6	118,6	472,3	2	7	11	184
Батыс Қазақстан	1	151,3	609,3	2	12	5	477
Жамбыл	13	144,3	1002,0	4	10	12	367
Қарағанды	8	426,0	1334,4	11	9	39	498
Қостанай	2	196,0	903,1	5	16	8	740
Қызылорда	11	226,0	618,2	3	7	12	265
Маңғыстау	10	165,6	374,4	3	4	5	48
Оңтүстік Қазақстан	12	117,3	2233,5	8	12	11	865
Павлодар	5	124,8	743,0	3	10	6	403
Солтүстік Қазақстан	3	98,0	663,1	5	13	0	727
Шығыс Қазақстан	9	283,3	1431,1	10	15	25	826
Астана қ.	0,3	550,4	1	2	2	0	0
Алматы қ.	0,3	1247,9	1	6	0	0	0
Қазақстан Республикасы	2724,9	15219,2	86***	168**	167	7262	

* ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- Темір жолдары
- Автомобиль жолдары
- ... Аудан шекарасы
- Қала
- Кент, ауыл
- Аудан орталығы

МАСШТАБЫ 1 : 12 000 000
0 120 240 360 480 км

солтүстік-шығыс бөлігі республика шегіне кіреді. Арал теңізі Қазақстан мен Өзбекстан арасында бөлінген. Қазақстанда үлкен және шағын 48 мың көл бар. Оның ең ірілері – Арал теңізі, Балқаш, Зайсан және Алакөл. Мұхиттардан алыстығына байланысты елдің ауа райы күрт континенталды болып келеді.

Еліміздің минералдық-шикізаттық базасы 5000-нан астам кен орнынан құралады, олардың болжамды құны ондаған триллион АҚШ долларына бағаланады. Республика әлемде мырыш, вольфрам және бариттің барланған қоры бойынша – бірінші орын, күміс, қорғасын және хромит қоры бойынша – екінші, мыс және флюорит бойынша – үшінші, молибденнен – төртінші, алтын қоры жөнінен алтыншы орын алады.

Сонымен қатар Қазақстан батыс облыстарда шоғырланған мұнай мен газдың айтарлықтай мол (анықталған мұнай қоры жөнінен әлемде 9-орында тұр) қорына ие. Сондай-ақ республикамыз көмір қоры бойынша 8-орында және уран қоры бойынша 2-орында.

Қазақстан әлемдегі ең жетекші астық экспорттаушылар ондығына кіреді және ұн экспорттаудан да көш бастаушылардың бірі саналады. Егін шаруашылығы солтүстікте дамыған. Егістіктің 70%-ы бидай, арпа, тары

сияқты дәнді және техникалық дақылдарға тиесілі. Елдің оңтүстігінде күріш, мақта, темекі өсіріледі. Сонымен қатар Қазақстан өзінің бауларымен, жүзімдіктерімен және бақша өнімдерімен де мәлім. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы мал шаруашылығы болып саналады.

Қазақстан елдің құрлықтағы басты байланыстырушы буын ретіндегі тарихи рөлін жаңғыртып, оны өңірдің аса ірі іскерлік және транзиттік хабына – Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік көпірге айналдыруға тиіс «Жаңа Жібек жолы» атты ауқымды жобаны жүзеге асыруда.

Елді ауқымды әлеуметтік жаңғырту жүзеге асырылып, жаңа мектептер, кәсіптік колледждер мен университеттер салынууда. Заманауи медициналық клиникалар мен ауруханалар ашылып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесі жетілдірілуде.


Экономиканың барлық саласындағы тұрақты өсім, халықаралық деңгейде мойындалу, саяси тұрақтылық қазіргі Қазақстан қоғамының өсіп-өркендеуінің негізіне айналып отыр. Қазақстан – өзінің мәдени дәстүрлерін сақтаған және зор жасампаз әлеуетін қазіргі әлемде табысты жүзеге асырып отырған, болашаққа ұмтылған ел.



ҚАЗЫҒҰРТ

Әлемде табиғаты әсем әрі таңғажайып көрікті жерлер көп-ақ. Олардың пайда болуы мен аталуының әртүрлі нұсқадағы тарихымен қоса, ел жадында сақталып келген аңыз-әңгімелер де кеңінен тараған. Ерте кезде барлық дүние тұтқасы деп танылған Қазығұрт тауы да – осындай қиял-ғажайып аңыздарға толы қасиетті мекен. «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған?!» – деген жыр жолдары ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Сондықтан Қазығұрт десе болды, көз алдымызға биік шыңында кемесі бар тауды елестететініміз анық. Түркі тілдес халықтарда ортасында бұл киелі мекен адамзаттың алтын бесігі болған деген сенімге ие. Жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар кемесін әр ел аңыздарында өздерінің қасиетті тауларына, ал қазақтар Қазығұрт тауында қайырылтады. Қазығұрт асуынан динозавр сүйегінің табылуы мен өзге де жаратылыс құпияларын зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Қазығұрт, Қаратау, Қаржан, Өгем таулары аралығы тіршілік ерте пайда болып, адамзат баласы осы маңда тіршілік еткен деп айтуға болады. Жерұйық іздеген Асан қайғы бабамыз өз толғауында: «Қазығұрт – Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен, Нұх пайғамбардың кемесі қалып, қасиет табылған тау екен.

«Жемісі көп, жері көп,
Жер төресі мұнда екен.



Жігіті көп, ері көп,
Ел төресі мұнда екен», –
деп сүйсінген тау болса, Мағжан ақын:
«Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?» –
деп жыр төкті.

Ал жер шарында Нұх пайғамбардың кемесі қалған дейтін қасиетті таулар аты санаулы ғана. Палестинада – Синай тауы, Араб Әмірлігінде – Аль-Жуди, Арменияда – Арарат және түркі әлеміне ортақ киелі Қазығұрт тауы. Қазығұрттың қазақ жерінде болуы – ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш. Бүгінде Нұх пайғамбардың ағаш пен металдан жасалған кемесінің макетін Қазығұрт тауларының биік бір шыңынан байқауға болады. Тау биігіндегі кемеге арнайы жасалған баспалдақ арқылы көтерілетін саятшылар шыңдарын қар басқан Тянь-Шань тауларының ғажайып суретіне куә болады. Дегенмен, Пайғамбар кемесіне айлақ болған тау бүгінгі «Кемеқалған» шыңынан жырақта орналасқан деген де жорамал бар. Тау басына шыққанда ортасынан қақ бөлінген екі жартасты жер бар. Бұл «Адам ата мен Хауа ананың жартасы» аталады. Мұнда келушілер үшін ең жауапты нәрсе – осы қос жартастың ортасынан өту. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша «бұл екі көне тастың арасынан кез келген адам өте алмайды. Тек жүрегі таза, денсаулығы мықты жандар ғана

кедергісіз өтіп кете алады» деген наным-сенім қалыптасқан. Екі жартастың қуысынан өту 13 жастан асқан жандарға ғана рұқсат етілген. Алғаш қадамды оң иықты алға ұстай отырып, ені 14 см, ұзындығы 30 метрлік бұл қуыста кідіріп, не тоқтап қалуға болмайды екен. Барғандардың айтуы бойынша, Қазығұрт тауына жасаған сапарда жұмбақ та ерекше әсерді осы жартас қуысында тұрып сезінетінін байқаған.

Қасиетті Қазығұрт тауының барған адамды түрлі сынаққа салатын бұдан басқа да құпия жерлері бар. Әсіресе, «Ана құрсағы» деп аталатын шатқалдағы қуыс үңгірше киелі ұғымға ие. Ертеректе ата-бабаларымыз «тіл-көзден сақтайды» деп осы бір кішігірім қуыстан балаларын кіргізіп алатын болған. Қазығұрт тау қойнауындағы дәлелдеуі қиын таңғажайып табиғи құбылыстар кімді де болсын қызықтырады. Тау алқабы мен беткейлерінде жұп болып сомдалған түрлі жануарлардың мүсінді пішіндерін байқауға болады. Мұнда тасбақадан бастап пілге дейінгі жануардың барлық түрін кездестіруге болады. Ең таң қалдырары – бұл мүсіндердің барлығын Табиғат Ананың өзі жасаған, ешқайсына адам баласының қолы тимеген.

Жер жүзін топан судың басуына байланысты халқымызға тән тағы бір аңыз нұсқасы сақталған. Нұх пайғамбар кемесі жеті ай, жеті күн, жеті сағат жүріп Қазығұрт тауының басындағы жартасқа келіп тоқтайды. Сонда тау мен өлкеде тіршілік белгісі бар ма, жоқ па білу үшін кемеден ең бірінші құстарды жіберген екен. Құстар ұшып кетіп, қайта оралмапты. Тек қарлығаш қана бұтақты жасыл жапырақты тістеген күйі қайта ұшып келген. Міне, осыдан бастап қарлығаш қазақ халқы үшін адалдық пен молшылықтың, бірлік-берекенің символы болып қалған. Сондықтан да халқымыз қарлығаштың ұясын бұзбайды және бұл құс ұя салған жерге бақ-береке қонады деп білген. Содан кейін ғана адамзат баласы Қазығұрт тауында жаңа өмір бастап, ұрпақ таратқан деп есептеген.

Қазығұрттың басындағы кемеден басқа бұл тарихи өлкеде келушілердің назарын өзіне аударар көптеген архитектуралық және мәдени ескерткіштер бар. Олар ежелгі тарихтан сыр шертеді. Мұнда «Ақ бура», «Тамшы бастау», «Қазығұрт ата мазары» сынды киелі орындар көп. Бұл жерге саяхат құрушылар тау үңгіріндегі мешітті көріп, «Шелтір ата» мен «Әңгір ата» және «Оспан ата» мазарларына барып құран бағыштайды. Өз заманында еліне сыйлы қария, данышпан тұлға болған Қошқар атаның бейіті де осы маңда. Қазір Нұх пайғамбар кемесіне байланысты аңыздарға орай Синай мен Арарат тауы әлемдік деңгейде туризмнің орталығына айналып, атағы асып отыр. Ендеше жасампаз тәуелсіздіктің арқасында Қазығұрт тауының да әлемге атағы шырқайтын болады.

ҚАПШАҒАЙ

Қазақ халқы қашаннан «Сулы жер нулы жер» дейді. Нулы жерге ту тігеді, сулы өңірге қоныс тебеді. Қапшағай су қоймасы да сонау 1970 жылдары өзінің етегіне ел қондырды. Қапшағай – Қазақстанның өзен суларын тоспалау арқылы жасалатын ірі көлдерінің бірі, ұзындығы 100 км-ге, ені – 25 км-ге созылып жатыр. Іле өзені бойында Алматы облысы жерінде Қапшағай су электр стансасын салуға байланысты Қапшағай бөгені жасалды. Қапшағай атауы көне түркі тілінде «тар шатқал, қысыңқы жер» деген мағынаны береді.

Жетісудың ең ірі өзенінің бірі Іленің бойынан үлкен су электр орталығын салудың алғашқы жобасы 1942 жылы жасала басталған. Іле өзеніне ГЭС салу жөніндегі ең алғашқы ұсыныс Жетісудың жер жағдайын жақсы білетін қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың аузынан шыққан делінеді. Оны алғаш болып ғалым-энергетик, бұрынғы республика Ғылым академиясының президенті, академик Ш. Шокин қолға алған. Қапшағай ГЭС-і арқылы Алматы мен Талдықорған қалалары, оның төңірегіндегі аймақтар түгелімен электр қуатымен қамтылды. Шеңгелді алқабы және басқа да көптеген егістік жерлер осы бөгет суының арқасында жанданды. Қапшағай су қоймасы еліміздегі шаруашылық маңызы бар және өсімдік қоректі балықтардың таралуын реттейтін ірі су қоймалардың бірі болып табылады.



Қапшағай қаласының салынуы арқылы өндіріс кәсіпорындары көбейіп, бірнеше жүздеген адамға тұрақты жұмыс орны ашылды. Атқарылған орасан зор еңбектің қызығын қазір қалың жұртшылық көріп отыр, әр жаз сайын көлдің жағасы алыс-жақыннан келген демалушыларға толады. Бұған қоса, тарихи орындар да Қапшағайдан алыс емес. Іле өзенінің оң жақ жағалауында, Қапшағайдан бес шақырымдай жерде жартастарға салынған 2 мың жылдық тарихы бар суреттер мен таңба-пертоглифтер бар. Олар көне дәуірлерден сыр шертеді. Сондай-ақ әйгілі «Көшпенділер» фильмінің декорациясы үшін тұрғызылған «Түркістан» кешені де осы маңайда.

Қапшағай жағажайын жағалай демалыс аймақтары қоршап жатыр. Қазіргі таңда бұл Алматы облысы бойынша жазғы уақытта жағалаудағы демалыс ретіндегі ең көп адам қабылдайтын аймақ болып табылады. Жағалаулық коттедждер мен көптеген демалыс үйлері орналасқан солтүстік жағалауы өте танымал болып келеді. Көптеген демалыс үйлері осындағы кешендердің бір бөлігі болып келеді. Алматының серік қалаларын салуға арналған G4 жобасын іске асыру мақсатында су қоймасының солтүстік жағалауына «Жаңа Іле» деген қаланың құрылысы басталды. Бұл келешекте ірі туристік және ойын-сауық орталығына айналмақ.



ҚАРАТАУ

Қаратау атаулы таулар Азия мен Еуропада кездеседі. Мәселен, XX ғасырдың басында Балқан түбегіндегі Черногорияны Алаш зиялылары Қаратау деп атағаны белгілі. «Қазақ» газеті Балқанда соғысып жатқан Түркия, Болгария, Сербия және Қаратау мемлекеттерінің тарихы мен тағдырынан үзбей хабар беріп тұрды. 1913 жылы былайша жазған екен: «Қаратау патшалығы терең жағасында, тау басында болып, өзі жарлы, халқы аз патшалық еді... Баяғыдан бері кішкене қалпында тұрған бір патшалық».

Қазақстанда Қаратау атауы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының аумағындағы тау жоталары ретінде кеңінен танымал. Мұндай атаулы тау Маңғыстауда да бар.

Қаратау жотасының оңтүстіктегі ұзындығы 500 шақырымға жуық болғанымен негізгі дені Жамбыл облысының аумағында орналасқан. Ең биік шыңы 2000 м-ден асады. Қаратау қойнауы минералды ресурстарға (полиметалл, фосфорит, тау сағызы) бай. Мал өсіруге де қолайлы. Өйткені мұнда жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері бөктерінде 200–400 мм, тауда





400–600 мм. Қыста орташа температура $-6-10^{\circ}\text{C}$ шамасында. Жануарлар әлемі сан алуан болғандықтан, әрі оларды қорғау мақсатымен тәуелсіздік тұсында Қаратау қорығы құрылды.

Қаратаудың ұлттық тарихымызда алатын орны ерекше. Біріншіден, мұнда Қазақстандағы алғашқы адамдардың тұрақтары, Қызыл тау, Бөрі қазған, Тәңір қазған (б.з.д. 800 мың жылдан – б.з.д. 140 мың жылға дейін) деген жерлер адамзат өркениетінің эволюциясынан мол ақпарат берді. Б.з.д. 2–1 мыңжылдықтарда дүниеге келген Қаратау петроглифтерінен байырғы тұрғындардың сенім-нананымын, салт-дәстүрлерін, экономикалық өмірін, аңшылық кәсібін, соғыс өнерін көруге болады.

Екіншіден, Қаратау жоталарында қазақ халқы мен мемлекеттілігінің тағдырын анықтаған ұлы оқиғалар орын алды. Олар сақтардың сыртқы жаулармен соғысының, ғұн заманындағы халықтардың қоныс аударуының, байырғы түркі өркениеті табыстарының, ислам дініне енудің, қазақ хандығының өсіп-өркендеуінің куәгерлері.

Үшіншіден, халықтың Қаратауға құрметі Қаратаудың халық санасы мен жадындағы орны, қасиет-қадірі бабалар сөзінде тұнып тұр. Қаратау аңыздары Адам ата мен Хауа анадан тарап кешегі кеңестік жылдардағы оқиғалар мен тұлғаларға дейін қамтып жатады. Әсіресе XVII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысына байланыстылары танымдық және тәрбиелік тұрғыдан мейлінше маңызды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қасіреті ұрпақтан-ұрпаққа «Елім-ай» әні арқылы аманатталса, мұндағы «Қаратаудың басынан көш келеді» деген жолдармен басталатын өлең ұлы апаттың геосаяси, демографиялық, экономикалық өшпес зардабын сипаттаған нышанға айналды.

Қаратау атауы оның жұмсақ табиғатымен байланысты болса керек. Жоталарды қыс айларында қысқа мерзімге ғана қар жабады, осы себепті қара түсі оның атауын анықтаған сияқты.

ҚАРҚАРАЛЫ

Қарқаралы – шағын қала ғана емес, бүкіл атырабы – ашық аспан астындағы мұражай әрі тарихи орын. Қатпар-қатпар тасы, мың бұрала билеген жасыл ормандары шежірелі тарихтан ерекше сыр шертеді. Қарқаралы тарихи-мәдени орындарының тәуелсіздік жылдарында ерекше сипатқа ие болып, мемлекеттік дәрежеде қорғауға алына бастады. Қасиетті өлкеде орта жүздің ұлы биі Қаз дауысты Қазыбектің, тәтті күйдің тәңірі Тәттімбеттің, өр Мәдидің тұғырлы ескерткіштері, ардақтылар аллеясы мен Қаһармандар кешені, «Бәйтерек» алаңы, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров алаңы (Қарқаралы қаласында) т.б. нысандар қосылды. Туғанына 200 жыл толу қарсаңында Тәттімбет ауылдық округінде ұлы күйшінің мүрдесі қойылған қорым жөндеуден өтіп, абаттандырылды. Заман талабына сай келбетке ие болған, жаңадан салынған мәдени-танымдық қызмет көрсету ғимараттары да бірқатар. Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың туған жеріндегі су ішкен құдығы мен қыстауы мерейтой қарсаңында күрделі жөндеуден өтіп, тарихи ескерткіштер нысанына алынды.

Қарқаралы қаласындағы «тас базар» әлі күнге дейін халық игілігіне қызмет атқарып, өзінің құндылығын жоймаған. Сондай-ақ Қарқаралы тарихи ұлы қазақ ағартушысы, ақын-аудармашы, композитор Абай Құнанбаевтың атымен тығыз байланысты. Оның Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған әкесі Құнанбай қажы мұсылман мешітін салу және қайырымдылық қызметін




атқару арқылы өз есімін тарихта қалдырды. Бүгінде Құнанбай қажы салдырған көк мешіт сол қалпында өзінің тарихи болмысын өзгертпей сақталған. Тек сыртқы келбетін безендіріп, жөндеу жұмыстарын ғана жүргізіп келеді. Ұлы Абай тұрған үйде қайта жөндеуден өтіп, тарих пен мәдениеттің ескерткішіне айналды. Абай тоқтаған үйде қазіргі таңда аудандық саз мектебінің филиалы жұмыс атқарады.

Қарқаралы – ешбір қалаға ұқсамайтын, өзіндік кескін-келбеті, сәулеттік өзгешелігі, бай тарихы бар орталық. Бір қаланың өзі – мыңдаған туриске жәдігерін ұсына алатын эскпонаты көп орталық. Тарихқа көз жүгіртсек, құла түзде құлан, арқар жайылып, орман-тоғайымызда аю мен бұлан жортқан замандарда бұл өңірде жер бетіндегі ең алғаш мекендеген адам баласы болғаны белгілі. Тіпті, жыртқыш жануардың ең алғашқы тұқымдасы динозаврлардың болғанын да тарих ақиқаттады. Оған дәлел – қала басындағы «Суық бұлақ», «Үш үңгір» қазба орындары. Тіпті, шежірелі Кент тауларының маңындағы Талды қорымынан табылған «Алтын адам» жәдігері де көне сақ, ғұн тайпаларының дәуірлеу кезеңінің белгісі. Сол тұстағы жарты әлемді жайпаған ұлы бабаларымыздың құтты мекені де Қарқаралы болғаны – айғақты тарих. Сондай-ақ соңғы археологиялық қазба жұмыстары жүрген Белдеутастың да құпиясы сақ, ғұн мәдениетінен бастау алып, бүгінде өткеннен сыр шертіп тұр.

Кейін Қарқаралы қаласының алғашқы орнау кезеңінде уезд округіне орыс мұжықтарының көзі түсіп, алғашқы орыс көпестері мен шаруалары келе бастады. Қала құрылысының алғашқы кезеңінде орыс әскерилері мен орысша сауатты казактар көптеген үй тұрғызып, тіршілік қауымына етене араласып кетті. Тағдырлары біте қайнасқан халқымыз оларды бауырына басып, бірге тату-тәтті ғұмыр кешіп, аялы алақандарын аямады. Орыс мұжықтарының қаладағы қызыл кірпіштен соққан үйлері әлі де сол бәз қалпында сақтаулы. Ондай үйлерді Қарқаралыдан көптеп кездестіруге болады.

Қарқаралы – таланттар туған қасиетті топырақ. Қарқаралы белгілі саясаткерлер, әдебиет және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен саяхатшылар ат басын бұрмай кетпейтін ірі қоғамдық-саяси орталыққа айналған. Қарқаралы өңірінің ең тамаша суреттемелерінің бірін аса көрнекті қазақ ғалым-этнограф, тарихшы, географ Шоқан Уәлиханов жасаған. Қарқаралы туралы жазбаларды ресейлік саяхатшы Г. Потанин де қалдырған. Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын ол тоқтаған көпес Андрей Рязанцевтің үйі бұл күнде қалада тарих пен мәдениет ескерткіші санатында сақталып келе жатыр. Қарқаралы – Қаз дауысты Қазыбек би, сазгер Тәттімбет, Кенже шешен, әнші Мәди, саяси қайраткер Әлихан Бөкейхан, алғашқы қазақ заңгері Жақып, Ақбаев, от ауызды ақын Шөженің туған жері.

Ұлтымыздың біртуар мемлекет қайраткерлері Нығмет Нұрмақов, Жақып, Ақбаев, Әлімхан Ермеков, қазақ ән өнерін әлемге, Париж сахнасында әнәуелеткен Әміре Қашаубаев, жезтаңдай әнші Жүсіпбек Елебеков, дауылпаз, ақын Қасым Аманжолов, халық жазушысы Әлжаппар Әбішев, Қазақстанның халық әртістері Қалибек Қуанышбаев, Совет Одағының батырлары Нүркен Әбдіров, Мартбек Мамраев, тұңғыш қазақ ғарышкері, генерал Тоқтар Әубәкіров секілді ірі тұлғалардың отаны.



«Қарқаралы» сөзінің шығу тарихы туралы деректер де, тарихи әпсаналар да көп. Шежірелі қарт Қарқаралының кербез де сұлу, көрікті тауларының алыстан қарағандағы пішіні қазақ әйелдерінің дәстүрлі бас киімі қарқараға ұқсап келеді. «Қарқара» сөзінің енді бір мағыналық сипаты «тәж» мағынасында. Ертеде ел билеген көсемдердің, хандардың басында қарқарасы болған. Ендеше Сарыарқаның сайын даласындағы бұл таулар ханның басына киген алтын тәжі сияқты, қарқарадай болған соң бұл өңір халық аузында Қарқаралы өңірі аталып кетуі әбден мүмкін. Өйткені Қарқаралы таулары – тым ерте дәуірде түзілген таулы қырат. Дей тұрғанмен, Қарқара атауын қоя тұрып, «Қарқаралы» деген сөздің ұғымын ашатын болсақ, біз, әрине, көне қаланың өзін, оны қоршай біткен әсем табиғатты да айтамыз. Олай дейтініміз – бар сұлулық пен әсемдікті бойына жинаған бұл өңірді талай ақын жырға қосқан.

Қарқаралы қаласынан оңтүстік-шығысқа созылып жатқан Кент таулары, ал одан шығысқа қарай Балқантау сілемдері ерте тектоникалық тау түзілу жоталарынан құралған. Олар да бойларына жинаған, талай тарихи шежіре тұнған сұлу мекен. Сонымен, бұл Қарқаралы – Алаштың алтын бесігі. Осы қасиетті топырақта 1905 жылы «Алаш!» ұраны тасталып, ұлт қайраткерлері ел болу, азаттық алу мәселесін қозғап, атақты «Қарқаралы құзырхатын» даярлаған.

ҚОЗЫБАСЫ

Ұлы даладағы ұлттық мемлекет туралы сөз қозғағанда Қозыбасы ономастикасын айналып өту мүмкін емес. Қазақ хандығы шаңырақ көтерген Қозыбасы аумағы туралы 16 ғасырда М.Х. Дулати, XIX–XX ғасырларда орыс, ағылшын, өзбек, қазақ, қырғыз ғалымдары жазғаны белгілі. Қазақ хандығының 550-жылдығын тойлау барысында Қозыбасы мекенінің қайда орналасқаны түпкілікті шешілмегені тағы да күн тәртібіне қойылды. Әр жылдары оны Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Хан таумен, Қарағанды облысындағы Қозыбақ мекенімен, Алматы облысындағы Жамбыл ауданындағы, Жамбыл облысының Қордай ауданындағы мекендермен байланыстыра жазылған зерттеулер бар.

Ой додасының ең орнықтысы ғұлама-ғалым Ш. Уәлихановтың 1856 жылы жазған пікірі деп есептейміз. Қозыбасы Верный қаласынан (қазіргі Алматы) екі күндік жерде деген болатын ол. Қозыбасының Алматы облысы жерінде орналасқанын ақын Ж. Жабаяев «Сұраншы батыр» поэмасында, тарихшылар С. Асфендияров пен П. Кунте 1935 жылы жариялаған құжаттар жинағында нақты көрсетеді.

Қозыбасы Жамбыл облысында орналасқанын дәйектеушілердің сүйенетіні – «Тарихи-и-Рашидиде» Шу өзенінің Қозыбасымен қатар аталуы түптеп кел-

генде М.Х. Дулатидың бұл кітабында – түпнұсқада «Джуд» немесе «Джу» деген жерлер аталған. Ұзындығы бір айлық жол делінеді. Оны Шу өзені деп алғаш түсініктеме берген академик В.В. Бартольд еді. Демек «Джуд» немесе «Джу атауларын Шу өзенімен байланыстыру ақиқаттың соңғы нүктесі емес.

Әйгілі археологтар К. Ақышев пен М. Хабдуллина Қозыбасы орналасқан жерді беймәлім аумақ («терраинкогнита») деп атады. Парсы деректерінің маманы Н.Ә. Атығаевтың пікірінше, «Джуд» («Джу») ұғымына Шу өзенінен шығысқа және оңтүстік шығысқа созылатын, солтүстік Қырғызстанды қоса алғанда, үлкен аумақты жатқызу керек.

Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Тарғап пен Жиренайғыр өзендері аралығында орналасқан Қозыбасы қыраты формасы жағынан қозының басына ұқсас. Атау осыған байланысты қалыптасса керек. Қалай болғанда да – Қозыбасы ұлттық тарихымызда ерекше қастерлейтін нысан мәртебесіне лайық.


Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан бері қолға алынған «Туған жер» және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобалары ұлттық тарихымызды ақтаңдақтардан арылтуға айтарлықтай серпін берді. Іргелі оқиғалар орын алған өңірлер мен аумақтар жайлы деректер жаңаша ой елегінен өткізілуде, тың мәліметтер анықталуда. Алдағы уақытта Қозыбасы мекеніне байланысты жаңа зерттеулер жарық көруі керек. Өйткені тап осы жерде алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек мемлекеттігіміздің әлеуметтік, рухани, саяси негіздерін қалыптастырып әлемдік бәсекедегі қабілеттілігін шыңдады.



ҚОЙЛЫҚ

Қойлық – Іле өзені алқабындағы аса ірі ежелгі қала. Деректемелерде XI ғасырдан бастап белгілі, бір кезде ол Қарлұқ қағаны – Арыслан ханның ордасы болған. Франция королі ІХ Людовиктің елшісі Вильгельм де Рубрук «Шығыс елдеріне саяхат» кітабында Қойлық қаласында 1253 жылы күзде болғанын жазған. «Іле өзенінен өткел арқылы өткеннен кейін оған көптеген көпестер қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық» деп жазды. Қойлық атты көне қала Ащы Бұлақ өзенінің жағалауларында, Талдықорған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 190 шақырым жерде, Алматы облысының қазіргі аттас Қойлық ауылында орналасқан. Бұл Қарахан қағанатының түркі-қарлұқ жеке иелігінің қарлұқ-жабғу астанасы болғаны XI–XIII ғғ. басындағы жазба деректерінен белгілі.

Қаланың тұрған орны туралы түрліше жорамалдар бар. Қазақстан ҒА археологиялық зерттеулер Қойлықтың орны Лепсі алабындағы Антоновка ауылындағы қираған құрылыстар екенін анықтады. Қаланы қоршаған дуалдың биіктігі – 3,5–4,5 м. Бұрыштарының сұлбасы дүниенің төрт тарапына бағытталған орналасқан төртбұрышты төбе. Солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы –



1200 м, оңтүстік-батыс қабырғасының ұзындығы – 750 м. Сыртқы қабырғасының бойында бір-бірінен 30–40 м қашықтықта орналасқан дөңгелек мұнаралардың қалдықтары сақталған. Олардың кейбіреулерінің қазіргі биіктігі 6–8 м-ге жетеді. Қойлықтың орнын қазғанда I–IV ғасырлардағы қала адамдарының тұрақтары, қыштан жасалған ыдыс-аяқтар – құмыралар, көзелер, кеселер табылды. Одан табылған қола теңгелер қаланың VIII–XIV ғасырларда ірі өркениет орны болғанын дәлелдейді.

Соңғы жылдары қала аумағынан бірнеше тұрғын үй, будда ғибадатханасының орны ашылған. Сондай-ақ кейінгі жылдардағы қазба жұмыстары нәтижесінде мешіт орындары да табылған. Олардың құрылысы мен нобайы Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Отырар алқабындағы мешіттерге өте ұқсас. Соған қарағанда мұндағы ислам дініне енген қауымдастықтардың орталығы Отырар төңірегінде болған сияқты. 2001 жылы күйдірілген кірпіштен салынған «хаммам» түріндегі монша табылған. 2004–2005 жылдары столп түріндегі жұма мешітін, «манихей» ғибадатханасын, қасбеттері әсем оюлы күйдірілген сары сазбен безендірілген кесенелерді, сонымен қатар кесенелерге жақын орналасқан ханаки аршылды.

Қала кең аумақты алып жатқан, оның бекініс дуалдары, өзіндік жобасы және тіпті тұрғын үйлерді жылыту жүйесі болған. Оның ішінде буддизмдік ғибадатханалар, мұсылман мешіттері және Рубруктың сипаттамасына қарағанда христиандық шіркеулер болды. Қала аумағын жау шапқыншылықтарынан тау етегіне жанасқан 4-метрлік бекініс дуалы қорғаған.



Археологтардың мәліметіне қарағанда, Қойлық қарлұқтардың Ұлы Жібек Жолының маңызды саяси-экономикалық және мәдени орталық болған.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы оған кең көлемде қазба жұмыстарының жүргізу мүмкіндігінің жасалуы қаланың экономикасы, қала тұрғындарының әлеуметтік өмірі, қолөнер мен сауда, құрылыс технологиялары мен сәулет өнері, монументалды және қолданбалы өнері, тұрғылықты халқы ұстанған діндері туралы мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Бұл жерде исламның, буддизмнің, христиандықтың, манихейліктің бейбіт қатар өмір сүруінің өзі Қазақстанға ежелден тән толеранттық дәстүр туралы мәлімет береді.

Көне қаланың қираған орны тамаша сақталған, ғалымдардың айтуынша, оларды кейінгі мұражайға орналастырумен бірге сақтау туристердің назарын өзіне қарату және осы аймақты Қазақстан Республикасының туризм инфрақұрылымына қосу үшін үміт артар сала болып табылады. 2013 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қойлық ескі қаласын ЮНЕСКО Дүниежүзілік тарих және мәдениет ескерткіштер тізіміне кіретін мұралардың қатарына қосты.

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Мәңгілік ел идеясы – Қазақстанды жаһандану үдерісі мен әлемдік дағдарысқа қарсы тұрғызып, қашанда еркіндікті, бостандықты аңсаған халқымызға тың серпін, соны ойлар ұсынатын иті бастама. Мәңгілік ел идеясы халықтың сан ғасырғы арман-тілегінің заманауи сипаты. Желмаясына мініп Жерұйықты іздеген Асан қайғы, желмаясына мініп өлмес өмірді іздеген Қорқыт ата туралы аңыздарға арқау болған халық философиясы да осы Мәңгілік ел идеясына келіп саяды.

Елбасы Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан – 2050» стратегиясының түпқазығы етіп алып отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мәңгілік ел ата – бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терзесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүретінін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деп атап көрсетті.

Мәңгілік ел ұлттық идеясын қазақстандықтар зор жауапкершілікпен қарсы алды. Ортақ шаңырақтың астындағы ұйысқан қазақстандықтар үшін мәңгілік елдің жамағаты болу – үлкен мәртебе. Бұл қасиетті мекенде көптеген ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті күн кешіп, «бір халық – бір ел – бір тағдыр» болып ортақ ұлттық мүдделерге жету жолында еңбек етіп келеді. Халқымыздың қатпарлы тарихындағы оқиғаларға зерделей көз салған адам басына қилы тағдыр, зар заман төнсе де, өткен күндердің сусыған құмсағатымен құрдымға жұтылып кетпей, замана көшімен бірге ілесуінің сырын сезеді.

Міне, осыны Елбасы: «Бүгінде олар тегі басқа болғанымен теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді. Осылай, елдігіміздің ертеңі опақтың ұшпағаны сияқты «бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып тұр», – деген салиқалы оймен жеткізеді.


Президенттің тікелей бастамасымен бой көтерген Мәңгілік ел салтанат қақпасы – өткен мен келешекті жалғап, бүгінгі мәртебемізді паш ететін мәдени итілік. Бұл қақпа еліміздің әлемдік қауымдастық таныған абыройлы ел болу құрметіне арнап салынған мемлекет пен ұлттың тұмары іспетті. Ол қазақ

ұлтының болмысы мен тарихын, жас мемлекеттің аяққа тұруы мен дамуының алғашқы 20 жылда жеткен жетістігін әйгілеу үшін бой көтеріп, Елордамыздың сәні мен салтанатын көтеруде. Қақпаның сол жағынан орын алған Ақсақал қазақы санадағы даналықтың, данышпандықтың, ғұламалықтың нышаны, халықтың рухы мен ойының қорғаушысы ретінде көрініс алса, қақпаның оң жақ бетіндегі Әйел-Ананың бедерлі мүсіні Отанға, туған жерге, туған тілге деген махаббат сезімдерін байқатады. Өйткені ата-бабаларымыз қастерлі ана сөзін қасиетті отан, тіл, жер ұғымдарымен байланыстырған.

Қақпада көрсетілген композициялардың тақырыптары қазақ жұрты үшін мәңгілік тақырыптарды қамтыған. Әрбір мүсіннің жоғарғы жағында орналастырылған мемлекеттің елтаңбасы нысанға айбындылық беріп, оның мемлекет үшін ерекше маңыздылығын көрсетеді. Композицияның маңдайшасында жазылған «Мәңгілік Ел» тіркесі ұлттық идеяны сипаттайды. Ал ең жоғарғы бөлігі Көк байрағымызда қолданылған күрделі ою-өрнектермен әсемделіп, күн мен қыран құс бедерленген. Күн – күн мен энергияның көзі. Символикалар тілінде бүркіт мүсіні мемлекеттік билікті, кеңдік пен

көрегендікті білдіреді. Қақпаның төрт бұрышындағы діңгектер, басқа да мүсіндер мен иллюстрациялар қақпалардың классикалық үлгісіне тән өрнектер болып табылады.

Мәңгілік ел ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы бірлік екенін атап өткен жөн. Бірлік – елдің рухани, мәдени, тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістіктегі біртектестігі. Мәңгілік ел сөзі – мәңгілік Тәуелсіздік ұғымымен де астасады. Ал бостандық, еркіндік, тәуелсіздік ұғымдары – халықтың асыл арманы. Ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Тарихта мемлекет пен қоғам көшбасшылары халықтың интеллектуалдық күш-қуаты мен ұлттық ресурсын біріктіріп, ортақ мақсатқа бастайтын жалпыұлттық идея тауып отырған. Қиын-қыстау кезеңде ұлтты алға сүйреп шығаратын ұлы күш те осы идеялардан тараған. Мұратсыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Ендеше, Елбасы көтерген «Мәңгілік Ел» идеясы да Қазақстанды әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атандыратын болады.



МЕДЕУ

Медеу дегенде көз алдымызға күнге шағылыса жалтылдаған қарлы шыңдар, аспанмен таласқан Тянь-Шань шыршалары, таудың қоңыр салқыны, жұпар иіс пен тап-таза ауа елестейді. Дүниежүзіне осы атпен танылған әлемдегі ең ірі спорт кешені Алматы қаласынан 18 шақырым жерде, яғни, Кіші Алматы шатқалында, теңіз деңгейінен 1691,2 м биіктікте орналасқан. Табиғи мұз айдыны ретінде 1951 жылы пайдаланыла бастады. «Медеу» кешенінің айналасын 21 мың гектар болатын орман-тоғай қоршап жатыр. Онда қайың, көктерек, қарағай мен шырша, долана, шетен сынды ағаштар өседі. Басын мұзарттардан алып жатқан мұздай тау өзенінің гүрілі алыстан естіліп тұрады. Ғарыш сәулелері ғылыми станциясы, Үлкен Алматы Көлі, Жоғарғы Горельник сарқырамасы, Алматыны селден қорғап тұратын бөгеттер, Терренкур және сегіз жүзден астам сатысы бар баспалдақ «Медеудің» атын одан әрмен асқақтатып тұр десе де болады.

Осы бір ертегі сынды әсем табиғатқа бай жерге байланысты ел аузында әртүрлі аңыздар да айтылады. Соның бірі мынадай: «Сонау ерте замандарда асқар Алатаудың баурайында бір мұңды жас сұлу пайда болыпты. Ол жалғыздық туралы қайғылы әндер салады екен. Әнін айтып болған соң, жартасқа жақындап, қолындағы суын тастарға тигізген көрінеді. Сонда жар екіге айырылып, үңгірге кіретін есік ашылыпты, ал үңгірдің ішінде үлкен сандық бар екен. Сұлу қыз ойланбастан барып, сандықтың бетін ашады. Ештеңе жоқ. Қыз жылай бастайды. Осы сәтте сандықтың түбіне тиген көз



жастары алтын теңгелерге айнала бастайды. Осы оқиғадан кейін байлыққа кенелген бойжеткен кедей-кепшіктерге ақша үлестіріп, көмектесетін болған.

Алайда бір күні бұл туралы зымиян пері біліп қояды да, іштарлығы ұстап үңгірдің қақпасын біржола бекітіп тастайды. Қыздың мейіріміне бөленген адамдар оны іздеуге шығады, тау-тасты қопарады. Алайда, оның қайда қалғанын ешкім де таба алмаған екен...».

Аңыздың аяғы бүгінге дейін жалғасып келе жатқандай. Бұлай дейтініміз, бүгінде «Медеу» кешені ірі дәрежедегі жарыстарға қатысатын әртүрлі елдің жүйріктеріне алтыннан алқа тағып жүр. 1983 жылдан бері «Медеу» мұз айдынында спринтерлік және классикалық көп сайыстан т.б. спорт түрлерінен әртүрлі халықаралық жарыстар өткізіліп, дүниежүзілік, еуропалық және ұлттық рекордтар жасалып үлгерді.

Шымбұлақ, Талғар асуынан салынған ұзындығы 3500 метр болатын шапшаң сырғанап түсу жолы мен еңістігі 11–29 градус, ұзындығы 1500 метр алып жол спортшыларымызға үлкен мүмкіндіктер береді. Сапасы жағынан Еуропаның ең таңдаулы деген шаңғы жолдарына беріспейтін, ал сырғанау қасиеті жөнінен олардан асып түсетін құрылыспен мақтана аламыз.

Жарыс өткізілмейтін күндері мыңдаған адамдар, отбасы мүшелері, ғашықтар, мектеп оқушылары осында тынығуға, сырғанауға келеді. Еліміздің басқа қалаларының тұрғындары, шетел туристері Қазақстанның оңтүстік астанасына «Медеу» үшін келіп жатады. Мұнда коньки, тау шаңғысы, шана спортынан басқа альпинизм саласы жақсы дамыған. Қазақстандықтар Іле Алатауының төрт мың метрлік биіктерін сонау 30 жылдардың өзінде-ақ бағындыра бастаған. Сондай-ақ, осы кешенде республикалық, халықаралық өнер байқаулары өткізіліп, бірқатар әншілердің концерттері де беріліп тұрады. Мәселен, «Медеуде» 1990 жылдан дәстүрлі «Азия дауысы» халықаралық





ән байқауы өткізіліп келеді. Осы тұста «Медеу» атауының не себептен берілгендігін де айтып кетейік. Сіз бұған дейін бұл туралы ойланып көрдіңіз бе?


Алматы қаласының атауы әлі Верный болып тұрған тұста, XIX ғасырдың соңында Медеу Пұсырманов деген қоғам қайраткері өмір сүрген. 1850 жылы дүниеге келіп, 1908 жылы небәрі 58 жасында дүниеден өткен. Медеудің әкесі Пұсырман батыр болыпты. Медеудің өзі де жастығында батырлығымен көзге түскен. Малдың бабын жақсы білетін Медеу жағдайын тез жасап алады. Қоғамда сөзі өтетін, беделді кісі болған. 1893 жылдары Верный қаласының кіші болысының бірінде старшын да болған екен. Ағаш егу, үй салу жұмыстарына араласады. Өзі басқарған аудан тез гүлденіп, сол кездердегі ірі құрылыстар бірінші сол ауданда пайда болған көрінеді. Көшпелі халықты отырықшылыққа бейімдеу жұмыстарының басы қасында да болған. Әсіресе, қазақ жастарына ерекше көңіл бөлген Медеу Пұсырманов қазақ балаларына арнап арнайы пансионат та ашқан екен. Өзінің де балалары көп болған. 12 ұл, 8 қыз тәрбиелеп өсіріпті. Қажылыққа да барып қайтқан. Оның атағы, қайырымдылығы, байлығы, қарапайымдығы жайында атақты Жамбыл Жабаев та өз айтыстарында талай мәрте айтқан деседі.

1949 жылы Медеу мұз айдынының құрылысы басталғанда спорт кешеніне Медеу Пұсырмановтың есімін беру туралы шешім бірауыздан қабылданған екен. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы «Медеу» мұз айдыны өз келушілеріне көтеріңкі көңіл-күй, сергектік, шымыр денсаулық сыйлаудан шаршаған емес. Біздің балаларымыз, немерелеріміз де «Медеудің» қызығын тамашалайтын болады деп сенейік!

МҰҒАЛЖАР

Ақтөбе облысы аумағындағы Мұғалжар тауы солтүстіктен оңтүстікке қарай 400 км-ге созылып жатқан үлкен тау сілемі болып табылады. Ені –200 км-дей. Орташа биіктігі – 300 м, ең биік жері – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Мұғалжар таулары Орал жоталары шекараларына дейін созылып, табиғи жағынан Еуропа мен Азияны бөліп тұр. Осыған сай бір асуының биік жеріне белгі ретінде «Еуропа-Азия» ескерткіші орнатылған.

Аңыз-әпсана биік шыңының осылай аталуын ел қорғаған әкелі-балалы қос батырдың есімімен байланыстырады. Ел басына қауіп төнген қасіретті шақта Боқтыбай батыр өзі аз ғана жасағымен қаптаған жауды осы биіктің баурайында күтіп алып, қырғын соғыс салып өткізбей қойса керек. Шайқас арқылы батырды жеңе алмасын білген жау айла-амалға көшіп, батырдың сұлу қызының жүрегін жаулауға әсем өңді, шешен тілді жігітті салып, махаббат дертіне шалықтырады. Тегінде «қыз-жау» деген бостан-босқа айтылмаса керек, опасыз қыз алаңсыз жатқан батыр әкесін қапылыста өлтіріп, жау жігітімен бірге қашады. Сатқынның жазасы тек өлім ғана, батырды өлтіргеніне мейманасы асқан жау қыздың да басын қағыпты. Осы шақта ел арасынан басқыншыларға





қарсы жасақ жинауға кеткен батырдың баласы үлкен қолмен келіп жетіпті. Әкесінің өлімі қарындасынан болғанын білген соң, ыза-кекпен суарылған ер ұлан қаптаған жауды аяусыз жусатып салып, туған жерін азат етіпті. Бірақ соғыс барысында жеті жерден жарақаттанған ол да әкесінің жанына әрең жетіп жан тапсырыпты. Ел-жұрт қос батырды құрмет тұтып, Боқтыбай батырды таудың биігіне, баласын баурайындағы шоқыға жерлейді. Сондықтан да Мұғалжар тауының бұл екі шыңы «Үлкен Боқтыбай», «Бала Боқтыбай» деп аталыпты деседі. Даланың ауызша тарихнамасы бойынша кез келген аңыздың соңында тарихи оқиға жататынына ешқандай дау жоқ.

Геологиялық құрылысы жағынан ғалымдар тауды Орал таулары жүйесінің жалғасы ретінде бір кезеңдерде мұхиттың орны болған деп жорамалдайды. Олар бұл таудың жасалу үдерісі қазір де жүріп жатқанын оның бөктерлерін терең тілімделген жас өзен аңғарларының болуымен айғақтайды. Сонымен қатар Қазақстанның биік таулы жүйелеріне тән ірілі-ұсақты жер сілкінулердегі тектоникалық қозғалыстардың болып жатқаны бойынша дәлелдейді. Оны Батыс Мұғалжар немесе Бас жота бір-бірімен тіркесіп, меридиан бағытында созылатын жеке қырқалар тізбегін түзетініне, Оңтүстік бөлігі биік және қатты тілімденгеніне, Шығыс Мұғалжар тауы аласа, төбесі тегіс шоқылар тізбегі түрінде болса, солтүстік бөлігі айқын тау сипатында, оңтүстікке қарай бірте-бірте аласара беретінімен байланыстылықта ғылыми тұрғыда дәйектейді.

Осыған сай Мұғалжар тауының басқа өңірдегі палеолиттік кешендерден өзгеше болып, ескерткіштерінен алынған тас құралдар арқылы ашель дәуірінен бастап палеолитке дейінгі аралық камтитын кезде пайда болған деп анықтайды.

Мұғалжар – өз өңірінде кентасты және бейкентасты кендер орналасқан аймақ. Ғылыми тұрғыда Ақтөбе облысы жеріндегі Орал металлогендік белдеуінің жалғасы болып саналатын «Мұғалжар мыс кенді белдеуі» немесе «Мұғалжар сирек металдар белдеуі» аталған кенді өлке саналады. Бұл атырапта көптеген мыс кентастар белгілерінің бар екендігі ертеден белгілі болса, кейін Аралша, Авангард т.б. мыс және кентасты кендерінің ашылуы Мұғалжарды жаңа мысты аймақ қатарына жатқызды. Осы белдеу солтүстікке қарай Ортаңғы Ор, Біршоғыр, Сакмара жүйесіндегі Кеңтоғай, Қосестек, Қарғалы кен орындарымен Ырғыз пайдалы қазбалар белдемі Қиялықөл-Қарақұм, Бақсай сияқты кенді аудандарға бөлінеді. Мұғалжар тауы қойнауында мыс, никель, марганец, кобальт, тағы басқа да аса сирек металдардың, фосфорит және тас көмірлі кен орындары бар екені барланған. «Кемпірсай» аталатын өңірінде «Хромтау», «Никельтау» кен орындары ашылған, «Біршоғыр» кен орны аймақты тас көмірмен қамтамасыз етеді.

Мұғалжар шыңы құмдарының кені Батыс Мұғалжар бойында, Ор-Елек (Сакмара-Оралтау) көтерілімінің оңтүстік пен Ор ойпаңында кездесетін құмды алқапта. Құм кендерінде палеоген мен миоценнің континенттік шөгінділерінде шоғырланған. Ірілері Батыс Мұғалжар алды ойпаңындағы Мұғалжар мен Айрық арасында Саз қабатшалары мен линалары бар ақ түсті кварц құмының қалыңдығы 25 м-ге жетеді. Айрық кенінің құмы жоғарғы эоцен жыныстарында ұшырасады. Ор-Елек көтеріліміндегі эоценмен жасты Қараағаш кенінің құмы. Аталған кендердің құрамы терезе шынысы мен шыны ыдыс жасауға жарамды.

Тау атымен аталатын Мұғалжар ауданында «Көтібар батыр кесенесі», «Төлеубұлақ үңгірлері» секілді тарихи ескерткіштер, тұзды көл болғандықтан, шипалы, емдік қасиеті бар «Соркөл», ел аузында «Қырандар мекені» аталып кеткен қыран ескерткіші орнатылған киелі саналатын жерлер де бар. «Орқаш» табиғи қорығы жұмыс жасайды. Мұнда ірі-ірі Сабындыкөл, Ащыкөл, Шіліктікөл, Қамыстыкөл деген көлдер бар.

Мұғалжар тауы Ор, Жем, Темір және Ырғыз өзені мен оның салалары арасындағы суайрықты биіктікті құрайды. Солтүстікке қарай Ор өзені ағып шығады. Ырғыз, Ор, Жақсы Қарғалы және тағы басқа әртүрлі деңгейдегі өзендер аймақты сумен қамтамасыз етеді. Егер Мұғалжардың батыс беткейінің біраз бөлігі егіншілікке пайдаланылса, шығыс бөлігі тек мал жайылымына ғана пайдаланылады.

МҰЗТАУ

Азия құрлығындағы Алтай тау жүйесі ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 км-ге созылып жатса, Мұзтау – оның алтын тәжі іспеттес ең биік шыңы (4506 м). Ұшар басында Үлкен, Кіші Берел, Меңсу т.б. мұздықтары бар, Мұзтауды қазақтар Ақсүмбі, Ақтайқы деп атаса, Алтайдың байырғы тұрғындары оны Уч-Сумер (Үш Сүмер) деп таниды. «Сүмер» деген моңғол тілінде және буддизмдегі «Меру» – «Киелі тау» деген мағынадағы «Үш асқарлы киелі тау» деген атаудан шыққан. Алтайлықтар Мұзтауды «Құдайдың мекені», «Ұлы қария» деп те атайды.

Мұзтаудың ел жадындағы екінші бір атауы – «Қатын Бажы». «Қатын» сөзі ертедегі түркілер тілінде «Ханшайым, асыл тектен шыққан әйел» деген мағына берген. Ал «Бажы» кейіннен өзгеріске түскен «Басы», яғни «Биік» немесе «Шың» сөздеріне келеді. «Қатын Бажы» сөзі қазіргі тілмен айтқанда «Әшпақ тәж киген Ханшайым» мағынасына ие. Тағы бір түсініктеме бойынша Көк Тәңгірге табынған ежелгі елдер арасында «Құдайлар тауы» деген де түсінікке ие болған. Азияның бұл бөлігіне ислам келгенге дейін Көк Тәңгірге табыну кезеңінде Мұзтау «Ұмай ананың отаны» саналған. Ұмай ана – өмірдің бастауы, Тәңірі жаратқан тіршілік иелерінің жарылқаушысы бейнесінде. Ананың сүтін басқадан жоғары қойған түркілер Ұмай ана бейнесін құрмет тұтқан.

Мұзтаудың әшпақ шыңдары ана кеудесі, одан аққан мөлдір су тіршілік сыйлаушы ана сүті деп есептеген. Тәңірі – өмірдің бастауы болса, Мұзтау Тәңірінің жерге тіршілік берген бастауы болып саналған.

Ал Алтайдың теріскейін мекендейтін ежелгі славяндар Мұзтауды «Белуха» деп атайды. Бұл «Белый» сөзінен шыққан, басындағы мұздықтар мен ерімейтін қарларға қарай қойылған деген ұғым бар. Алтайға қоныс аударған алғашқы ескі нанымдағы христиан діні өкілдері (староверы) жұмақтың жердегі бөлшегі – «Беловодье» деген осы Мұзтаудың ішінде жасырылған деп сенген.

Буддизммен, Тибетпен байланысы бар екенін Мұзтаудың қойнауы толы үңгірлерден көруге болады. Тұрғындардың айтуы бойынша Қарлық жазығының екі жағынан созыла орналасқан үңгірлердің тереңдігіне адам бойлап болмайды. Ғалымдар бірнеше мәрте дайындалып кіріп көргенімен түбіне жеткен адам жоқ. Осы жерде Тәңірдің өкілдері шамандар мен Будда монахтарының аңыздарының сәйкес келетіні таң қалдырады. Шамандар бұл үңгірлер Тұрфанға апарады, Көктегі Тәңірді пір тұтқан адам қараңғылықтың да бар екенін білуі үшін арнайы жасаған дейді. Буддистер болса өз аңыздарында үңгірді Тибетке дейін созады. Алтайдан мыңдаған шақырым алыстағы Үндістанда кең таралған аңыз бар. Онда теріскейге қарай ұзақ жүрсең Қатын өзенінің жағасында шыңдары аспанмен таласқан Сумеру тауы бар деп айтылады. Үндінің қасиетті жазбаларында Мұзтауды «төрт мұхиттың кіндігі» деп сипаттайды. Расымен де географиялық жағдайы бойынша Мұзтау үш мұхиттың – Солтүстік мұзды, Тынық және Үнді, тура дәл ортасында орналасқан, сондықтан





да ежелгі жазбаларда «Жер кіндігі» деген атқа ие болуы да тегін емес.

Қойнауы аңыз бен тарихқа толы Мұзтау – киелі орындардың бірі. Алтай туралы көп айтылған, көп жазылған. Қазақтың қара сөзінің ғаламат шеберлері Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей таңғы сәресін «Алтай» деп ашып, тірлігінде Мұзтаумен арыздасып өткендері барша елге аян. Қалихан, Оралхан, Дидахметтің қаламы бәрін қамтып тауыса суреттей алмаған абат та жұмбақ әлем. «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырады. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан кем емес. Бірақ оны жырға қосып, сұлулығын көрсететін ақын, жазушылар жоқ. Мен Мұзтаудың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды мақсат етемін», – деп жазған О. Бөкейдің қаламгерлік кредосына айналғанды. Туған жерінің тау-тасына деген алапат махаббаты мен сағыныштан жазушы «Мұзтаудың Мұзбалағы» атанды.

Ғалымдар таудың қалыптасу жасы 1,5 млн жыл деп санайды. Мұзтаудың етегінде Қатын өзенінің жағалауында «Патшалар алқабы» бар. Берелдің бел ортасында орналасқан бұл жерде б.з.д. III–II ғасырлардағы патша қабірлерінің орны болған деген сенім бар. Терең мұздықтарға жерленген, қойтастармен басылып тасталған қорымдар бертінге дейін «белгісіз халықтар моласы» атанып келген. «Марал қорымы» деген жер атауын Ұлы Түркі қағанатына тікелей қатысы бар, Қағандардың жерленетін орны екені белгілі болған бұл алқаппен де байланысты аңыз өте көп. Жер шарының энергетикалық өрісі осы Мұзтауда тоғысқан деген де сенім бар. Ол энергетикалық өріс ғарышпен байланысты болғандықтан Мұзтау Жер-ананың кіндігі саналады. Тау мұздықтары осы аймақтан басталатын өзендердің толысу көзі болып табылады. Ақ Берел, Қатын, Берел, Меңсу, өзендері Ақтаудан бастау алады.

Мұзтау – ғылыми, мәдени және тәжірибелік тұрғыдан да құнды киелі орын. Мұзтау бөктерлерінде Ресей, Қытай, Қазақстан және Моңғолияның шекаралары ұштасатындықтан, бұл жерге жылына жүздеген альпинистер, мыңдаған туристер тоғысады.

НАУРЫЗЫМ

Қазақстанның көрікті жерлерінің галереясында жазық далалы, бетегелі-жусанды алқапта орналасқан, 80 жылдан астам тарихы бар байырғы Наурызым қорығының алатын маңызы зор. 1931 жылы ұйымдастырылған (320 мың га) бұл мемлекеттік қорық Қостанай облысының Наурызым және Әулиеқөл аудандарында орналасқан.

Наурызым қорығы – республиканың солтүстігінің басты және біртума табиғи кереметтерінің бірі. Қарағай ормандардың ғажайып сұлулығы еліктіреді, бірде күн шуағымен күмістей жылтыраған ағаштар, бірде оларды күңгірт басып алакөлеңкеге айналады. Тұмса жайлауды көктемде көкжиекке дейін таңғажайып гүлденген кілем басады, ал мамыр айында оның бетінде Шренк лалагүлдері пайда болады. Сонадайдан меруерттей үлкен және шағын айнакөддер толқындалып, күмістей жарқырайды. Ғалымдар тілімен айтқанда, жайлаулы Қазақстанның табиғат кешендерінің эталоны. Немесе орман, жайлау және су-батпақ ландшафтарының бірегей үйлесімі.

Наурызым қорығының эмблемасы – аққу. Алайда қорықтың символы бүркіт те бола алар еді – мұнда олардың 30 жұбы мекен етеді. Қорықтың ең әсем аңдары, Наурызым орманының көркі – еліктер. Аумақтың қарағайлы ормандарын ескіден қалған деп санауға болады, себебі олар үшінші немесе төртінші кезеңнің басынан бастап аз өзгерген қалпында қалған. Ерекше түрі



қырғыз аққайыңдары – Солтүстік Қазақстан эндемикі. Ол территорияның шағын ғана бөлігінде өсіп, әлемнің ешбір жерінде кездеспейді.

Қорықтың бірегейлігі – оның су-батпақты жерлері құстардың ең мықты миграциялық маршруттарында орналасқандығы және көші-қон құстардың патшалығы болып табылатындығы. Жүздеген мың арктика қаздары, үйректері, тырналары, балшықшылары және өзге де құстар көктемде және әсіресе күзде көлге ұшып келеді. Олардың арасында көптеген жайылып бара жатқан түрлері бар. Міне, осыған орай, тоғыз жыл бойы жыртқыш құстар бойынша маман, орнитолог Тодд Катцнер келеді. Тодд Питсбургте, Пенсильвания штаты, АҚШ-та өмір сүреді, танымал орнитологиялық орталық AVIARY бағдарламасының директоры болып жұмыс істейді, көптеген мемлекеттерде болған. Наурызымда жыртқыш құстардың тығыздығы әлемдегі ең жоғары екендігіне сенімді. Тодд бүркіттерді зерттейді, барлық ұяларын бес саусағындай біледі, әрбір құспен жеке таныс секілді. Ол қорықтың өз адамына айналған. Өз зерттеулерінің нәтижелерін, бүркіт фотосуреттерін ғылыми журналдарда жариялайды және Қостанайға ұшып келу үшін маусымның басталуын асыға күтеді.

Наурызым қорығы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген. Шетел ғалымдары қорықтың бірегей табиғатын зерттеуге үлкен қызығушылық танытып отыр.

Наурызым тағдыры оңай болған жоқ. 1951 жылы қорық қатардағы орман шаруашылығына айналып, ондағы ағаштар аяусыз кесіле бастады. Соған соң ол қорықтық-аңшылық шаруашылығы болып, жан-жануарлар өміріне қауіп төнді. Қорық табиғи орманды жалмап өткен үлкен өртті де,



жоғарыдан түсірілген шөп шабу жоспарларын да, жиырма жылға созылған қарағайлардың өнеркәсіп мақсатына қолдан отырғызу науқандарын да басынан өткерді. Соның салдарынан табиғи орман өскен алқаптар көлемі мүлде азайып қалды.

Онан соң қорық аумағын химиялық өңдеу жұмыстарына тыйым салынды. Бұл жерде бұрынғыдай аудандық атқару комитетінің тапсырмасы бойынша шөп шабу тоқтатылды. Браконьерлермен күрес басталды. «Наурызым» атты қоғамдық-экологиялық бірлестік құрылып, оның атынан хаттар жазылып, басшылар алдына проблемалық мәселелер қойылды. Атап айтқанда, қорық аумағын кеңейту талап етілді. Соның арқасында 2004 жылы үкіметтің Наурызым қорығын 103 мың гектарға кеңейту туралы қаулысы қабылданды. Қаржыландыру жұмыстары жақсарды, күзет күшейтілді, ғылыми жұмыстар жүргізілді.

Мұндай табиғи кешен көптеген шетелдік мамандар қызығушылығын тудырады. Сондықтан халықаралық байланыстар аясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Олар мына сұлулыққа сүйсініп қана қоймай, жұмыс істеуге де келіп жатады. Олар үшін семинарлар өткізіледі, гранттар жеңіп алу үшін белсенді жұмыстар жүргізілуде. Австрия телевизиясынан шығармашылық топ келіп, Қазақстан туралы фильм де түсірген, сонда олар Наурызымнан ғана классикалық қорықтың далалық үлгісін тапты.

Қорықтың ең ірі орманды алқабы – 16 мың гектар жерді алып жатқан Наурызым орманында қарағайлар дала сілемдерімен, көптеген сорлармен, қайың және көктерек тоғайларымен араласып жатыр. Бұлт басқан қайың орманы арасында қырыққұлақ өседі. Енді жануарлар әлеміне келейік. Қорық аумағында омыртқалы жануарлардың 342 түрі тіркелген. Аңдардың 44 түрі, құстардың 282 түрі, бауырымен жорғалағыштар және қос мекенділердің әрқайсысының үш түрінен және балықтардың 10 түрі мекендейді. Бұл жерде кішкентай тиін – телеутка мен еңгезердей бұғыларды да кездестіруге болады.

Қорықта жыртқыш құстардың бірегей қауымдастығы – 26 түрі мекендейді. Олардың 16 түрі осы жерде ұя салып, балапандарын қанаттандырады. Негізінен олар – бүркіттер, қарақұстар, ителгілер, ақ құйрықты ақиықтар, дала қырандары мен құладындар.

Қорық директорының орынбасары Мария Александровна Зейнелова да осы жерде жиырма жыл еңбек етеді. Әр жаз сайын ол балалар экология мектебі жетекшісінің қиын да өте мазасыз міндетін өз мойнына алады. Қостанай өңірінің 45 баласы жаз шығысымен қорық аумағында шатырлы лагерлерде тұрады, өздері таңдаған тақырыптар бойынша өсімдіктерді, жануарлар мен құстарды зерттейді, маусым соңында өз жұмыстарын қорғап, арнайы куәліктер алады. Олардың көпшілігі табиғатпен осындай тығыз байланысты тек өмір бойына есіне сақтап қана қоймайды, есейген соң жоғары оқу орындарының биология және экология факультеттеріне түседі. Демек, қорықты қорғаушылардың жаңа ұрпағы өсіп келеді.

Ауданға атын берген Қазақстан даласының ең солтүстік орманының сұлулығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұл жерде орманды алқап айдынды

көлдермен араласа орналасқан. Облыс төлтаңбасында лайықты орын алған Шренка қызғалдағы гүл жарған кездегі даланың сұлулығы көздің жауын алады.

Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы – Орталық Азияда бірінші болып ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік табиғи мұра мәртебесін алған Қазақстандағы қос қорықтың бірі. Қорықтар бір географиялық аймақта және суда жүзетін құстардың көшу жолында жатқандықтан «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері» атты жалпы атаумен бір аталымға біріктірілген. Нысандарға берілген мәртебе аталған табиғат кешендерінің тұтастығы мен сақталуына қосымша кепілдіктер береді, аумақтың беделін арттырады және нысандарды ұстауға қажетті қаржы құралдарын тартуға, соның ішінде Бүкіләлемдік мұралар қорынан қаржы бөлінуіне ықпал етеді.

«Мұнда экологиялық туризмді дамытудың болашағы зор. Өткен жылғы бес айдың ішінде бізге 600-ге жуық адам келді. Жақында Оризон университетінің, Венгрия ұлттық паркінің ғалымдары болып қайтты. Жол бойына қонақ күтетін 3 үй салдық. Табиғат аясына күндік сапар бағасы қымбат емес, бір адамға 700-ақ теңге. Жол бойында дәмхана, демалыс орны ұйымдастырылған. Алайда бұл жаққа саяхат шегушілер сирек. Басты себебі осынау өлкенің тума табиғатын қызықтап, саф ауасын тыныстап қайтуға болатындығын бұқара халық біле бермейді, насихат жетіспейді. Ал Қостанай облысының тағы бір інжу-маржаны «Сосновый бор» шипажайына керісінше келушілер көп», – дейді «Наурызым» мемлекеттік табиғи қорығы директорының орынбасары Мария Зейнелова.

Десек те, ішкі туризм Қостанайда әлі қалыптаса қойған жоқ. Мысалы, облыста 117 туристік фирма бар болса, соның барлығы дерлік тек шетелдік саяхатты ұсынады. Мамандардың айтуынша, ішкі туризмді дамытуға облыста мүмкіндік көп. Оған бірінші кезекте қаржы, инфрақұрылымды дамыту керек. Сондай-ақ өзіміз барымызды бағалай білуге үйренуіміз керек. Ресми мәліметке сүйенсек, өңірде биыл көрсетілген туристік қызмет өткен жылға қарағанда 6 пайызға өскен. Бірақ бұл саланың әлі ашылмаған тұстары көп. Наурызым қорығы – үнемі зерттеулер жүргізіліп келе жатқан аймақтардың бірі. Болашақта Наурызым қорығында бірыңғай биосфера аумағын ұйымдастырып, оның ғылыми-экологиялық маңызын арттыра түсудің пәрменді шараларын қолға алу қажет-ақ.



НҰРЛЫ ЖОЛ

Нұрлы жол – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың халқын дамыған отыз елдің қатарына қосу үшін қолданатын саяси бағыттарының бірі. Бұл идея Елбасының «Мәңгілік ел», «Ұлы дала елі», «Рухани жаңғыру» идеяларымен тығыз байланысты. Жарқын болашаққа жеткізудің бір тетігі ретінде ұсынылып отырған бұл бастама геосаяси дағдарысқа, жаһандық сынақтарға төтеп беруді көздейді.

Ол туралы Елбасы: «Қадірлі халқым! Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек... Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын!» – деген болатын.

Елбасының тапсырмасы бойынша дамудың ауқымды бағдарламасы жасалып, алдағы тұрған сын-қатерлерге жауап бере алатын Қазақстанның «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты жарияланды. «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Хаб қағидаты бойынша елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы Қазақстанның бірыңғай экономикалық нарығын қалыптастыруға бағытталған бағдарлама аясында көліктік, индустриялық, тұрғын үй, әлеуметтік және энергетикалық инфрақұрылымдарды тиімді дамытуға арналған шаралар қолға алынды.



Автожол, теміржол салаларында және энергетикада елдің ішкі нарығын кеңейтуге, транзиттік және экспорттық әлеуетті, туризмді ұлғайтуға бағытталған басым жобалардың іске асырыла бастауы халықтың әл-ауқатына да өз игі әсерін тигізеді.

Тасымалдау жылдамдығын және көлік бағыттарын ұлғайту, көлік шығыстарын төмендету және тиімді энергиямен қамтамасыз ету іскерлік белсенділіктің, өнімділіктің және елдің көлік әлеуетінің өсуіне оң әсер етеді.

Индустриялық инфрақұрылым мен туризмді дамыту, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау және тұрмыс жағдайын жақсарту макроөңірлердің экономикасын әртараптандыруға, жұмыспен қамтуды және халық табысының деңгейін жоғарылатуға, сондай-ақ олардың әл-ауқатын өсіруге ықпал етуде.

Макроөңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлудің нәтижесінде мектептер, балабақшалар, білім беру орындарының саны артып, адами капиталдың сапалы қалыптасуына өз ықпалын тигізуде. Білім беру саласындағы – авариялық мектептер, үш ауысымдық оқыту, балабақшалардың тапшылығы сияқты неғұрлым өткір проблемаларды, сондай-ақ жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасының проблемаларын шешуге бағытталған бұл жобаны мемлекеттік жеке әріптестік аясында шешу мәселелері де бір жүйеге қойылған.

Қазақстанның білім жүйесінің көшбасшысы болып отырған Назарбаев Университеті жас ұрпақты нұрлы жолмен ғылым әлеміне жетелейтін алтын көпір болып отыр. Университетте ғылыми зерттеулер жүйесін дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп, ғылыми жобаларды тәуелсіз іріктеу, қаржыландыру, техникалық қолдау тетіктері жұмыс істейді. Халықаралық тәжірибе негізінде жасалып, коммерцияландыру кеңсесі, инкубатор, пилоттық технопарк элементтерінен тұратын ғылыми жобалар жүйесі ғылыми идеядан патент, технология немесе тәжірибелік үлгі түріндегі өнімге көшуге мүмкіндік береді.

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында айтылған ойлар Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы, Бизнесінің жол картасы – 2020, Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы, Отын-энергетикалық кешен тұжырымдамасы, Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылу үстінде.

Бұл салалық әлеуметтік – экономикалық бағдарламалардың баршасы – мемлекеттің, Елбасы жүргізіп отырған сындарлы саясаттың тұғырлы тіректері. Олардың әрбірі Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жолында жасалатын ауқымды қадамдар болып отыр. Береке мен бірлік бар жерде жетістік пен жеңіс те болады.

ОЙЫЛ

Тарихсыз халық тұл дегендей, халқымыздың қуанышы мен қасіреті қатар өрбіген сан ғасырлық тарихы біздің баға жетпес асыл мұрамыз. Осыған дақ түсірмей болашақ ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз. Өйткені өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес. Ұлан-байтақ қазақ даласының бір тілігіндей ғана Ойыл өңірінің ежелгі өткеніне көз салсақ, терең тарихы ашыла бастайды. XIV ғасырдағы Алтын Орда картасында Ойыл өзенінің бойында «Мәулемберді» қаласы көрсетілген. Деректерге сүйенер болсақ, В.Л. Егоровтың «Тарихи география. Алтын орда XIII ғ. – XIV ғасыр» (1985) атты кітабындағы «Солтүстік Қазақстан» атты мақалада қаланың болғандығы туралы жарияланған. Ойыл ауданының «Мәулімберді» деп аталған жерінде алтынордалық қала болды деген мәлімет болғанымен, ол кейін зерттелмеген.

Бұдан кейін осы аудан орталығы тұрған жердің көне тарихи атауы Көкжар болған. Бұл атауды берген бағзы ата-бабаларымыз Қарауылтөбе қорған-қамалын салған. Онда Көкжардың батыр сарбаздары тұратын даланың қара тасынан салынған қамал, ат қора, азық-түлік сақтайтын қойма, жауды бақылап тұратын қарауыл мұнарасы, от жағып белгі беретін түтіндік болған. Орыстар Ойыл бойына келгенше аман сақталған. Оның салынуы не Дешті-Қыпшақ заманы, не жоңғар қалмақтарының басқыншылығы дәуірі бар болған. Бүкіл Кіші жүзге есімі белгілі атақты би, батыр Әжібай, Арал, Бөкенбай заманында бар екен дейтін аңыз-әңгімелер бар. Ойыл, Жем бойын қоныстанған елді басқа жерге көшірген Жәнібекке қарсы болып Асанқайғы бабамыз:





«... Ойыл деген ойынды,
Отын тапсан тойынды
Ойыл көздің жасы еді.
Ойылда кеңес қылмадың
Ойылдан елді көшірдің», –
деп жыр жолына арқау еткен-ді.

Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз алабы – қашаннан азаттық үшін алысқан ерлері халықтың бостандығы үшін «Жаным – арымның садағасы» деп өткен өлке. Заман ағымына көз салып отырсақ, XVIII ғасырдың орта шенінен басталған отаршылыққа қарсы күрестің дем беруші көсемдері қимылды осы атыраптан ұйыстырып, майданға шыққан. Өзінің бас еркіндігінен абайсызда айырылып қалған елді алғаш отаршылыққа қарсы көтергендер Бақтыбай, оған ілесе Даттың ұлы Сырым да атқа мінген. Сырымды қолбасшы ете отырып, оған ерген табын Барақ батыр мен кете Наурызбай тағы басқа батырларды көсемдер елден қол жинауға қосқан. Бұл қазақ даласының Үш Қиян аталған өлкесінің ортасы Ойыл–Қиыл атырабына да әсер еткен. Патша отарлаушылары салған Ойыл бойындағы атағы шартарапқа жайылған Көкжар жәрмеңкесі де ірі жәрмеңкелердің бірі болған. Осы арқылы Ойыл бекінісін салудың сауда-экономикалық маңызына қоса саяси-географиялық әрі стратегиялық орналасуына зор мән берілді. Сөйтіп ақын Мұрат Мөңкеұлы:

«Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойындағысы болғаны», –
деп айтқандай, Ойыл өңірі Ресейдің отар аймағына айналды.

Ойыл аумағында Алашорда үкіметінің белсенді әрі ықпалды өкілдері Халел мен Жаһанша Досмұхамбетовтар Алаш қозғалысының алғашқы күнінен бастап белсенділік танытты. Орал облысының қазақтары IV облыстық съезде өздерінің ерекше тәуелсіз облысын құрғандығын хабар етеді. Бұл құрылым «Батыс Алаш Ойыл Уәлаяты» деп аталады. Ойыл уәлаяты 1918 жылдың 6 мамыры күні өмірге келеді. Жымпиты қаласында өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезінде Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық- территориялық құрылым – «Ойыл уәлаяты уақытша үкімет» жариялауға қатысты. Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат береді. Осы кезеңде Халел Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алуға, банк ашуға, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді.

Ойыл – өзен атауы, жергілікті аудан атауы. Өзеннің ұзындығы 700 км-ге жуық. Ақтөбе облысының Темір ауданының Ойбұлақ деген жерінен бастау алып, Атыраудың Қызылқоға ауданын басы өтеді де Атырау теңізіне жақын барып құмға сіңеді. Бір заманда қар қалың жауып, ылғал мол болған жылдары Ойыл жазғытұрым тасып, Атырау теңізіне де құйған. Сол заманда ағысқа қарсы жүзген қызылбалық Ойыл өзеніне жеткен. Арнасы кеңес үкіметі тұсында бірнеше жерден бөгеліп, бүйір бұлақтарының көзін құм басқан бұл өзен қанша дегенмен екі облыстың жерін суғарып отыр.




ОҚЖЕТПЕС

Әуликөл (Бурабай көлі) жағасында орналасқан Оқжетпес тауы – Бурабайдағы ең танымал жерлердің бірі. Биіктігі 300 метрдей ғана болса да, ол – оқ жетпейтіндей алып, әрі Әуликөлдің сәні.

Бұл Оқжетпес тауы жайында халық аузында көптеген аңыз әңгімелер айтылып жүреді. Осы аңыздардың біріне сүйенсек, зорлықпен үйленуге көнбеген тұтқын қыз осы таудың үстіне шығып, кімде-кім садағының оғын сол жерге тигізсе, соның жары болуға дайын екенін айтады. Таудың басына ешкімнің оғы жетпеген соң, біреудің күңі болып, не зорлықпен тұрмысқа берілетінін білген қыз таудан төмен секіріп, мерт болады. Қыздың құлаған жерінде Жұмбақтас пайда болады.

Көкшетауға ат басын бұратын көптеген саяхатшылардың қызығушылығын оятатын әрине табиғаттың көз тартар сұлулығы. Соның ішінде Бурабайдағы «Оқжетпес» тасының жөні бөлек. Атауының өзі бір ерекше. Жыл сайын демалуға барып жүргенімізбен, сол «Оқжетпес» жартасының қалай біткені жайында біле бермейміз әрі мән де бермейміз. Ал аңыз былай дейді: «Бурабай дейтін елді мекенде кезінде Оқжетпес атты баһадүр өмір сүрген. Оқжетпес туа салып күн сайын емес, сағат сайын өсіп, жетіле берген. Тіпті, бойы тоқтаусыз өскен. Бала күнінде далада ойын қуып жүрсе, қасындағы балалардың атқан садағы оның кеудесіне әрең жеткен. Бойы ұзын өзі батырдың тірі кезінде елде



абыройы асқақ болады. Жаугершілік заман келіп, күн артынан күн өтіп жаумен шайқасады. Әр күн сайын жаудың бетін қайтарып, елін аман сақтап отырған. Жарақат алса жарасын сол көлдің бойында емдеп, Бурабайдың ауасымен тыныстаған. Дәл сондай күннің бірінде жауға қарсы соғысады. Соғыс ұзақ күндерге созылады. Жаудың беті қайтар емес. Тіпті, жау санында есеп жоқ. Айларға созылған соғыстың салдарынан Оқжетпес шаршап, түнде тынығып жатқан кезінде жау тыңшылары сырын біліп, үстінен бас салады. Бірақ алып денелі батыр оған да көнбей орнынан сілкіне тұрып тағы соғысады. Тек ең ақырында әлі кетіп, ақыры демі бітті-ау деген кезде, Оқжетпес қатты дауысымен: «Уа, Тәңірім! Мені жау қолынан өлтіріп, ұятқа қалдырғанша тасқа айналдыр», – десе керек, лезде аспан айналып жерге түскендей күй тұнып, Оқжетпес сол жерде жартасқа айналып кеткен». Бұл – аңыздың бір түрі ғана. Жалпы Бурабайдағы түрлі ескерткіштерге қатысты көптеген аңыздар бар. Аңыздың өзі ертегі емес, шындыққа жанасатын жанрдың түрі екенін ұмытпаңыз.

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылы Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын өткізу туралы бастамасына орай, «Қазақ хандығына 550 жыл» атты арнайы жобаны іске қосты. Бұл жоба аясында «Бабалар сөзі», «Қазақ хандары», «Ежелгі қалалар тарихы», «Халық қазынасы» қатарлы жаңа айдарлар ашылды. «Бабалар сөзі» айдары негізіне «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан 100 томдық ауыз әдебиетінің жыр-толғаулары, қисса-дастандар, сөз ұстаған шешендер мен билерімізден қалған нақылдар, тарихи жәдігерлер алынды. «Қазақ хандары» айдарында тарихымызда еліне қорған болған хандардың өмірі туралы деректер беріледі. Ал «Ежелгі қалалар тарихы» айдарына қазақ даласындағы өркениеттің ордасы болған көне қалалардың тарихы туралы жазбалар жарияланады. «Халық қазынасы» айдары бойынша, Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштер, қазақ халқының салт-дәстүрлері, қолөнер, қару-жарақтары туралы мағлұматтар беріلمек. Жоба материалдары қазақ тілінде (қазақша және төте жазумен) агенттік сайтында жарияланады. Сондай-ақ ел аузында Оқжетпес туралы аңыздың бірнеше нұсқалары әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жүр.

Бұдан жүз жыл бұрын ба, әлде мың жыл бұрын ба, кім біледі, Арқаның Көкшетауының бауырындағы бір алаңды әрі батыр, әрі асқан аңшы бір кісі мекендепті. Кәсібі бүркіт салып, аң аулау болыпты. Ол кезде Көкшеге ауып келген «Оралдың ақ иығы» атты орасан күшті бүркіттер мекендейді екен. Батыр аңшы бір күні аң аулап келе жатып, қазіргі «Оқжетпес» аталатын, бейне алып күшті дәу қолмен текшелеп үйіп қойғандай үшкір найзаланған биік тас таудың шың басына бір бүркіт адам сынды жәндікті бүріп қона бергенін көріп қалыпты. Сол арада: «Апырмай, мұның жемі адам тәрізді ғой», – деп ойлайды да, жалма-жан садағын ала салып, бүркітті көздеп тартып жіберіпті. Зулаған оқ үшкір таудың ортасынан аса, көзделген шың тасқа жетпей жерге түсіпті. Құтқара алмайтынын сезген батыр аңшы көңіліне жаман ой түсіп, дереу үйіне жүгіріп келсе, әйелі зарлап жылап отыр екен. Жаңағы бүркіттің бүрген жемі батыр аңшының жалғыз баласы екен. Ашына күйінген батыр



аңшы «Ең болмаса, қызымның сүйегін көмейін» деген оймен «Құлап өлсем, жаным артық па?», – деп тәуекелге бел байлап, құс болмаса, бұрын адам шықпаған найза тауға шығып, қызының сүйегін алып, түбіне жерлепті. Ал тас тауға «Оқжетпес» деп ат қойған екен.

Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде елдің көркі, бірақ дұшпандардың көз құрты болып апалы-сіңлілі үш қыз өмір сүреді. Үшеуі де бірінен-бірі өткен хас сұлулардың өзі болады. Орталарындағы жалғыз бауырлары Оқжетпес беті қайтпас батыр болып өседі. Үш апасын қызғыштай қорғап, қамқоршы бола біледі. Әбден өшіккен жау қапылыста баса көктеп, елді шауып, үш ару мен бауыры Оқжетпесті анталап қоршауға алады. Төртеуі шегіне атысып, кейін жылжи береді. Бір кезде ту сырттарына қараса, сыңсып тұрған жасыл орман, бау-бақша, мөлдір көл, көгілдір тауларды көреді. Құс жыртылып айырылады. «Туған жердің мұндай балауса бағын арам ниет дұшпандардың қара табанына қалай таптатамыз, қасиетті топырағымызды қалай ойрандатамыз, өзімізді қалай қорлатамыз?» – деп қайраттанған Оқжетпес пен оның үш ару қарындасы қатарласып, жауға қасқая қарсы тұра қалады да, шапса, алмас қылышы майырылатын, сүңгітсе, қара найзасы қайырылатын, атса, оғы асып түсе алмайтын қамал тасты тік қаптал құзар шыңдарға айналып кетеді.

ОРБҰЛАҚ

Орбұлақ – географиялық жағынан алғанда Қазақстанның қазіргі Қытай мемлекетінің шекарасында орналасқан тау атауы. Ал ол қазақ тарихында жоңғар басқыншыларына қарсы болған талай жорықтар кезінде ұлы жеңістерге қол жеткізгендіктен қасиетті де саналуымен құрметтеледі. Қазақ хандығының әскери өнерінің тарихында тұңғыш рет оқпана қазып соғысу тәсілі қолданылды. Қазақ шежірелерінде және халық аңыздарында соғыс жоңғар Алатауында, Орбұлақ деген жерде болған. Ойрат-қалмақтың Батыр Қонтайшы бастаған елу мың қолмен қазақ елін жаулап алуға аттанғаны жөнінде салқам Жәңгір хан өз шолушыларынан мәлімет алады. Жазба жәдігерлер бойынша Қарахан патшаның тұсындағы Орбұлақта ойрат пен қазақтың тектілері «Арамызды шаһар байласың, шаһар байламаса, заһар шайнасын» деп анттасқан көрінеді. Ел-жұртқа хабар салғанында осыны тілге тиек етіп Маруан-Аһра би: «Орбұлақ тектілердің ат-тізгінін тартып тоқтаған тәтті жері еді. Ойраттар анттан аттады. Орбұлақтың бойында улы жебемен қарсы алыңдар. Бұл киелі жерге қылыш көтеріп келгендер өз қанына өзі түншығады. Ойраттар елу мың болса да 600 сарбазың жетеді. Қостоқты бастаған қолың, Сүлеймен бастаған сексен мергенің бар, Орбұлақтағы қиялы тұмсықта біз барғанша төтеп беріңдер», – деп Салқам Жәңгірге ақыл салады.

Қазақ ханы Салқам Жәңгір 600 әскермен жаудың елу мың әскеріне осы Орбұлақ тауында тосқауыл қойған. Ұрыс алдында Жәңгір таудың ішіндегі жағдайды зерттеп, жартылай таныс жерлерде алдағы қимылдың жоспарын жасады. Бұл жер тактикалық жағынан қызықтырады: ұзындығы 200 метрдей екі



биік тау сілеміндегі тар сайды соғыс барысында ұтымды пайдаланады. Артта Алтынемел шыңына арқа сүйей отырып, Батыстан Қоянды тау шыңы, шығыс жағында Күреңкей тау, Аламантау, Қоянатытау, Сарытау, Боңқан таулары созылып жатыр. Осы тау шатқалдарына тастармен қаланған бекіністе қазақтың сарбаздарын орналастырып, жоңғарларға қарсы тұрады. Әскерлердің бұл бөлігінің басшылығына Жиембет және Жақсығұл батырларды қойған.

Жоңғарлармен шайқаста Жәңгір тапқырлық көрсетіп, дұрыс шешім қабылдады. Орбұлақтың қия беткейіндегі қойтастарды паналай ор қазып алып, жауын улы жебемен қарсы алады. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостокты батыр 600 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратады да тар шатқалға қамалуына душар етіп, улы жебемен баудай түсіреді. Улы жебе адамға жанап кетсе-ақ болды, безгек тигендей сұлап түседі екен. Сонымен қатар Сасықтекенің улы газ түтінін де пайдаланады. Ал Сасықтеке деген гүл сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайнатып, оған шүберек малып кептіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды улаңдырып тастайды. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі. Он мыңдай жасағынан айырылған олар кейін шегінді. Қазақтың атқыштары оларды тау аңғарындағы Айнабұлақ өзенінің өткеліне сол жерге қуып тықты. Осы арада жоғарыдан асылып тұрған тастар төмен құлай бастап, атқа немесе әскерді соғып қырыла бастайды. Осы кезде жиырма мың қолымен келіп жеткен Жалаңтөс Баһадүрдің қолы тықсыра бастайды. Аман-есен шыққандары қазақ жауынгерлерінің оғынан қаза тапты.



Бұл шайқас қазақ халқының тарихында басқа да көрнекті оқиғалармен бірдей орын алады. Жәңгір ел арасында «Салқам» (айбатты) деген құрметті атқа ие болды. Бұл соғыс ойраттармен қарым-қатынаста өз әсерін тигізді. Жәңгір хан бірегей қолбасшы, әрі епті соғыс стратегі екенін дәлелдеді. Ол соғыс оқиғасы болып жатқан кезде не істеу керектігін тез ұғып, байыпты де шешімді әрекет жасай білді. Қысылтаяң кезеңде саны аз сарбаздарын жеңіске жігерлендіріп, өзі де қылыш ұстап тікелей соғысқа қатынасуымен алға бастап отырды. Осындай батырлық және аз әскери күшпен соғыста қорғана отырып жеңіске жетудегі білгірлік ерекшеліктерімен Орбұлақ шайқасында көзге түсті. Қазақ жауынгерлері саны басым жауға қарсы өздерінің көзсіз ерліктерімен, жан аямайтын патриотизмімен туған жерінің тәуелсіздігін және халықтың бостандығын қорғай алатындығын дәлелдеді. «Орбұлақ шайқасы» халықтың тәуелсіздік жолындағы жасампаз ерлігінің аса ірі жеңістердің бірі әрі бірегейі болды.



ОРДАБАСЫ

«Елімізден күт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан, ешбір дұшпан басынбаған, басынан сөзді асырмаған» (Қазыбек би) бейқам жатқан қазақ еліне 1723 жылдың ерте көктемінде жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуыл жасады. Тарихшы Алексей Левшиннің жазуынша және қазақ жырауларының куәлігіне қарағанда Жоңғария қалмақтары әрқайсысы он мыңнан тұратын сарбазы бар 7 түмен қолмен соғыс ашты. Олар Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып (қолбасшысы Қалдан Серен), Алтай асып, Көктал өзені бойымен өрледі (қонтайшы Құлан Батур), Нұра өңірін қанға батырып (Әмірсана), Шелек өзені (Доржы), Есік көлі (Лама Доржы), Шу өңірін таптап (Дода Доржы), тоқтаусыз Іледен өтіп (Севан Рабдан) қарудың күшімен, найзаның ұшымен қазақтың көп жерлерін басып алды. Саны көп, екпіні қатты шапқыншылар Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратты. Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында жүз мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болды.

Абылай ханның айтуынша, сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза тапты. Бұл деректі Шәкәрім Құдайбердіұлы да қостайды.

Қорғануға мұршасы келмеген ел әсіресе, Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өзендері бойында көп қырылды. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығын туғызды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған қазақ халқының бұл қасіреті тарихта мәңгі хатталды. Тоз-тоз болған Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөліктері Сырға Шыршық құятын тұстан сәл жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран қаласын айналып, Бұқараға ауды. Шұбырған халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Арқада Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сіңді. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған ащы зар мен ауыр мұңға толы «Елім-ай» әні дүниеге келді. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ бойы қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жойылу қаупіне ұшырады.

1726 жылдың күзінде Бадам өзені маңындағы биік қырқа – Ордабасы деген жерде бүкіл қазақ құрылтай шақырылды. Ұлт тағдырының болашағын ойлаған тұлғалар барша халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді.





Оған Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Күшік, Жолбарыс хандар, әр жүз сұлтандары, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бастаған әр рудың атақты билері, даңқты қолбасшылар мен батырлардың барлығы шақырылды. Негізгі мәселе басқыншы жауға бүкілхалықтық тойтарыс беруді ұйымдастыру туралы мәселе болды. Құрылтайға қатысушылар бірге болуға, соғыс қимылдарын үйлестіре отырып жоспарлы түрде жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берісті. Бүкіл қазақ жасағының қолбасшысын сайлау мәселесі талқыланды. Осы құрылтайда көптің қолдауымен Әбілқайыр хан қазақ жасағының бас қолбасшысы болып сайланды. Батырлар арасынан бүкіл қазақ жасағының Сардар бегі болып Қанжығалы Бөгенбай сайланды.

Тарихшы А.И. Левшин бұл жөнінде «Ортақ іс сол арада бір-біріне адалдыққа ант беру арқылы қастерленді. Әбілқайыр хан бас қолбасшысы болып сайланды, сөйтіп халықтық әдет бойынша құрбандыққа шалынған бие болашақ табыстың кепілі ретінде қабылданды» деп жазған. Осы құрылтайда жасалған шешім елішілік өзара қырқысудан туған дауларға тоқтау салып, бітістірді, ұлт ретінде жойылып кету қаупін жалпы халықтық келісім тұғызды, бар мақсатты тек басқыншы жауға қарсы күреске ғана бағыттады. Біртұтас халықтық мәндегі Ордабасы құрылтайында жауға жасалатын ортақ шабуылдың үлгі-жоспары жасалып, оларды қазақтың ежелгі атамекен жерінен қуып шығуға негіз қаланды. Ордабасындағы бұл құрылтай халықтың ата дәстүріндегі жауынгерлік рухты асқақтата көтеріп, қазақтардың еркіндік пен ерлік жігерін шыңдады. Қазақтың барлық үш жүзінің қаһарман батырлары бастаған соғыс жасақтары бірлесе қимылдап, басқыншыларға ұйымдасқан түрде тойтарыс беру осы құрылтайдан соң ғана жүзеге аса бастады.

ОТЫРАР

Әлқисса, сұлу Сыр мен әсем Арыс өзендерінің түйіскен тұсына орналасқан Отырар тұнып тұрған шежіреге толы. Бұ жерде әлемге танымал ғұлама ғалым – Әбу Насыр әл-Фарабидің кіндігі кесілген. Күллі мұсылман дүниесінің ардақтысы – Арыстан баб осында жерленген. Тәуелсіз еліміздің Әнұранының авторы, қазақ вальсінің падишасы Шәмші Қалдаяқов та осынау киелі өңірде дүниеге келген. Сондай-ақ, өз зерттеуін күтіп жатқан «Алтынтөбе», «Пышақшы төбе», «Қалам төбе» секілді сырын ішіне бүккен дархан дала жәдігерлерінің де айтары көп.

Отырар – Ұлы Даланың ең сұлу мекені болған қасиетті жері. Қазақтың жиделібайсыны болған осынау шаһар туралы осы топырақтан түлеп ұшқан ұлт мақтанышы Өзбекәлі Жәнібеков: «Отырар – біз үшін қазақ тарихының алтын бесігі, Куликов алаңы, Бородино алаңы, Ватерлоо алаңы секілді ерлік алаңы», – деген. «X–XV ғасырларда Сырдария жағасында Отырардан үлкен қала болмаған», – дейді әйгілі археолог, этнограф Әлкей Марғұлан.

Отырар – қазақ жеріндегі ең көне қалалардың бірі. Ежелде Отырар қаласының орнында Фараб немесе Бәрәб атты үлкен қоныс болған. «Бәрәб» – ежелгі түркі сөзі. Ол «сулы қоныс» деген мағынаны білдіреді, себебі шаһар Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан. Ежелгі қала Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданынан солтүстік-батысқа





қарай 7 км жерде орналасқан. Отырардан шыққан жол Таразға, Баласағұнға, Шығыс Түркістанға апарады. Одан ары Сырдария арқылы жүріп, ежелгі Шашқа, Соғдыға және Мерв пен Нишапурға, Арал жағалауы мен Жайыққа жеткізеді. Батыста Қызылқұм арқылы Хорезмге, одан әрі Еділ бойына, Қара теңіз жағалауы мен Кавказға апарады. Белгілі ортағасырлық географ Якут: «Сейхунның (Сырдарияның) сыртындағы Турарбанд... Шаштың Мауереннахрға шектесетін ең қашықтағы қаласы. Халық оны әртүрлі атайды, Тұрар және Отырар дейді», – деп жазған.

Арабтардың Орта Азия мен Қазақстанның Оңтүстігін жаулап алуын сипаттайтын мәліметтерде Отырар–Фараб осы аттас аймақтың астанасы ретінде аталады. XI–X ғасырларда Сырдариядағы этникалық араласулармен сипатталады. Оғыздар мен қарлұқтар қаңлылардың бір тобын ығыстырып шығарды. Ибн Хордабектің: «Фараб қаласында мұсылмандар мен қарлұқ түркілерінің отрядтары қатар тұрды», – деп жазуы кездейсоқтық емес

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырар ежелгі заманнан-ақ қалаларында ғылым мен мәдениет, сауда, өндіріс, далаларында егін, мал шаруашылығы қатар дамыған әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі болған. Сондай-ақ бұл қала Әбу Насыр әл-Фарабидің Отаны ретінде әлемге танымал. Сырдария мен Арыс өзендерінің екі жағасында бірімен-бірі иін тіресіп тұрған тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштер орналасқан бұл өлке республикамыздағы өзіндік орны бар туристік орталық болып табылады.

Олардың әрқайсысы өз алдына ашық аспан астындағы мұражай деуге болады. Қазір қорық-музей қарамағында 4 республикалық, 130 жергілікті дәрежедегі ескерткіштер бар. Олардың жалпы көлемі – 11000 гектарды алып жатыр. Әрбір ескерткіштердің өткен тарихымызды зерделеуде алар орны ерекше. Сондай-ақ осы өңірдің тарихында өзіндік маңызы бар Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Отырар аймағындағы ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қалашықтар бар. Атап айтар болсақ, Отырартөбе, Құйрықтөбе, Көкмардан, Алтынтөбе, Ақтөбе, Жалпақтөбе, Оқсызтөбе, Пышақшытөбе және XIII ғасырға тән Арыстанбаб әулие кесенесі т.б. тарихи-мәдени ескерткіштер.

Отырардың қираған орны және осы аймақтың басқа да ескерткіштерін зерттеу XIX ғасырдың аяғында Ташкентте жұмыс істей бастаған археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің күшімен 1904 жылы жүргізілген қазба жұмыстарынан басталады. Кең ауқымды зерттеулер 1969 жылы К. Ақышевтің басшылық еткен Қазақ ССР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы тарапынан басталып, қазіргі Ә. Марғұлан атындағы археология институты мен Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы жүргізіп жатқан қазба жұмыстарымен жалғасып келеді. Бұл өңірде ежелгі тас дәуірі ескерткіштері де кездеседі.


Елбасымыздың бастамасымен қабылданған Қазақстан Республикасының 2004–2006 жж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген жұмыстар ежелгі Отырардың қайта өркендеуі бағдарламасы бойынша жалғасын табуда. Бүгінгі таңда Арыстан баб кесенесі Қазақстан мен Орта Азия мұсылмандарының зиярат ететін қасиетті орыны болып саналады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң кесенеге ерекше назар аударылып, оған толығымен реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, кіреберіс қақпа, зияратшыларға қызмет көрсететін қонақ үйлер, кітапхана, салт-дәстүр сарайы т.б. құрылыстар салынды.

Бұл Отырар – қазақ тарихындағы өзіндік орны бар өркениет пен мәдениеттің алтын тұғыры. Отырар жазирасы ежелгі Тұранның ең көрікті де, сұлу шаһары болған. Бұл Отырар басынан небір алапат-қырғынды, қиян-кескі тауқыметті өткерді. Заманында Қазақ хандығының ең керемет шәрі болған бұл атырап ел айырылған шақта жермен жексен болып, өркениеті мен мәдениетінен, ажарынан айырылды. Бірақ Отырар төбенің орны, ежелгі қаланың бедері сақталды. Бүгінгі археологиялық ескерткіштер – ортағасырлық Отырар қаласының тыныс-тіршілігінен сыр шертеді. Ұлы тарихтың дөңгелегі дамылсыз жылжыса, Отырардың бір уыс топырағы ұқтырар тағылым мен тәлім ата-бабамыздай ержүрек, мықты болуға, Тәуелсіздік пен елдікті сақтауға үндейді.

САЙРАМ

Қазақстандағы көне тарихи қалалардың бірі – Сайрам қаласы. Қазіргі орны Шымкент қаласының оңтүстік шығысында 12 шақырым жерде орналасқан.

Талай құпияны ішіне бүккен қала орнында әлі күнге дейін үйілген қорған қалдықтары мен көне кесенелерді т.б ескерткіштерді көруге болады. Сайрам туралы алғашқы дерек М. Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Онда Сайрам – «Испиджаб» деп аталатын ақ қаланың аты делінген. Демек, Сайрам Испиджабтың кейінгі аты. «Испиджаб қаласының дәуірлеп гүлденген шағы Х–ХІІ ғасырлар болды. Бұл кезде қала өз маңындағы көптеген елді мекендерді біріктірді. Отырықшы ел жер жыртып, егіншілікпен айналысты. Арыс, Бадам өзендерінен қалаға құбыр жүргізілді, науалар салынды. Мұндай құрылыстарды қаланың қазіргі жатқан орнынан да айқын аңғарамыз» (Д. Досжанов. «Құм жұтқан қалалар» Қазақстан. Алматы, 1967. 69 б.). Сол кездегі Сыр бойы және Жетісу өлкесіндегі қалалардың өсіп-өркендеуіне Ұлы Жібек жолы да зор ықпал жасады. Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бірінші бірегей ірі қала Испиджаб болды. Х ғасырдағы араб географы Ибн Хаукаль былай деп жазады: «Испиджаб шамамен Бинкеттің үштен екісіне тең қала. Ол Мединадан, қала мен рабадан тұрады. Ол тегіс жерде жатыр. Онымен ең жақын деген таулар арасы үш фарсахтай. Мединенің төрт қақпасы – Нуджкент қақпасы, Фархан қақпасы, Шакван қақпасы және Бұхара қақпасы бар. Бұл адамы көп



қоныстанған ауқымды қала». Бұған қарап, Испиджаб қаласының Қазақстандағы ірі діни орталық болғандығын байқаймыз. Испиджаб төңірегінде көптеген қалалар мен қыстақтар болған. Ол туралы Х ғасырда араб географы әл-Истахри былай жазады: «Оның құрылыстары саз балшықтан жасалған, оның базарлары жеміс-жидекке тұнып тұр. Онда түрлі өнім көл-көсір және сан алуан пайдалы заттар да көп. Оның айналасы толған қалалар мен қыстақтар» («Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан». К. Байпақов. А. Нұржанов. Алматы. «Қазақстан», 1992. 50-51 бб.).

Жоғарыдағы деректерде көрсетілгендей Х ғасырда Сайрам қаласы осы аймаққа ислам дінін тарату орталығы болды. Қаланы араб қолбасшысы Нұх ибн Асад әскерлерімен 840-шы жылы басып алып, оның халқын түгел мұсылмандыққа енгізеді. Осы кезден бастап қалада бұрынғы сауда-саттықпен қатар дінді уағыздау, мешіттер мен медреселер құрылысын салу жұмыстары қызу жүргізіле бастады. Исламдық жоралғылар салт-дәстүр болып қалыптасты. Араб жазуы енгізіліп, кеңінен өріс ала бастады. Тіпті, ортағасырлық тарихшылар «Испиджабқа жұма күні қонған кірекеш (саудагер) басына сәлде орап шығады» деген сөздің мақалға айналып кеткенін жазады. Осы мезгілде Сайрам қаласының атағы байлығымен, мәдениетімен алысқа тарап жатты. Бұл туралы Қ.А. Яссауи былай деп жазған екен:

«Сайрам, Сүткент салтанатты,
Кезбелерді қайран еткен.
Жанға рахат жер жәннаты,
Бекзадалар жайлап өткен».

Сайрам қаласын сөз ете отырып, оның мәдениетіне, бүкіл түркі жұртына елеулі үлес қосқан Қ.А. Яссауиды атап өтпеске болмайды. Себебі осы күні Сайрамда Яссауидың әке-шешесі Ибраһим ата мен Қарашаш ананың кесенелері әлі күнге дейін сақталып тұр. «...XII ғасырда өмірді, адамгершілікті діни тұрғыдан насихаттайтын шығармалар пайда болған. Дін тақырыбында жазатын ақындардың ең көрнекті өкілі Қожа Ахмет Яссауи еді. Қ.А. Яссауи қазіргі Шымкент облысының Сайрам шаһарында туған. Оның «хикметтері» ғасырлар бойы діндар кісілердің арасында кең тарап кеткен». (Р. Бердібай. Ғасырлар толғауы. «Жазушы» Алматы, 1977. 41 б.)

X–XII ғасырда Қарахан мемлекетінің билік құрған тұсында Сайрамда құрылыспен қатар қолөнер, металл қорыту, теңге құю өндірісі ерекше дамыған. Қазіргі Сайрамда ертеден қалған, кен қорытқан пештің сақталған орны бар екен. Сол замандарда ата-бабаларымыз кенді қалай игерді, металлды балқыту үшін пешті мыңдаған градустарға дейін қалай, немен қыздырды – мұның бәрі де әзірге бізге жұмбақ күйінде қалып отыр. XII ғасырдың басында Қарахан мемлекеті жойылып, Жетісудың біраз қалалары Хорезм шах Мұхаммедтің қарауында болды. Жетісу қалалары бұрынғысынша өркендей берді. Арада көп уақыт өтпей-ақ, яғни 1219 жылы әлемге қаһарын төккен қолбасшы Шыңғысханның қалың қолы Хорезм мемлекетін жаулап, Қазақ жерінің де біраз қалаларын басып алды. Жер қайысқан моңғолдардың жойқын жорықтары жүрген жерлерінде халықты аяусыз қырып қана қоймай, қалаларды, қорған-қамалдарды жермен-жексен етіп, қиратып отырды. Моңғол дәуірінде Оңтүстік және Шығыс Қазақстан аймағымен қоса Сайрам қаласы да Шағатай ұлысының құрамында болды. Бұл кезеңдерде халық моңғолдардың езгісінде өліара тіршілік кешіп жатты. Өткен тарихи оқиғаларға зер салсақ, ешқашан мәңгі билік құрған патшалықты көрмейміз. Сол секілді Шыңғысхан ұрпақтарының билігі де өзара келіспеушіліктің салдарынан ұзақ өмір сүре алмай, ыдырап кетті. Орта ғасырлардың аяқ шенінде қалыптасқан қазақ хандығы тұсында қазақ жеріндегі қалалар біршама өркендеді. Бұл да көпке созылмай, қазақ хандығы мен Мауреннахр т.б. көптеген үздіксіз жалғасқан соғыстардың салдарынан тұрғындар саны азайып, қалалар құлдырай бастады. Бұдан кейін XVII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғарлардың күтпеген шабуылы бүкіл қазақ халқына ауыр соққы боп тиді.

Сайрамның орнын қазір де халық мекендейді. Қалада кезінде құрылыстың ерекше дамығандығын байқаймыз. Бұған қазірге дейін сақталған ескі архитектуралық ескерткіштер айқын дәлел болады. Сайрам – бағзы замандағы ержүрек, өр бабаларымыздың ақ ордасы, бақ ордасы болған шаһар. Қазіргі Сайрам – сол өткен заманнан жеткен мәдениетіміз бен тарихымыздың зор ескерткіші, куәсі іспетті. Бұл – қазақ тарихындағы өркениеті дамыған, елдігі мен ерлігі жарасқан тарихи шаһар.

САРАЙШЫҚ

Сарайшық – тағдыр мен тарихты ішке бүккен шежірелі қала. Ол – бір кездегі сән-салтанаты асқан Алтын Орданың Кіші Сарайы, діни астанасы, тоғыз жолдың торабында орналасқан сауда қаласы ретінде белгілі болды. Арабтың белгілі саяхатшы-жиһанкезі Ибн-Батута «Дешті Қыпшақ бойынша саяхат» атты кітабында 1334 жылы Сарайшықта болғанын, сонда аталған қаланың Шығыс және Батысты жалғастыратын керуен жолы бойындағы ірі сауда тасымалдау-өткізу, діни орталық екендігі және осы қала іргесіндегі Ұлысу өзенінде Бағдаттағыдай үлкен жүзбелі көпірдің бар екенін жазған. Осы жерден сонау Қытай мен Үнді, Иран елдері мен Қаракорым, Хорезмнен сауда-саттық тауарларын Еуропа елдері, Бату сарайға (кейін Берке сарайға) тасыған аса маңызды керуен жолы өткен. Бұл керуендерде әлемді шарлаған жиһанкез саяхатшылар да болды. Хамдаллак Казвини, әл-Омари, Франческо Пеголорти, т.б. өз жазбаларында Алтын Орда, оның қалалары, Сарайшық туралы да әңгімеледі. Тарихшылар мен тіл білімі ғалымдары Сарайшықтың әуелгі аты «Сарайджук» (Сараджук, Сараджик) немесе «Сарай» кәдімгі түркі еліндегі сарай да, «джук» – моңғолдың «кішкентай», «шағын» сөзі болса керек. Сонда ол тұтастай алғанда «Кіші Сарай» деген ұғымды береді.

Тарихшы-археологтар Сарайшықты «XI ғасырдағы араб тарихшылары еңбектерінде аталатын, орта ғасырда өмір сүрген Саксин қаласының орнына





бой көтеріп, жаңа атауға ие болған қала. Ол X–XI ғасырларда Хорезм тұтқындары көмегімен сауда жолы бойында салынған еді» дейді де, Сарайшықтың өмір сүру дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі. Бірінші – X–XI ғасырларда қала іргесінің қаланып, бой көтеруі. Екінші – XIII–XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаны Орта Азия, Қазақстанды моңғолдар және Қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болуы, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі. Үшінші – XV–XVI ғасырлар. Ноғай Ордасының орталығы болуы, казактар шабуылынан күйреп-қирауы кезеңі» деп бөледі.

Қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан өзінің 1950 жылы Сарайшық қаласы орнына жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде «қала XII ғасырда ірге қалаған» деген тұжырым жасады. Бұл пікірді қазірде жұмыс жүргізген республикалық археология институтының ғалымдары да дәлелдеп отыр. Ол Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы атанды. Жібек жолының бойында тұрған мұнда, тарихшылардың айтуынша, 7 хан жерленген. Олар: Мөңке, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір Оқас, Қасым хан, Ших Мамай және Жүсіп хандар. Жазушы Әбіш Кекілбаев жоғарыдағылардың ішіне Алтын Орданың Бату мен Сартақ, Олақшы мен Мөңкеден кейінгі билеушісі, Бату хан немересі Мөңке Темірді (1266–1282) әйгілі Марко Поло «Батыстың патшасы» атаған Эйилеадин-Тоқтаны (Тоқтай) (1291–1312), бұдан әрі Алтын Ордаға он бес жыл өкімдік еткен Жәнібекті (1343–1357), Ноғай Ордасының ханы Әмір Оқас (14. – 1447) пен Едігенің туажаты, Нүреденге шөбере, Охасқа немере, жоғарыдағы Әмір бидің

үшінші ұлы Ших-Мамайды (1542–1549), сондай-ақ әуелден ел бірлігі үшін туған Қасым ханды (1511–1523) және Қазан хандығы тағында билік құрып, аты қалған Сүйінбике арудың әкесі Жүсіпті (1549–1554) атайды. Ел ішіндегі кейбір аңыздар бойынша және жазушы Мұхтар Мағауиннің айтуынша, ел есінен шықпайтын Едіге (1360–1419) мен Ер Тарғын батыр да осында жерленген. Ақсақ Темір әскерінің шапқыншылығы кезінде Сарайшық Алтын Орданың басқа қалаларындай аса бір қиратылмаған. Бұл оның осы өңірдегі ірі діни орталық, барша халық құрметтер орталық болғандығы себебінен орын алған. Сарайшық тез арада қайта өркендеп Ноғай хандығының (Ноғай Ордасының) астанасына айналды. Ал XV–XVII ғасырларда Сарайшық қазақ мемлекетінің тұңғыш астанасы болып, онда атақты «қасқа жолды Қасым хан» билік құрды.

Тарих десек, Сарайшық аты аталса, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Астана қаласының қоныс тойында сөйлеген сөзіндегі: «Біздің далалық мемлекетіміздің бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихы бар. Оның әрқилы кезеңінде, әрқилы өлкемізге орда қонып, ту тігілген. Біреулердің саяси дәурендеуі әлденеше ғасырға созылса, біреулерінікі бірнеше айлармен шектелген. Соған қарамастан, оның қай-қайсысы да біздің ұлттық тағдырымыздың ең талма кезеңдерін иеленді. Сондықтан да батыс бетіміздегі Сарайшық, Астана, Байтақ, күнгейіміздегі Суяб, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созақ, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жаңакент, Қозыбасы, Ақмешіт, Сарыққадағы Ұлытау мен Ордатау, Көкшетау мен Алаштың аттары аталғанда ет жүрегіміз еріксіз елжіреп қоя береді» деген жолдары оралады.

Жайық өзені өткен ғасырдың орта тұсынан бастап өзінің ғасырлар бойғы қалыпты арнасын өзгертіп, ақыры Сарайшықтың біраз орнын су басып кетті. Қазірде көне шаһарды Жайық өзенінің шайып бара жатқанына байланысты апатты жағдайдағы қазба орнын сақтап қалу мақсатындағы археологиялық қазба жұмысының қолға алынды. Қазірде қаланың орнын туристік орталыққа айналдыру көзделіп отыр.



САРЫАРҚА

Сарыарқа – ата-бабаларымыздан аманат болып жеткен қасиетті Ұлы дала! Содан да Сарыарқа мен Қазақ – егіз ұғым. Қыран қанатын талдырып, тұлпар тұяғын тоздырып, батыр қаруын сомдап өткен Сарыарқа – киелі атажұрт және құтты жер-мекен ғана емес, ұланғайыр кеңдіктің, датсыз дарқандықтың, өнегелі өнер мен ән-жырдың қазыналы кеніші. Себебі бұл ұлт тарихының айнасы мен сарқылмас қазынасы. Мәшһүр-Жүсіп: «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» кітабында: «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», -деп босқа жазған жоқ. Сондықтан да Сарыарқадағы бүгінгі ұрпақ қасиет тұтатын жерлердің киелілігі ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды.

Батысы Торғай ойпатына тіреліп, шығысы Қара Ертіске еңкейіп барып тоқтайтын, түстігін Балқаштың көгілдір толқындары шайып жатса, терістігі көк Есілмен көмкерілген ұлан-ғайыр Сарыарқа сан ғасырлардан бері қазақ деген дана халықтың құтты қонысы болып келеді. Көшпелі дала жұрты өздерінің алтын ұясы болған атақоныстарын ұшқыр қиялмен бейнелі түйсінді



және тұрмыс-тіршілігіне орай нақты түрде қабылдады. Сондықтан да жер бедерінің географиялық рельефті пішіндері мен өзгешеліктеріне байланысты барша жұрт қабылдаған дәл де толық атаулар берді. Бір ғана таулы-қыратты жерді алсақ, «Шоқы» – өзге тау жынысы түзілімнен жеке өзгешеленіп тұратын биіктік. Мысалы, «Жетімшоқы», «Тасшоқы», «Қосшоқы» т.б. «Асу» – үлкен көштер қиындықсыз өте алатын тау арасындағы жер. Мысалы, «Көшасқан», «Кеңасу», «Тастыасу» т.б. «Қойтас» – жайылып жүрген қойларды елестететін бедерлі тасты алқап. «Бел», «белес», «қыр», «қырат» жердің қатпарлық бөлігінің біртіндеп жоғарылау көтерілімі болып табылады. «Жал» – аттың жалы секілді қатпарлы беткейдің ұзына бойы көрініп жатуына сәйкес келеді. «Керегетас» және «қотыртас», «шоқпартас» т.б. пішіндік, суреттік тұрғыдағы бейнелі атаулар екені анық. Ал кеңбайтақ өлкенің Сарыарқа деген ұғымдағы атауға ие болуы да атажұрттың табиғи келбеті мен қадір-қасиеттің ұлттық таным-білікпен сезіне білуінде жатыр.

Ұлан даланың «Арқа», «Сарыарқа» аталуының басты себебі осы өлкеде ағатын ірілі-ұсақты өзендердің құйылар сағасы мен көлдердің географиялық орналасу тәртібіне байланысты болған. Орталық Қазақстан атырабы гипсометриялық тұрғыдан Солтүстік Қазақстан, Торғай, Бетпақдала және Балқаш маңы жазықтарынан бөлектенген таулы-қыратты болып келетін ерекше өлкеге жатады. Себебі Орталық Қазақстандағы өзендердің негізгі суайырығы осында жатыр. Олар тек оңтүстік пен солтүстікке қарай ғана бет бұра ағуына байланысты бірнеше су алқаптарын құрайды. Сарыарқаның ең биік жерлері Қызыларай (1565 м), Қарқаралы (1403 м), Қызылтас (1283 м),



Кешубай (1559 м), Кент (1415 м), Қарақуыс (1342 м), Қу (Балқантау) (1356 м) таулары және бұлардың маңындағы кейбір біршама мың метрге жетеқабыл ұсақ жота-шоқылар жиыны негізгі орографиялық және суайрықтық белдеуді түзеді. Бұл аймақтан Теңіз алқабының өзендері Нұраталды, Шерубай-Нұра мен Нұра, Ертіс өзенінің алқабы бағытындағы Түндік және т.б., сондай-ақ Балқаш өзенінің алабына жататын Тоқырауын, Қаратал, Мойынты, Жамшы, Доғанделі өзендері басын алады. Аласа таулардың негізгі тобынан солтүстікке қарай оқшаулана Баянауыл алқабы (1026 м), сондай-ақ осы бойлық бағытында созылып жатқан Нияз (833 м) бен Ерейментау (858 м) жоталары орналасқан. Бұларда Ертіс маңының сол жағалық көлдеріне құятын Сілеті, Өлеңті, Шідерті өзендерінің бастаулары орналасқан. Бұл аймақтың батыс жағында Арал теңізінің алқабына жататын Сарысу өзенінің бастауы да орналасқан. Торғай жеріндегі Терісаққан өзені кері бағытқа қарсы ағуына байланысты осылай аталғандығы анық. Сарыарқаның бас суайрық атырабынан басын алатын барлық өзендер әртүрлі деңгейлі бұлақ-бастаулар мен қар мен жаңбыр суларымен қоректенеді.

«Сарыарқа» орыс ғалымдары терминдік атауда қолданған «Орталық Қазақстан», «Қазақтың қатпарлы атырабы», «Қазақтың ұсақшоқылы даласы», «Қазақтың таулы қыраты» сияқты басқа да түрлі топонимдерге қарағанда, аймақтың географиялық және геоморфологиялық мәнін әлдеқайда дәлірек береді. Ал қазіргі кезде «Сарыарқа» ұғымы заңдастырылып қойылды. Жалпы ауданы 1 млн. шаршы шақырымға жуық атыраптың мұндай бөлектенуін ғалымдар оның геологиялық құрылымымен және аймақтық дамуының тарихымен байланыстырады. Сарыарқа география ғылымы бойынша 54°–46° солтүстік ендікте және 66°–80° шығыс бойлық араларында орналасқан, жоғарыдан қарағанда шығысқа қарай жіңішкере, дұрыс емес трапеция пішіндес болып келеді. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай Торғай қолатынан Шыңғыстаудың оңтүстік-шығыс шетіне дейін 1150 км шамасында. Ені батысында Көкшетау қыратынан Ұлытаудың оңтүстік шетіне дейін 800 км, ал шығысында 350 км-ге жуық. Осындағы әрбір тарихи атауға, киелі мәнге ие болған жер атауларының бәрі де тұнып тұрған тарих, шерлі шежірелерден сыр шертеді. Біздің эрамызға дейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай заманындағы тайпалар тарихы мен мәдениетінің құнды жәдігерлері осы Сарыарқадан табылды. Бұнда Ұлы Жібек сауда жолы керуендерінің созылған соқпақты іздерінің даңғыл жолға айналған тарихи таңбалары жатыр. Қазақ халқы ертеден көшпелі өмір сүрген. Орта жүзге жататын қазақ рулары қысты Сырдарияның арғы-бергі жағасында өткізсе, жаз жайлауға Сарыарқа деп сағына көшуге асыққан. Бұған нақты мысалды қазақ фольклорынан, жазба әдебиетінен және музыкасынан жүздеп келтіруге болады. Ақын-жыраулар поэзиясынан бастап бүгінге дейін асқақ жыр, әуелеген ән, күмбірлеген күй тақырыбы болып келе жатыр. Құрманғазының «Сарыарқасын» тыңдаған адамның шабыттанбайтыны жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ел Астанасын Сарыарқаның кіндігі Ақмолаға көшіруін кемел көрегендік пен ел болашағын ойлаудың нақты қадамы деуге болады.

САУРАН

Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениетінің маңызды ескерткіштерінің бірі – ежелгі Сауран қаласы. Ол Шығыс Ренессансы кезінде әлемге белгілі ғұламалар мен көрнекті тұлғаларды тарих төріне шығарды. Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан Сауранның қираған орны қазақ халқы тарихының, сәулет өнерінің, ғылым-білімінің, мәдениетінің талай заманалар тылсымында қалған құпия сырларын сақтап жатқан қазыналы жабық мұрағат секілді. Бізге қаланың салыну тарихы мен өркендеу мәдениеті, оның Орта Азия халықтары тағдырында атқарған маңызы туралы жазба мағлұматтар жүйесіз және мардымсыз түрде, ал археологиялық тұрғыдан жан-жақты зерделенбеген қала қирандысы күйінде жетіп отыр. Ортағасырлық Сауран қаласының тарихынан сыр шертетін мәліметтер араб-парсы және орыстың ғылыми деректерінде, сонымен қатар қазақ халқының тарихи жыр-дастандарында кездеседі. Көмекей әулие атанған Бұқар жырау қала жұртының басқыншы жаумен шайқасқан ерен ерліктері туралы «Тас қамал» атты дастан да шығарған деген дерек те бар.

Біздің заманымызға дейінгі 128 жылы төтенше тапсырмамен Сыр бойына арнайы келген қытайлық саяхатшы Чжан Цянь тек бір ғана Ферғана өңірінде ірі 70 қала бар деп жазыпты. Бірақ тарихи деректер бойынша Сауранның алғашқы іргетасы VI ғасырда, яғни түркі қағанаты дәуірінен бастап қалана бастаса, сол кездегі Сырдария алқабындағы маңызды стратегиялық және



сауда орталығы ретінде белгілі болып өркен жаюы VII–XVIII ғасырлардың еншісіне жатады. XII ғасырда «Ұлы Жібек жолы» арқылы ірі сауда орталығы ретінде бүкіл әлемге танылған. XIII ғасырда «Испиджаб сияқты харадж (салық) төлемейтін» шекаралық үлкен қала дәрежесінде болса, XIV ғасырда Сауран Ақ Орда хандығы құрамына қарап, оның астанасы дәрежесіне дейін аталады. Ұлан-ғайыр Дешті-Қыпшақ даласын мекен еткен тайпалар мен халықтар үшін сыртқы жаудан қорғануда стратегиялық бекініс ретінде маңызы зор болды. XV–XVII ғасырлардағы жазба жәдігерлердегі деректерде Түркістандағы билік үшін қазақ хандықтары мен шайбаниліктер арасындағы күресімен байланысты айтылған. Қазақ хандығы құрылған соң қаланың ұлт тарихындағы орны туралы мәліметтер аз болғанымен, ірі қала ретіндегі мән-маңызы төмендемеген. Сауран XVIII ғасырдың басында әлсіреп, XIX ғасырдың басында біржолата күйреді.

Сауран мұнаралы биік және бірнеше қабырға-дуалдармен қоршалған үлкен қала болған. X ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы әль-Мұқаддаси (Махсиди) әл-Муттахар Тахир «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген еңбегінде «Сауран – жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде күмбезді сарай, мешіт бар» деп жазған. Зерттеушілердің пікірінше, қаланың орталығында бірнеше мешіт пен медреселердің табылуы ғылым-білімнің, өркениеттің ордасы болғандығын байқатады. Мешіттер ислам дінінің таралуына ықпал етсе, медреселер Шығыс Ренессансы арқылы дамыған ғылым-білім, өнерді



өркендетуге ықпал жасады. Оның ірі-ірі құрылыстарының ішінен жылнамашылар «шайқалмалы минаретті» және қала мен оның айналасын сумен қамтамасыз еткен кәріздерді – жердің астынан салынған каналды ерекше атаған. Оны қазақ жері бойынша теңдес құрылыс жүйесі жоқ осы бірегей қаланы сумен қамтамасыз ету технологиясы дәлелдейді. Сауранның басты екі орталық көшесінен басқа, күрделі түрде тармақталған көше жүйесін құрайтын жоспарлы архитектуралық құрылымы зерттеушілерді таң қалдыруда. Тұран даласы аталған үлкен аймақтың рухани және саяси орталығы ретіндегі дамуы мен даңқын жаңғыртқан Сауран сәулетті қала болған.

Сауран қаласы 1982 жылдан бері республикалық маңызы бар тарихи археологиялық ескерткіші ретінде тіркелді. Қазіргі кезде елу гектардан аса территорияны құрайтын көне қаладағы археологиялық жұмыстар Қазақстандық «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде өткізіліп жатыр. Енді Қазақстан тарапынан Сауранды Ұлы Жібек жолы бойындағы туризм инфрақұрылымына қосып, елімізге аса маңызды тарихи-мәдени мұражайға айналдыру міндеті қолға алынуда.



СЕЙХУН

Туған жердің әр төбесінің, қырқа-жотасының, өзен-көлінің қойылған атауының өзі құпия сырға толы. Солардың бірі талай дәуірлермен жарыса аққан қазіргі Сырдария өзенінің атауына қатысты. Кермиық далада керіле көсілген дарияның алғашқы атауы «Яксарт» екен. Бұл өзеннің грекше аты көне парсы тіліндегі Yaksart Ata («Үлкен маржан») деген сөз тіркесінен бастау алады. Ертеде Сыр бойында өмір сүрген сақ-скифтер өзеннің орта ағысын – «Яксарт» деп атаған (қараңыз: С. Кляшторный. Яксарт – Сыр-Дария// СЭ. – 1953. – №3).

«Яксарт» сөзі әртүрлі тілдердегі аудармаларына қарай мағыналары да өзгеріп отырады. Мысалы, қытай тілінде – «Нағыз інжу өзені», көне иран тілінде – «Інжу өзені», моңғол тілінде «Үлкен өзен», парсы тілінде – «Суық өзен» деген мағыналарға ие. Ал «Яксарт» сөзі түрікше «иенчү-үгүз», яғни «Інжу өзен» деген мағына береді. М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» атты еңбегінде «өкүз» сөзімен Жейхун мен Еврат секілді үлкен дарияларды атаған (қараңыз: М. Қашқари. Түрік тілінің сөздігі. 1-том. Алматы, 1997. – 87-бет).

Ертеде көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені Яксарт (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан ол өзенді түркілер «Інжу» (моншақ, маржан) деп атаған (қараңыз: Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік түрлері. – Астана, 2013. – 10-бет).



«Сейхун» этимологиясы көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектерде Сырдарияның көне атауы ретінде беріледі. «Ортағасырлық мұсылман жазбаларында жұмақтағы төрт өзеннің бірінің атымен «Сейхун» деп аталған. Әмудария өзені «Жейхун» деп аталған. Бұл – жұмақтағы төрт өзеннің тағы бірінің аты. Қазақстанда жергілікті тұрғындар оны күнделікті тілде «Дария» деп атайды.

Бартольдтің «Орта Азиядағы Түріктердің тарихы» атты кітабының 53-бетінде Сырдария өзені жайлы мәліметтер берілген. Абу әл-Ғазида осылай атаған. Ибн Хауқал Сейхун өзені түрік елдерінен шығып ағады деп айтқан. Ибн Хауқалдың айтуынша, таудан аққан бұл өзен Арал теңізіне барып құяды. Араб саяхатшылары Сейхун, Жейхун өзені секілді, онда кемемен жүзуге болады дейді. Қыс мезгілінде ұзақ уақытқа өзеннің бетінде мұз қатады. Осы себепті өзеннің үстінен арбалар жүре беретін.

Сырдария мен Әмудария Сейхун, Жейхун болмас бұрын Жаксартекс және Оксис деп аталған. Арабтар Сейхун, Жейхун атауларын яһудилерден алуы мүмкін деген болжам айтылады. Яһудилердің жазбаларында Писон және Гихон деген өзендер жайлы айтылады. Сейхун мен Жейхун осы сөздерге жақын болуы мүмкін, бірақ мағыналары белгісіз. Моңғол шапқыншылығы заманында Сейхун атауы қолданыстан шығып, Сырдария деп атала бастаған (Қараңыз: Әшімов Б. Сырдарияның көне атаулары. Қазақ газеттері. 19 ақпан, 2015).

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Б. Әшімов «Сырдарияның көне атаулары» атты мақаласында бұл атаулар туралы мәліметтерді қорытындылай келіп былай дейді: «Сырдарияның ежелгі атаулары өзеннің алқабында өмір сүрген халықтар мен тайпаларда әртүрлі аталған, онда ғұмыр кешкен тайпалардың, қалалар мен елді мекендердің ықпалымен, өзеннің атауы әрдайым өзгеріп отырған, ал антикалық тарихшылардың, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде



өзенді Танаис, Силис, Канг, Яксарт, Банакит, Сейхун деп аталғанын көреміз» (Қараңыз: Әшімов Б. Сырдарияның көне атаулары. Қазақ газеттері. 19 ақпан, 2015).

Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев бұл атауларды өзінің «Түркістан» өлеңінде былай деп жырлайды:

«Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.

Киелі сол екі су жағасына,

Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін!»

Сонымен бір мағынасын моншақ, маржан, інжуге баласа, екінші мағынасы зәмзәм суы шәрбәттай жұмақ өзенге теңеудің өзі оның халықтың ерекше ықыласына бөленгендігін білдіреді. Қазіргі таңда да жердегі інжу әрі жұмақ өзені ағаш үйлі, киіз туырлықты Алаш баласының құтына айналғандығын көреміз.

СЕМЕЙ

Семей – қазақ елінің тарихында ерекше орны бар рухани-мәдени орталықтардың бірі. Қазақ еліндегі мұхитқа құятын жалғыз өзен Ертістің қос жағалауында жайыла орналасқан. Сондай-ақ әлемдегі өзенде орналасқан аралдардың ең үлкені – Түйемойнақ та қаланың ең көрнекті бөлігі. Семей қаласының мың жылдық тарихы бар. Түркі дәуірінен келе жатқан топоним Семейтау қалаға жақын көлбеу жатқан таудың аты. Осы қазіргі Семей қаласынан алыс емес. «Семей» сөзі көне түркі тілінде «қасиетті, киелі мекен» деген мағынаны білдіреді.

Көне Семей Қимақ-Қыпшақ мемлекетінің астанасы. Арабтың саяхатшы-ғалымы әл-Идриси, итальян жиһангері П. Карпини, кейіннен орыс ғалымы Г. Миллер, қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов тағы басқалардың еңбектерінде Ертіс жағасындағы көне қалалар туралы жазба деректер қалдырғаны тарихтан белгілі. Зерттеуші Асан Омаров өзінің «Қазақия» атты еңбегінде көптеген тарихи деректерге сүйене отырып, Семей қаласының көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі хроникасын жасап шыққан. Семейдің ежелгі заманнан қазақтың атажұрты екені Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында анық аталып берілген: «Семейдің тұрған жері ерте заманнан ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Олардың ең ескісі қола дәуіріне жатады. Одан кейінгі дәуірлерде бұл арада ежелгі ғұндар, Түрік қағандығы, Қыпшақ, Керей, Найман ұлыстарының тіршілік еткені анықталды» (ҚҰЭ, 7-654).

Он жетінші ғасырда Ресей Империясы ескі қала Семейдің орнынан төмендеу Ертістің сағасына бекініс сала бастайды. Бүгінде ол «Ескі қорған» деген атпен белгілі шағын елді мекен. Қазіргі Семейге жақын Бесқарағай





ауданына қарайды. Оны жылда су шайып кете берген соң, бекіністі ескі қала Семейдің орнына көшірген. Содан түркінің ескі қаласындағы тас мешіттерді қиратып соның қасиетті тасынан салған бекіністі «Семипалатинск» деп атаған. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2007 жылғы Жарлығымен «Семипалатинск» деген жапсырма алынып тасталып, қаланың тарихи негізді Семей атауымен ғана айтылуы керектігі өз шешімін тапты.

Қазақ танымындағы «Ахау Семей, Тіл мен көмей» деген тіркес қаланың өнердің ордасы екенінен хабар береді. Семей өңірі кейінгі батырлық заманда «Дарабоз» атанған Қаракерей Қабанбай батырдың, наразылық жылдары Дулат Бабатайұлының есімімен де тікелей байланысты. Семей қаласы бертінде қазақ әдебиетінің үш алыбы Абай, Шәкәрім, Мұхтардың өмірі мен шығармашылығына тікелей байланысты қабылданатын болды.

Семей ХХ ғасыр басында – Алаш Автономиясының астанасы болды. Семейдің сол жағалауы Алашорда үкіметі қызметін бастаған уақытта ресми түрде Алаш қаласы атанды. «Алаш» сөзі – түркі тілінде бауырлас, қандас, туыс деген мағынаны береді.


Бүгінде Семей – Қазақ Елінің рухани-мәдени орталықтарының бірі. Мұнда Қазақтың Абай атындағы сазды-драмалық және Ф.М. Достоевский атындағы орыс драмалық театрлары бар. Абай және Ф.М. Достоевский мұражайлары, Өлкетану музейі, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы, Абай кітапханасы бар.

СОЗАҚ

Көне Созақ қаласы Қазақ хандығының саяси-экономикалық тарихында маңызды рөл атқарды. Созақ қаласының да 2000 жылдық тарихы барлығын археологиялық зерттеулер көрсетіп отыр. Қазақ хандығының қалыптасып, даму тарихында, жалпы Қазақ тарихында елеулі орын алған Созақ қаласының аты жазба деректерде алғаш рет ХІІІ ғасырдың ортасында армян патшасы Гетумның моңғолдың ұлы ханы Мөңкеге кездесу үшін жасаған сапарымен байланысты аталады. Елшілік Қарақорымнан қайтқан сапарында Хутухчин, Пергант, Сухул-хан, Уросо-хан, Кайкант, Хузақ, яғни Харчух тауы арқылы Стнах пен Совран, Харчух, Асон, Отрар, Зернух арқылы Дизакқа жеткені жайлы жолжазбада көрсетілген. Созақ Сығанақ қаласына жақын маңда орналасқан. Созақ қаласы ХІІІ ғасырдағы жазба деректерінде Хұзақ деген атпен аталады, ал ХVІ ғасырдан бастап Созақ деген атпен белгілі.

Созақ қаласының орны Қаратаудың теріскей беткейіндегі қазіргі Созақ ауылының жерінде жатыр. Онда ортағасырлық екі қала орны сақталған. Солардың біріншісі – Тарсатөбе. Ол ауылдың солтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Екіншісі ауылдың орта тұсында орналасқан кейінгі Созақтың орны. Оны жергілікті тұрғындар «Өркешігі» деп атайды. Созақта 1946 жылы болған археологиялық зерттеу қала екі бөліктен тұратындығын алғаш айтқан (Тарсатөбе және кейінгі Созақ). Сол кездегі зерттеу нәтижелері бойынша Тарсатөбені VII–XII ғғ. жатқызып, кейінгі Созақты ХІІІ–ХVІІІ ғасырлар аралығында өмір сүрген деп болжаған. 1947–1948 жылдары археологиялық экспедиция Тарсатөбеге екі жерден стратиграфиялық барлау шұңқырын





салған. Қазбадан табылған заттар мен стратиграфиялық зерттеу нәтижелеріне сай қалашықты б.д.д. III – б.д. IX ғасырлар аралығымен мерзімдеген. Дегенмен, мамандардың тұжырымын түйіндесек Тарсатөбенің орнында болған мекеннің 1000 жылдан астам тіршілік кешкенін көреміз. Қалашықтың мерзімделуі мен ел ішіндегі айтылып жүрген әңгіменің арасында нанымды байланыс бар секілді. Жергілікті тарихшы С. Насруллаұлы: «Тарсатөбеде Ислам діні бұл өңірге тарағанға дейін отқа табынушы шаман дініндегі тарсалар (парсы тілінде отқа табынушы) өмір сүрген. Қаратаудың жотасынан Созақтың шетіне дейін созылып жатқан таспен өрілген қабірлер осы «Тарсалар» мен «Мықтардың» қабірлері», – дейді.

Созақ орналасқан аймақ Қазақ хандығының XV ғасырдағы иелігінің кіндік тұсы болған. Қаратаудың күнгейі мен Сыр бойында орналасқан ірі қалалық орталықтарға апаратын негізгі Суындықтың асуы, Ақсүмбедегі асу осы Созақ жерінде. XV ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр аралығындағы жазба деректерде Созақ Дештіқыпшақ даласынан оңтүстіктегі Яссы, Отырар, Сауран, Сайрам қалаларына, батыста Арал маңындағы қалалардан шығыста Шу–Талас өңіріндегі қалаларға апаратын Қаратаудың теріскей беткейіндегі жолдың түйіскен жерінде орналасқан қала ретінде жиі айтылады. XV ғасырда жаңа қалыптасқан Қазақ хандығының тірек қаласы Созақ болғандығында сөз жоқ.

Қазақ хандығының алғашқы астанасы Шар деп аталса керек. Бұл қалада Керей мен Жәнібек хандар бекініс салып мемлекеттің алғашқы құрылымын жасақтады. Шар қаласының шағын, әрі құпия болуының өзіндік себебі де жоқ емес. Керей хан Шарды оны алғашқыда арнайы бекініс ретінде ғана салдырған. Жаңа құрылып қалыптаса бастаған мемлекетке алғашқы уақытта іргесін тіктеп алу мақсатында қажет болған Шар қаласы уақытша мекен болып құпия сақталды. Әбден ірге бекітіп елдік құрылымға көтерілген соң, Керей мен Жәнібек хандар «Қазақ хандығын» құрып Астанасын «Созақ» деп жариялайды. XVI ғасырдың соңында Тәуекел ханның тұсында Сырдария мен Түркістанның қалалары толығымен Қазақ хандығының қол астына өтті. Қалалардың осыдан кейінгі тарихы хандықтың тарихымен тығыз байланысты өрбіді. Созақ қаласы да өзінің мемлекеттік орталық қала ретіндегі тіршілігін жалғастыра берді. Жоңғар тарапынан болған шапқыншылық соғыстар кезінде Созақ қазақ әскерлерінің күш жинаған ірі бекініс қаласына айналды. Қаланың жаудың жойқын күшіне қарсы тұру соғысында жауынгерлерді азық-түлік, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды.

Шежіре деректері «Өрқақпаның үстінде екі мешіт болатын, біреуі «Мәмет Халпе» мешіті, имамы Абдали дамулла, екіншісі оның шығыс жағындағы Жақыпбай салдырған мешіт, имамы Қарамағзұмның баласы Жалалиддин еді. Осы екі мешіттің арасында жолақ жол болатын. Сол жолдың бойында дуал түбінде «Хан мазары» болатын» дегенді алға тартады. 1950 жылдарға дейін Қамал-қаланың сыртқы жағында дуалға жапсарласа тұрған қос қабірді халық «Хан мазары» деп келген екен. Қабірлердің үстінде көк түсті, күйдірілген құмыра тәрізді белгі болған. Қамалдың құлаған дуалдарының астында қалып, қабір тегістеліп кеткен. Айтушылар «Хан мазарында» Керей мен Жәнібек хан жерленген екен» десе, енді біреулері «Жәнібек хан мен оның баласы Махмұд сұлтанның, кейбірі Жәнібектің немересі Ақназардың қабірі» екен дегенді көлденең тартады. «Хан мазары» туралы «Созақ қамалында қазақтың екі ханы жатыр» деп Әлкей Марғұлан мен Мұхтар Әуезов айтқан екен. «Қазақ тарихын түгендейтін уақыт келеді. Меніңше, Керей мен Жәнібектің сүйегі осында жатыр, зерттеңдер» деп Өзбекәлі Жәнібеков те аманат қалдырған.

Аймақтың тағы бір тарихилығы атақты Созақ көтерілісіне байланысты. Қазақстанда 1929–31 жылдары Совет өкіметіне қарсы ұйымдастырылған 300-дей көтерілістің ірілерінің бірі 1930 жылғы Созақ көтерілісі болды. 1996 жылы 17 желтоқсанда Тәуелсіздіктің 5 жылдығына арналған салтанатты жиында жасаған баяндамасында Елбасы Н. Назарбаевтың: «Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды...» деуі тарихи шындық. Тарихшылыр «бұл – шынында да кеңестік жүйеге қарсы ашықтан-ашық болған, айқын түрдегі ұлт-азаттық көтеріліс, үлкен көтеріліс» деп бағалайды. Кеңес империясының қанды қасабының соңғы құрбандары – Созақ көтерілісшілері осы қамалда соңғы сарбазына дейін оққа ұшқан.

СЫҒАНАҚ

Сығанақ – халқымыз үшін мыңжылдық тарихтың куәсі ретінде танылған қала. Сондықтан да ол ұлтымыздың қадір тұтып, қасиет санайтын киелі тарихи орындардың бірі саналады. Алғашқы дерек бойынша, «Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары» (Худуд ал-Алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб) атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атымен белгілі болған. X ғасырда жазылған «Худуд әл-Әлемде» деген парсы шығармасында 982 жылдан «Сығанақ» атауымен таныла бастаған. «Сығанақ» атауы түрікшеден аударғанда «қамал, қорған» деген мағына береді. Осы X ғасырда араб географы әль-Мұқаддаси (Мақдиси) Сығанақты «Отырармен кіндігі бір егіз қала» деп көрсеткен. Сол кездегі тарихшылар Сығанақты «Қыпшақ даласының гаваны» деп атаған. X ғасырдағы атақты араб жағрафиятанушы, ғалым әл-Идриси Сырдария бойындағы ғұндардың (оғыздардың) қалаларының көптігін жазып, олардың ішіндегі «Сауран, Сүткент, Сығанақ қалаларын ірі қалалар еді. Ал Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы» деп ерекше көрсеткен.

Сығанақ XII ғасырдың соңы XIII ғасырдың басында әлі де мұсылман дінін қабылдай қоймаған, Тәңірге табынған көшпенді қыпшақ хандығының шығыс астанасы болды. Сол себептен кейбір мұсылман ғалымдары деректерінде «Дарь-уль-Куфр» немесе «дінсіздердің ордасы» деп те аталды. «Абдулла-наме» жылнамасында Сығанақ туралы «Ол – ежелден бері қыпшақ (қазақ) хандарының астанасы» деп атап жазылған. Махмұт Қашқари «Сығанақ –



оғыздар еліндегі қала» деп, ал Әбілғазының жазбаларында: «Қала қақпалы, қуатты дуалдармен қоршалып, ішінде сауда үйлері, керуен сарайлары және басқа да қоғамдық құрылыстары бар қала үйлері орналасқан. Сығанақ Сырдария өңіріндегі ірі тұрақ еді. Оның тұрғындары елші Хасан-Қажыны өлтіріп, моңғолдармен барынша қарсыласты» деп жазған.

Сығанақ Ұлы Жібек жолыда Сырдария өңіріндегі өте ірі сауда орталығы болды. Қаланың атақты кезін көрген Фазлах ибн-Рузбихан: «Шаһарда күн сайын бес жүз түйенің еті қуырылып, кешке қарай одан түйір де қалмайды», – деп жаза келіп, оның орналасқан жерінің дала жұрты үшін маңызы мен географиялық ерекшелігіне сипаттама берген. Қаланың қазақ халқы үшін атақты болуындағы тағы екі себебі бар. Біріншіден, қала өзінің 2000 жылға жуық тарихында қаңлылардың, қыпшақ хандығының (XI–XII ғғ.), Ақ Орданың (XIII–XIV ғғ.), Әбілхайыр хандығының (XV ғ.), Қазақ хандығының (XVI ғ.) астанасы болса, екіншіден, қандай да бір шапқыншылық болса да қайтадан жанданып отырғандығы. Әрине, оның Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы да оны үлкен даңққа бөлеген. Сығанақ өз тарихында талай қияметті басынан кешірді. Ақ Орда хандары мен Темір ұлысы арасында, кейінірек қазақ хандары мен (Бұрындық, Қасым хан) Мұхаммед Шайбани, оның ұрпақтары арасында Сығанақ үшін талай кескілескен ұрыстар болды. Сығанақты 1446 жылы шайбанилік Әбілқайыр басып алса да, Орыс ханның ұрпақтары Әбілқайыр



билігін мойындамады. 1456 жылы Әбілқайыр мен Енге төре арасында Сығанақ үшін болған шайқаста Әбілқайыр жеңіліс тапты. Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандығы Әбілқайырдың осы әлсірегенін пайдаланып, Елордасын Шу бойындағы Қозыбасына әкеліп тігіп, Сығанаққа ықпал жасады. Осыдан бастап, Сығанақ өлкесі территориялық тұрғысынан қазақ мемлекетінің қарамағында қалды. Кейін қазақ ханы Бұрындық Сығанақты алуға келгенде қаланың әкімі Қазы Садыр әл Ислам бастаған басшылығы ақылдаса келе: «бұл қала бұрыннан Бұрындық ханның ата-бабаларының қолында болған, сондықтан қаланы оған берсек тыныштық болады», – деп шайқассыз беріледі. Міне, осы кезден бастап Сығанақ қаласы қайтадан Қазақ хандығының астанасына біржолата айналады. XVII–XVIII ғасырларда болған жоңғар шапқыншылығына бірнеше рет ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Сығанақта халық салдырған мешіт ғимараты шамамен 1937–1938 жылдарға дейін болған және жергілікті жұрт үшін киелі саналса да, атеистік көзқарас әсерінен бұздырылған.

Қаланы алғашқы зерттеуші П.И. Лерх, Е.А. Смирновтар барлау жұмысы кезінде Сығанақта болып, қаланың суландыру жүйесі туралы ғана хабарласа, В.А. Каллаур «Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии» жинағында қала құрлысының ғылыми топографиясын сипаттап: «Сунақ-атада ең алдымен, күйдірілген қыштан соғылған екі құрылыс назар аудартады. Олар осы жердегі қаламен тұспа-тұс болуға тиіс», – деп архитектурасына да назар аударған. XX ғасырда археолог ғалымдар К. Ақышев пен К. Байпаковтар Сығанақ қаласының топографиялық тарихына да назар аударып, «бұл ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала» деген қорытынды жасады.

Қазір қаланың тарихи орны – 10 га жерді алып жатқан үлкен бес бұрыш бейнесіндегі төбе. Географиялық тұрғыдан алғанда, Қаратау жотасының оңтүстік-батысындағы Белқар үстіртінде жатыр. Ол Қазақстанның қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлінуіне байланысты Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында орналасқан.



СЫРЫМБЕТ

Сырымбет – Көкшетау жоталарының қыратты, шоқылы аймағының жалғасы. Шоқ-шоқ қарағай, қайың тоғайлары, бірнеше айдын көлдері бар мекен. Жерінің дені – егістік. Аудан орталығы Айыртаудан Солтүстік Батысқа қарай отыз шақырымдай жерде бой көтерген мекен. Андағайлап алыстан көз тартар аса биік болмағанымен, етегінде жарқыраған көлі, бауырында сылдырап аққан кәусар бұлақтары бар сыңсыған қалың жынысты әсем шоқы. Ең биігінен қарағанда Көкше даласының көп тұсы алақанға салғандай анық көрінеді.

Сырымбет атауы кісі есімімен де байланысты. Сырымбет, Қырымбет деген атақты ағайынды батырлар, бай азаматтар да болған дейді көне аңыз. Сырымбет шоқысы тәрізді Жақсы өңіріндегі Қалмақкөл тұсында Қырымбет шоқысы бар. Сырымбет батыр болған. Қалай да жер атауының кісі есімінен пайда болғандығы аңғарылады.

Сырымбет – хан ордасы. Шатқал баурайына алғашқы елді мекеннің іргесін қалаған Абылай ханның ұлы – Уәлі. Бұл қонысқа себеп болған – Шоқанның әжесі, атақты Айғаным Сарғалдаққызы. Уәлихан дүниеден озғаннан кейін, Айғаным ханшаның сұрауы негізінде Ресей патшасы Александр I-нің жарлығымен 1824 жылы Сырымбетте ханзаданың шағын ордасы, Уәлихан әулетінің ата қонысы салынған. Сырымбет жерінде Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың балғын балалық шағы өткен. Қазақтың белгілі өнерпазы Ақан серінің ауылы



да жайлаған. Мұнда ол серілік құрған шағында да жиі болып, сауық құрған. Елге кең таралған «Сырымбет» әнін шығарған.


Сырымбет – табиғат аясындағы ғажайып мұражайлардан тұратын мекен. «Айғаным» атты тарихи-этнографиялық мұражай оңаша аймақта, Сырымбет тауының етегінде, атақты Уәлихановтар ата-қонысында, Сырымбет ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан. Мұражай-кешен XIX ғасырдың әуелгі тарихи архитектурасы сақталған мектептен, мешіттен, қонақ үйден, диірменнен, қызметшілерге арналған тұрғын үйден, моншадан және шаруашылық құрылыстарынан тұрады.

Тау етегінде, сұлу табиғат аясында орналасқан «Сырымбет» қонысы сәулет өнерінің тамаша ескерткіші ғана болмай, сонымен қатар мәдени-рухани нысандардың бірі болып табылады. Оның экспозициялық залдарында өткен уақыттың атмосферасына кезігесің. Осында сол XIX ғасырға тиесілі көптеген бірегей, тарихи маңызы жоғары экспонаттар да бар. Олардың ішінде Шоқанның жеке қолсандығы, суреттері, карта-сызбалары, ұлы ғалым салған Айғаным әжесінің суреті, көне жадығаттар, дәлелді құжаттар орналасқан.

Ал «Шоқан Уәлиханов атындағы мұражай» Сырымбет ауылының ішінде. Мұражай кең бір қабатты ғимаратта орналасқан. XX ғасырдың басында осында белгілі архитектор Шота Уәлиханов, мемлекет қайраткерлері Еркін Әуелбеков, Кәкімбек Салықов сияқты басқа да атақты қоғам қайраткерлері білім алған мектеп болған.


Қазіргі кезде ғимарат мұражай болып табылады. Мұнда Уәлихановтар отбасының бірнеше буынының өмірлерімен байланысты көптеген бірегей экспонаттарды көруге болады. Мұражай экспозициясында сол кездегі тұрмыспен қолданбалы өнердің заттары қойылған. Шоқан отбасының тарихымен байланысты болған экспонаттар ерекше орынға лайық, олар: аталар шежіресі, Абылай ханның суреті, піл сүйегінен жасалған түпнұсқа сандық. Қазақ этнографы Шоқанның ғылыми еңбектері, қолжазбалары, кітаптары және көптеген құжаттар да көрсетілген.

Сырымбет – Саумалкөл, Шалқар, Құмдықөл, Жекекөл, Ақбалшық, Тораңғыл, Қоскөлдер орап жатқан Сарыарқаның қайталанбастай сұлу белдеуінде орналасқан алтын аймақтың балқаймағы.



ТАЛАС

Бүгінгі Талас өлкесінде аңыздарға арқау болған көп ғасырлық тарихы бар екі жүзден астам қала жатыр. Талас өзені арнасы сәулет өнерінің үздік нұсқалары болып табылатын тарихи ескерткіштерге бай. Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалалар осында орналасқан. «Ерте ислам дәуірінің мешіті», «Төрткөл қалашығы» (VI–VIII ғғ.), «Құлан қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Меркі қалашығы» (VII–XIII ғғ.), «Түймекент қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Төменгі Барысхан қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Айша бибі кесенесі» (XI–XII ғғ.), «Бабаджа Хатун кесенесі» (XI ғ.), «Қарахан кесенесі» (XI–XII ғғ.), «Дәуітбек кесенесі» (XIII ғ.), «Тектұрмас кесенесі» (XIV ғ.) секілді сәулет өнерінің жауһарлары көне тарихтан сыр шертеді. Тылсым сырлы «Ақыртас сарай» кешені (VIII–XII ғғ.), «Баласағұн» (Ақтөбе) қалашығы (VI–VIII ғғ.), «Ақкесене» қарауыл мұнарасы (X–XIII, XVII ғғ.), «Қарақожа» мешіті (XX ғ. басы), «Әбдіқадір» мешіті (XX ғ. басы) сияқты тарихи орындар Тараз қаласы тарихымен тығыз ұштасып жатыр. Мысалы, «Қарахан кесенесі» қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах Махмуд Қараханға арналып салынған. 1836–1936 жылдар аралығында қала Қараханның құрметіне Әулиеата деп аталды. Бұлардың көбі Ұлы Жібек жолындағы аса ірі мәдени, саяси және экономикалық орталық болды.



Осында Талас пен Шу өзендерінің аралығында 550 жыл бұрын Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығының іргесін қалады. Осы Қазақ хандығы құрылуының тарихи мағынасын ашатын 30 метрлік монумент Тараз қаласының батыс бөлігінде «Тараз-Арена» спорт сарайы жанында асқақтап тұр. Тарихтан сыр шертетін тарихи ескерткіштердің ғажайып үлгілері бар Талас өзені алқабы мен Тараз қаласы әлемдік ЭКСПО–2017 көрмесіне келетін қонақтарға көрсететін қалалар тізіміне енді.

Талас өлкесінің тарихы, өмір-тіршілігі туралы материалдық мәдениет ескерткіштерінің аттарына байланысты ерте заманнан бері ел жадында сақталып келе жатқан аңыздар мен әңгімелер де өте мол. Талас өлкесінде туып, жат жерге тараған, шет елде хатқа түскен аңыздар да бар. Сондай аңыздардың бірі-Ақыртас туралы аңыз. Ақыртас туралы қазіргі күнде 5–6 түрлі аңыз бар. Солардың бірінде былай делінеді: «Алаңғасар алып бір сұлуға ғашық болыпты. Сұлу алаңғасар алыптан өзіне арнап тастан сарай салуды талап етеді. Алаңғасар алып Бота мойнақ тауынан тас алып тасып, оларды қашап, тегістеп, сарай салуға кіріседі. Ол сарайды тұрғызып болған соң, Бота мойнақ тауын тесіп, Талас өзенін сол тесік арқылы сарай маңынан өткізбекші болады. Таудан тас тасып жүргенде, Алаңғасар алып ай десе аузы, күн десе көзі бар басқа бір сұлуды кездестіреді. Мұның сұлулығы алдыңғы қыздың сұлулығынан артық, әрі сөзі назды екен. Алаңғасар алып сол қыздың қасында қалып қояды. Алаңғасар алып дүниеден қайтқанда, оның сирағынан өзенге көпір салынған».

Келесі бір аңызға сүйенер болсақ: «Ақыртас қорғанын Манас батыр мен оның баласы Семетей тұрғызады. Баласы таудың басынан тас лақтырып тұрады, әкесі ол тастарды қағып алып, қашап, қалай береді. Қамалды





тұрғызып, Манас пен баласы сол жерде тұрақтап қалады. Әкесі өлген соң бала Ақыртасты тастап, Манас базарға кетеді. Сол жерде көшпенділер оны өлтіреді. Батырдың аяқ сүйектерінен жұрт Талас өзенінің үстінен көпір салады». Әр көне қорған орны ментау-тасын түртсең тарихынан сыр шертетін Талас жеріндегі атақты Ақыртас қалашығы туралы осындай бірнеше аңыздар бар. Ал зерттеліп келе жатқанына 130 жыл болса да байлықтары таусылмаған Таластағы атақты орындар әлі де өзінің кереметтерімен таңғалдыра берері сөзсіз!

Бұл өлкенің осылай аталуы Талас өзеніне байланысты. Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мыңнан астам өзен болса, олардың ішінде тек жетеуінің ғана ұзындығы мың км-ден асады. Олардан кейінгі ұзындығы жағынан келгенде, Талас өзені 661 км-ге созылып ағады. Ол – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен болса, елімізде ағатын бөлігі – 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Таластан тармақтала ағатын Шалқы, Көделі, Тасарық секілді өзендер де бар.

ТАРАЗ

Сан ғасырлар тарихтың құпиясын бойына жиып жатқан осы қала туралы шығыстық көне жазба жәдігерлерде көптеген деректер сақталған. Оларда қаланың атауы «Тараз», «Талас», «Далоосэ», «Ианги» деп аталғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Әлемдік өркениеттен орын алған бұл қала жайындағы мәлімет алғаш рет б.д.д. Қытай жазба деректерінде кездеседі. Онда «қаланың ең алғаш ірге тасын қалаушы Ғұн Тәңірқұты Шөже» – дейді. Алғаш бекініс ретінде ғана Талас өзенінің бойынан тұрғызылған Тараз қалашығы гүлденген ірі қалаға айналды. VI ғасырда Ұлы Түркі қағанатының үлкен саяси орталығы болып, Парсылық және Византиялық елшілерді қабылдайды. Осы кезден бастап, Тараз қаласы батыс елдерінің жазба деректеріне түсе отырып, әлемдік тарих сахнасына енді. «Ұлы Жібек жолы» бойындағы ірі де маңызды қалалардың бірі ретінде Батыс Түркі, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан қағанаттарының саяси-мәдени астанасы болып, ғылым мен білімнің, қолөнер мен сауда-саттықтың ордасына айналады.

Қарахан империясы дәуірінде білім мен ғылымның ортағасырлық мәдениетінің озық үлгісі болған сәулет өнеріне ықпал етті. Онда көптеген ғалымдар мен ағартушылар, білімді шеберлер тобы жиналып, олардың арасынан әлемдік ғылым дамуына үлес қосқан, «Тарази» аталған Махмұт бин Әли әл-Тарази, Әбу Тахир Мұхаммет ат-Тарази, Әбд Садық Ахмет ибн Хасан, Хибадулла ат-Тарази сынды елуден аса көрнекті ғалымдар шықты. Ғұлама ғалымдар шыққан Тараз қаласына шетелдік тарихшы, саяхатшы- жиһанкездер келіп, қала туралы өз ойларын тамсана жазғандары белгілі. 568 жылы жазбаға



түскен Тараз қаласы туралы византиялық деректе қаланың әсем де көркем бейнесі мен оның тамаша табиғатын жазады. 630 жылы қалаға келген қытайлық монах Сюань Цзян: «Таразда әртүрлі елдердің көпестері тұрады» – деп жазса, IX ғасыр басында Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми «Китаб сурат ал-ард» атты шығармасында: «Тараз бұл көпестер қаласы» деп қайталайды. Араб саяхатшысы Абу-Қасым ибн Хаукаль: «Тараз – мұсылман түріктердің сауда жасайтын орны, одан ары ешбір мұсылман бармайды, себебі оның шекарасынан кім өтсе, қарлұқтардың шатырына (қонысына) тап болады» деп жазған.

Арабтың географы Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдиси: «Тараз – үлкен бекіністі қала, көптеген бақтары бар, тығыз қоныстанған, оның оры, төрт қақпасы бар және рабад орналасқан. Медина (шахристан) қақпасы алдында үлкен өзен (Талас), оның арғы жағында қаланың бір бөлігі, оған қарай өткел бар. Жұма мешіт базар ортасында» десе, Махмұд Қашғари «Диуани лұғат-ат-түрік» атты еңбегінде: «Талас – Тараз атауымен белгілі қала. Олар екеу: оның бірі – Ұлы Талас, яғни үлкен, екіншісі ислам шекарасында – Куми Талас» деп жазады. Мыңжылдықтар бойында ежелгі қала моңғол қырғынын, Ақсақ Темірдің ірі жорықтарын, Шайбанилердің қазақ қалалары үшін болған жойқын күрестерін өткере отырып бірде құлдырап, бірде қайта өркендеп тарихтың тағылық тартыстарында дамуын тоқтатпай өмір сүре берді.

Қазіргі археологиялық зерттеу жұмыстары Тараздың осыдан екі мың жыл бұрынғы мәдениетіміздің ірі ошақтарының бірі болғанын айғақтады. Бұл – ата-бабаларымыздың сан ғасыр бұрын да дала мәдениеті мен қала мәдениетін қатар дамытқан өркениетінің жемісі. Мәңгілік қалаға айналған Тараз сол дәуірдегі мәдениет пен өркениетті ғаламдық тұрғыда дамыта білгенінің дәлелі болып, мәдениеті дамыған Европа елдерінің көшпелі Түркі халқы туралы теріс пікірі мен варварлық жабайылыққа санаған ойларын түбегейлі өзгертті. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ тарихында Қазақ ұялатындай ештеңе жоқ» дегенді босқа айтқан жоқ. Мәңгіліктің қаласы өз бастауын алған кезден бастап салтанат құруын тоқтатпай өркендеп келеді. Көненің көзі болып, көкірегі ояу ұрпағына жеткен Тараз әлі де сырлы тарихқа тұнып тұр. Зерттеушілік қазба жұмыстарын жүргізетін қаншама тарихи мұраға толы жерлер бар. Қасиетті Тараз өңірі тағы да өзінің қатпар-қатпар қойнауынан бізге белгісіз талай тарихтың сырын ашары ақиқат.

Көне шаһарды Ресей тарихшы ғалымдарынан алғаш П.П. Лерх зерттесе, В. Каллаур «План крепости Аулие-ата» деген қала құрылысының жоспарын жасады. В. Лаврентьев «Схема бугров в черте города Аулие-ата» деген жазбасында Тараз айналасындағы 50-ден астам қала типтес төбешіктер келтірілген. Шығыстанушы Е.Ф. Каль Әулиеата уезінің ескерткіштеріне зерттеу жүргізіп, қорғандар мен көптеген күзет мұнаралары туралы құнды деректер жинады. Талас өңіріндегі қалаларды зерттеген шығыстанушы В.В. Бартольд ортағасырлық Тараз қаласының орны Әулие ата қаласының орнында деп есептеді. Бартольдтың ұсынысымен М. Массон Тараз қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, тарихи деректер арқылы көне қаланың орнын анықтады. Одан кейінгі қазбалық зерттеуді Н.А. Бернштам бастаған археологиялық топ жүргізді. Осы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеген көне

жәдігерлер мен тарихи мұралар, әлемдік өркениеттің озық үлгісі боларлық өте керемет сәулет өнерінің бірі – ортағасырлық Тараз моншасын табады.

Монша – күйдірілген кірпіштен тұрғызылған 6 бөлмеден тұратын болып шығады. Қазба жұмыстарының қорытындысына қарағанда үш бөлменің қабырғалары геометриялық өрнектермен, ал екі бөлменің қабырғалары мен жуынатын астауы сегіз бұрышты өрнекті сары бояумен, оның айналасы қара бояумен көмкеріліп, ал алтыншы бөлменің қабырғалары ақ, қызыл, сары бояулы тақталармен қиылыстырылып, кейбір жерлерде шөп тәрізді өрнек те қолданылғаны айқындалады. Монша көп күмбезді болған, еденінен X–XI ғасырлардағы 17 көне тиын ақша, өте жақсы сақталған шырағдан табылады. Археолог А.Н. Бернштам монша қабырғаларындағы түрлі геометриялық және гүл тәрізді ою-өрнектердің Айша-биді кесенесі өрнектермен ұқсастығын айта келіп, оны XI ғасырдағы Қараханидтер дәуірінен қалған жәдігер деп тұжырымдайды. Қазба жұмыстары барысында табылған қыш құбырлардың көпшілігінде онымен ыстық су жүргендігі дәлелденді. Бөлмелердің астында жылу жүретін жолдар бар. Олар жалпақ тастармен жабылып, әк қосқан ерітіндімен сыланып тасталған. Еден астындағы жылу құбырлары қабырғаларының нақышына келтіріліп, әсем әрі берік қалануы олардың осы уақытқа дейін бұзылмай сақталуына мүмкіндік туғызған. Моншаға су арнайы қазылған құдық арқылы келтіріліп, бөлмелер еден астынан салынған ыстық өткізгіш каналдар көмегімен жылытылған.

Осындай қазба жұмыстарының нәтижесінде монша XI–XII ғғ. Қараханидтер дәуіріндегі Тараз қаласының гүлденген кезінде салынғанын дәлелдеді. Бұл монша біздің бабаларымыздың сол замандардағы гигиеналық тазалық пен мәдени дамудың шарықтау шегінде болғанының әсем үлгісі бола білді. Тіптен, сол замандардағы су айдайтын электр қуаты жоқ кезде, суды моншаға тартып әкеліп, оны шүмектерден ағызып, одан шыққан суды қайта кері ағызып, канализациялық циркуляцияны жасаған көне дәуірдің инженерлеріне таң қалмасқа амалың жоқ! Ыстық су, мұздай суларды жүргізген құбырларының осы уақытқа дейін бұзылмай сақталуының өзі сол кездегі өндірістердің сапалы жұмыс атқарғанын да айғақтайды.

Ислам діні үстемдігінің нәтижесінде XI ғасырда жаңа үлгідегі Айша биді, Қарахан, Бабажы-хатун мазарлары салынды. Р. Вильгельмнің деректері бойынша, XIII ғасырда болған моңғол шапқыншылығы қарсаңында Тараз моңғолдардың қолына түспес үшін Мұхаммед Хорезмшахтың әмірімен талқандатылған да, XIII ғасырдың орта шенінде қала қайтадан қалпына келтірілген. Жалпы Тараз қала ретінде XV ғасырға дейін өмір сүрген, бірақ оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғасырға дейін болған. Осы тұста пайда болған жаңа қала, Қарахан әулетінен шыққан Ша-Махмұдтың мазары төңірегіне салынғандықтан, Әулие ата деп аталды. Ал 1936 жылы қаланың аты Мирзоян болып, одан соң, 1937 жылы Жамбыл болып өзгертілді. Халықтың талап-тілегін ескере отырып, ел Президенті Н. Назарбаев 1997 жылғы 8 қаңтардағы Жарлығымен қалаға тарихи аты – Тараз атауы қайтарылып берілді. 2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдығы тойланды. Тараз бүгінде мәдени-экономикалық жағынан өркендеген, жергілікті халық «жер жәннаты» деп атайтын көрікті, берекелі, ырысты қалаға айналды.

ТАРБАҒАТАЙ

Қазақ сахарасы тауларға бай. Әр таудың өзі – жатқан бір шежірелі тарих. Солардың бірі саналатын Тарбағатай – Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы орташа тау. Батыстан шығысқа қарай созылып жатқан бұл таудың ұзындығы 300 шақырым, ені 30–50 шақырым шамасында. Ең биік шыңы «Тастау» – 2991 м. Шығысында Алтай тауы, батысында Шыңғыстаумен жалғасып Сарыарқа даласымен ұласады. Арғанаты, Маңырақ, Өкпеті, Түйемойнақ, Жылытау атты тау сілемдерінің де шоқтығы биік шындары көп.

Таудың ел тарихындағы негізгі атауы – Барқытбел. Тарбағатай аты «тарбаға» деген қалмақтың сөзінен қалған. Негізі, суыр деген сөзден алынған атау болса керек. Барқытбел деп жердің табиғатына, таудың қырқа белесіне қарай, барқыт секілді жұпар иісі аңқыған, кереметтей болған соң аталған. Жоңғар басып алғаннан кейін, бұл тауда суыр деген жәндік өте көп болады. Қалмақтар суырды «тарбыға», ал тауды «тай» деп атайды екен. Сонан осы биікті «Суырлытау» яғни «Тарбағатай» деп атап кетеді. Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған. Суырлы таудың табиғат сұлулығы – өз алдына бір төбе. Бұл айтқандарға Асанқайғы бабамыздың Сауыр жайлы «Аттың сауырындай толысқан, кесіп алып кететін жер екенсің, шіркін-ай» деген сөзі дәлел бола

алады. Сауыр деп отырғанымыз Тарбағатайдың тарихи тағы бір атауы. Жалпы, Тарбағатайдың Суырлы тау, Сауыр тау, Барқытбел сияқты бірнеше атауы бар.

Ежелден көркем табиғатқа бай «Барқытбел» атанған қарт Тарбағатай – ерте замандардың көнекөз куәсі. Түркі ел-жұртының алғашқы туған бесігі Алтай, Тарбағатай болған. Оны Мағжан ақын да «Түркістан» өз өлеңінде:

«Балқашты бауырына алған Тарбағатай,

Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай.

Қазығұрт қасиеті тау болмаса,

Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?» –

деп шабыттана жырлады. Бұл өңірде біздің жыл санауымызға дейінгі бірнеше мыңжылдықта ерте көшпенділер мекендеген. Бұған дәлел тау төскейіндегі далалардағы үйінді обалар. Қазақстан тарихи зерттеулерінде «Алтын оба» аталып кеткен Шілікті аңғарындағы қорғандардан көне мәдениет ескерткіштері табылған. Археологиялық қазба кезінде 500-ден астам алтын бұйымдар шыққан. Бұлардың көпшілігі еліміздің ұлттық мұражайында және әлемдәк мәні бар Санкт-Петербургтағы Эрмитажда сақталуда. «Шыбынды» елді-мекеніндегі тас обадан барыс мүсіні орнатылған қос шырағдан, «Кіндікті» өңірінен түркі қағанаты дәуіріндегі тас мүсіндер табылған. Жер мен елдің тұтастығын сақтап қалған ұрпаққа ұран, халқына мақтан болған Қаракерей Қабанбай, Боранбай би, Дәулетбай баба Тарбағатай өңірінің тумасы екендігі, ұлы ерлігіне лайық дарабоз, батыр атанулары – қазіргі ұрпақ үшін зор мақтаныш. Ел қорғаудағы





небір ұлы ерліктер Тарбағатай өңірінде өткені белгілі. «Қалмаққырған», «Долаңқара», «Кергентас», «Баспан», «Майлышат», «Қубас кезеңі», «Шорға», «Мауқыбай», «Шамана» сияқты тарихи жерлер осы ел қорғау оқиғаларына байланысты аталған.

Осы өңірдегі 1826 жылы орыс патшалығына бодан болмаймыз деп алғаш рет ашық қарсы шығып, ақыры сол үшін құрбан болған Қожагелді батыр, аты ұран болған Бұтабай, «Маңырақ айқасында» аты шыққан Байотар, ел бірлігін көксеген Сасан, Шәкі билер, би-қажы, бүкіл исі қазаққа әйгілі Тана мырза мен Кенжелі шешен, Найман елінен алғаш рет қажыға барған Шал қажы, Құрбан қажы, Әулие емші Ырғызбай, Оразбай дуана, қарадан шығып аға сұлтан болған Қисық сұлтандар Тарбағатай жерінің тумалары.


Тарбағатай тауларында Майлы, Жайыр деген екі тау бар. Жайыр күншығыс жағында, Майлы батысында жатыр. Екеуі кіндіктес, екі тау және екі жұрт. Бір кездері Алашорданың ұлы көсемдері осы Тарбағатайға барған. Тарбағатайға, Шәулісүйекке барып, ел бөлініп екіге жарылып жатқан шақта, елін-жұртын түгендеп, Алтай-Тарбағатайдың күнгей бетіне Майлы мен Жайырға барып, осында бұрын ауып кеткен қазақтардың халін жағдайын сұраған. Алаш партиясын қолдауға шақырған.

Тарбағатай тауы өте ірі су айрығы болуымен де ерекшеленеді. Таудан бастау алатын Жарма, Қайыңдысу, Көкпекті өзендері Жайсан көліне құйған. Тарбағатайдың оңтүстігінен ағатын Ұржар, Қатынсу, Емел өзендері атақты Алакөлге құяды. Аягөз өзені Балқаш көліне жетеді. Тарбағатай тауларынан басталып, Зайсан көліне қарай ағатын Боғас, Базар, Қарғыба, Тебіске, Терісайрық, Тайжүзген, Ұласты, Қандысу, Құсты өзендері бар. Сол сияқты Қарабұлақ, Жетіарал, Қарғыба, Базар өзендері тау арасында ғана ағып, қырға шыққан соң тартылып қалады. Тянь-Шаньның қарлы шыңдарына дейінгі алқабының табиғаты аса бай болуымен қатар көркемдігімен де көзге түседі.

ТӘУЕЛСІЗДІК

1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Тәуелсіздік – барлық халық қастерлейтін ұлағатты ұғымдардың бірі. Ал қазақ халқы үшін 16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген күн болып тарихқа алтын әріптермен жазылды. Тәуелсіздік – азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршен уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» – деп, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өркениетті даму жолына түсті.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы әлем билігін өз қолына ұстауды армандаған Кеңес мемлекетін дүр сілкіндірген оқиға болды. Тарихты жіті зерделеген адам КСРО-ның түбіне жетуге бірінші жол бастаған қазақ жастары екенін байқайды. Кеңес Одағы сияқты алып мемлекеттің құлауының шешуші себебін қарастырған қайсыбір саясатшылар, философтар оған технологиялық, стратегиялық мешеулікті, бәсекелестік қабілеттің төмендеуімен қоса ұлт мәселесін де жатқызады.





Қазақтың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізу оңай болған жоқ. Географиялық, аумақтық жағынан алғанда жер көлемінің кеңдігі, геосаяси жағдайы, трансшекаралық аймақта орналасуы Қазақстанның экономикалық, саяси өміріне өз әсерін тигізді. Қос құрлықты – Еуропа мен Азияны алып жатқан Қазақстанды кеңестік қитұртқы саясат алуан түрлі ұлттар мен ұлыстар, тілдер мен дін өкілдерінің мекеніне айналдырған болатын.

Қазақстан тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылумен бірге әлемде бейбітшіліктің орнығуы, адамзаттың тәуелсіз әрі еркін болуы үшін көп тер төгіп отырған зайырлы мемлекет. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры қоғамның, сол мемлекеттегі титулды ұлттың рухы, жігері, адамгершілік қағидаттары екені сөзсіз. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі екенін терең ұғына білген отандастарымыз тәуелсіздік тұғырын берік те биік ету жолын ұстанып келеді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі қуаты – ел бірлігі, ұлттар татулығы.

Еліміздің бас құжаты – Конституцияда: «Қазақстан өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы – адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – делінген. Демек, қоғамда тұрақтылықты, татулықты қалыптастырып, елдің тұрмыстық әл-ауқатын жақсарту басты мәселе болып табылады. Елімізде ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылыққа негізделген сенімнің биік деңгейі сақталып отыр.

XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстан – әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орны бар өркениетті мемлекет. Ол тәуелсіздік алған күннен бастап дербес мемлекеттігін сипаттайтын барлық нышандары мен рәміздерін белгілеп, айқындап алуға кірісті. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттары-

ның бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу алтын түстес.

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның Әнұраны Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда, Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды.

Мемлекетіміздің басты атрибуттары – аумағы, оны қорғайтын Қарулы күштері, мемлекеттік басқару, салық жинау – бұлар да түпкілікті түрдегі шешімдерін тапты. Ұлттық ақша – теңге айналымға қосылды. Тәуелсіз еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Тәуелсіздік тірегі бейбітшілік пен келісім екендігі елімізге әбден мәлім. Тәуелсіз Қазақстан 1991 жылдан бері асқақ мәртебелі елге айналып, әлем назарын өзіне аудартып келеді. Қазақстан дүниежүзілік саясатта басқаларға жол көрсететін бастамашылдық рөлге ие болуда.

Елбасының саяси идеологиясындағы басты темірқазық – «Мәңгілік Ел» идеясы да тәуелсіздіктің өмірлік философиясымен астасып жатыр.



ТОРҒАЙ

Қазақ даласындағы жер-су атаулары біздің тарихымыз, ұлттық жадымыз екені белгілі. Атаулар кез келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітімінен, халықтың тыныс-тіршілігімен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабар береді.

Солардың бірі – Торғай аймағы киелі жер. Қазақтың аса көрнекті жазушысы З. Қабдолов: «Торғай – ұлттың ұясы» деп бір уыс топырағы саф алтыннан қымбат осынау өлкені ерекше бағалаған екен. Торғай губерниясы, Торғай уезі, Торғай облысы, Торғай қаласы, Торғай ауданы, Торғай аймағы, Торғай өлкесі, Торғай даласы, Торғай өзені деген атау сөздер сан ғасырдан бері айтылып келеді. «Қызғанбаңдар, ақындар, мақтауға оны хақым бар. Мен туған жер кішкене Торғай деген аты бар», – деп Сырбай ақын жырлағандай, Торғай кішкене емес үйреншікті теңеумен айтқанда кәрі құрлық. Еуропаның бірнеше мемлекеті сыйып кететін байтақ аймақ. Торғай, Торғай үстірті – батысында

Оңтүстік Орал (Мұғалжар) тауымен, шығысында Сарыарқамен шектесетін жазық өлке. Торғай атауы «кең алқаптағы өзен, су» ұғымын білдіруі мүмкін деген жорамал бар. Солтүстігіндегі Тобыл аңғары жазығынан оңтүстігіндегі Шалқартеңіз көліне дейін 600 шақырымға созылған. Торғай үстірті, негізінен, Қостанай облысы аумағында орналасқан, аздаған бөлігі Ақмола және Қарағанды облыстарына қарайды. Солтүстігінде «Торғай қақпасы» арқылы жазыққа ұласады. «Торғай қақпасы» – Батыс Сібір жазығы мен Тұран ойпатын жалғастырып тұратын табиғи аңғар.

Оңтүстік бөлігінде үстірттің дәл ортасын жарып Торғай қолаты өтеді. Торғай қолаты жерімен солтүстік бағытта Обаған өзені, оңтүстік бағытта Торғай өзені ағады. Бұлардан басқа Торғай үстіртінде Ырғыз, Өлкейек, Ұлы Жыланшық өзендері бар. Мұнда суы таяз әрі ащы көлдер көп (мысалы, Құсмұрын, Ақсуат, Сарықопа т.б.).

Торғай үстіртінің қиыр оңтүстігін сусыма құмды алқаптар алып жатыр. Далалық бөлігінің көп жері егіншілікке пайдаланылады. Шөлейт және шөлді аймақтарында мал жайылады.





Торғайдың жер қойнауынан боксит пен қоңыр көмірдің аса бай кен орындары ашылған. Торғай үстіртінің солтүстігінде Наурызым қорығы орналасқан.

«Торғай» топонимінің қайдан шыққандығы жайлы әрқилы мағлұматтар бар. Сондағы екі нұсқа – қазақ немесе қалмақ сөзі. Тіл маманы Сейітбек Нұрханов бұл сөзді торы қыпшақ пен оғыздың қай тайпасының одағынан, яғни «торы» және «қай» сөздерінен шыққан деген пікір айтады. Бұл пікірді ғалым Қойшығара Салғара да қолдайды. Ал ертеде осы өңірдің басты өзені Сауық атанған, кейін Торғай болып өзгерген.

Ақын Қадыр Мырзалиевтің: «Еркіндік пен елдік үшін Торғайдай, Шырылдаған Торғайсың сен о бастан» деген өлең жолдары бар.

Топонимдердің пайда болуына алдымен тарихи жағдайлар, географиялық орта әсер ететіні белгілі. Халық жердің географиялық ерекшелігіне, белгілі бір тарихи себептерге атау беретін болған.

Табиғи нысандарға атау беруде олардың айрықша белгілері ескерілгенін байқауымызға болады. Мәселен, Ұлытау, Алаша хан, Домбауыл, Жошы хан, Ұлы Жыланшық, Ақкөл сынды тарихи атаулар бірнеше ғасыр бойы сақталып келеді. Торғай аймағындағы географиялық атаулар, яғни елдің, жердің, судың, көлдің, таудың, қырат пен ойпат, орман, тоғайлардың ертеден келе жатқан жеке-жеке атаулары бар екені белгілі. Әдетте, атаулар белгілі бір себептерге байланысты пайда болады.

Торғай – сары далада мұнартылған, жоталанып, әр жерге шөккен нардай, тіккен киіз үйдей болып, әсем табиғатпен сәйкестік тапқан құмды өлке.

ТҰРАН

Тұран! Тұран ойпаты. Бұны басқалар тек географиялық атау ретінде ғана қабылдаса, түркі тілдес халықтар үшін тарихи туған жер, Жерұйықтай атақоныс мағынасында қосақтала аталатын қасиетті ұғыммен астасып жатыр. Жазиралы кең даласымен Тұран өлкесі кімдерге арман болмаған!? Ұлы ақын М. Жұмабайұлы:

«Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен», –
деп тебірене жырлаған Тұран!

Тұран – Қазақстанның оңтүстік батысынан шығысына дейін созылып жатқан кең жазық ойпат. Маңғыстау, Үстірт, Торғай үстірті, Арал маңы, Сырдария бойы, Қызылқұм, Бетпақдала, Мойынқұм, Балқаш–Алакөл аймағы түгел кіретін бұл өлкенің тарихы да тым көне дәуірден бастау алады. Оны Тұран ойпаты туралы алғашқы тарихи жазба деректер ежелгі грек ғалымы Геродоттың, ортағасырдағы араб саяхатшылары әл-Идриси мен әл-Истрахидің, Абдулафтың, ғұлама ғалым әл-Фараби мен Бабырдың еңбектерінде сөз болуы дәлелдейді. Мағжан ақын:

«Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб...
... Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған,
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын», –
деп жазуы да сондықтан.

Бұл – ғылымда Тұран ойпаты деген аталатын ұлан-ғайыр дала. Каспий теңізіне ұласатын батыс бөлігінде теңіз деңгейінен төмен орналасқан Қарақия (-132 м), Қарныжарық (-70 м), Қауынды (-57 м) ойыстары бар. Тұран ойпатының оңтүстігімен оңтүстік бөлігіндегі Тянь-Шань, Памир, Копетдаг тауларына қарай біртіндеп көтерілетін үстірттерге ұласады. Солардың ішіндегі ең биігі аймақтың оңтүстік бөлігіндегі Бадхыз бен Қарабел үстірттері (400–800 м), Торғай Үстірті (150–400 м), Үстірт (100–350 м). Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығында Қызылқұм таулары, «Бұқантау», «Тамдытау», «Құлжықтау» сияқты алқаптар мен үстірттер бар «Қызылқұм» тауларының абсолют биіктігі (922 м), Шу–Іле тау сілемдерінікі (972 м), Қарабел үстіртінікі (984 м) жетеді.

Осындай үстірттер мен ойпаттардан тұратын Ұлы даланың жер бедері

Үнді мұхитына шығуды көздеген Ресей патшалығын қатты қызықтырды да, алғашқы зерттеулерді жүргізуді ұйымдастырды. 1731 жылы жасақталған ғылыми экспедиция Сырдария, Әмудария, Жем, Орал өзендері және тоқсан елді мекеннің кескіндеме картасын жасады. П.И. Рычков 1762 жылы «Орынбор өлкесінің топографиясы» атты еңбегінде Арал теңізіне құятын өзендермен Орал маңының жер бедері жөнінен сол кездегі барлық тарихи жазба дерек көздерін біржүйеге келтіріп, алғаш рет Тұран ойпатын ғылыми тұрғыдан сипаттады. Қызылқұм құмды шөлі, Сырдария алювиальді жазығы, Шу–Сарысу ойыстарының географиялық, топографиялық ерекшеліктері осы кезден бастап ғылыми тұрғыда зерделене бастады.

«Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?
Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Шер батса – кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқанын ардагері – қалың Алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!» –
деп аяқталатын Мағжанның «Түркістан» атты өлеңінде Тұранның ғасырлар қойнауына сыр бүккен бүкіл тарихы поэтикалық өрнекпен кереметтей суреттелген. Ақынның:


«Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі – сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейігін!» –
деген өсиеті қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік бағдарламалары негізінде жүргізіліп жатқан ғылыми және мәдени іс-шаралар аясында жалғастық табуда. Себебі Елбасымыз «Өз тарихын білмеген халық, өзін де сыйламайды» – деп айтқанындай, тарихты білу – баршамыздың парызымыз.



ТҮРКІСТАН

Ғасырлар бойында ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз кейінгі ұрпақтарына бүкіл адамзат игілігіне айналар төлтума мәдениетін мұра етіп қалдырған. Далалық өлкені Батыс-Шығыспен байланыстырған ұлы керуен жолында кенттер, қорғанды қамалдар, кесенелер мен тұтас қалалар кешені бой түзеді. Дүние жүзіндегі түркі жұртының қара шаңырағында орналасқан қазақ халқының кең байтақ даласында қалалар аз болмаған. Қытай, санскрит жазбаларындағы деректерге қарағанда, Түркістан қаласы біздің дәуірге дейінгі II–III ғғ. өмір сүргендігі және сол кездің өзінде ірі мәдени және рухани орталық болғандығы туралы болжамдар айтылып жүр. Б.з.б. 128 жылы арнайы тапсырмамен Сыр бойына келген қытайлық Чжан Цян тек бір ғана Ферғана өңірінде ірі 70 қала бар деп жазса, зерттеушілер тек Жошы ұлысы қарамағында 150–200 қала болғаны жайлы айтады. Ол ертеде «Тұран аймағы» туралы аңыз-әпсаналарға арқау болып, «көк түркілер елі» деп те аталды. Мағжан ақынның:

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.



Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой», –

деп жырлауында осындай тарихи негіз жатыр. Ал Қазақ хандығы құрылғанда оның тұңғыш астанасы болды. Соңында Қазақ хандығының ең ірі орталығы болуы арқылы қазақ халқының ұлттық негізі осы қалада бекіген. Ғылым-білім, өнер-мәдениеттің өркендеуіне байланысты қала ислам дінінің таралуының да орталығы саналды.

Археологтар біздің заманымыздың 1-мыңжылдығының бас кезінде іргетасы каланған Түркістанның тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан қаласы аймағындағы тас дәуірі ескерткіштері бұл өңірді адамдар кем дегенде 550 мың жыл бұрын Андронов мәдениетін жасаушылар мекен еткенін көрсетеді. Ал VII–XII ғасырларда қала орналасқан өлке Шауғар өңірі атанған. Араб тарихшы-географы әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази жазбаларында: «Көне Шауғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XI ғ. бастап қала орталығы Ясыға көшті», – деген құнды дерек те бар. Сол кезден бергі қаланың бір атауы – Иасы. Ғалым-археологтар ертедегі Иасының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. XII ғасыр басында қидандар шабуылынан Шауғар құлағаннан соң, жаңа қала ретінде Иасы өлкенің негізгі орталығына айналды. Қожа Ахмет Иассауи осында келіп қоныс тепкен кезде ерекше атақ-даңққа бөленді. Қожа Ахмет Иассауи қайтыс болғаннан кейін оның қабірі басына кесене-мазар тұрғызылды. Ол қасиетті орын деген атқа ие болды. Қаланың Ұлы

Жібек жолы бойында, Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның аралығында болған территориялық, географиялық жағдайының қолайлылығы, сауда-саттық пен еларалық қарым-қатынастың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті. Түркістанның бұрын Иасы қаласы деп аталуы туралы деректер Киракос Гандзакенцидің «Армения тарихы» (XIII ғасыр) атты еңбегінде кездеседі. Бұл еңбекте Иасы қаласы Асон деген атаумен берілген орта ғасырлық сәулет өнерінің асылы – Қожа Ахмет Иассауидің кесенесінде қазақтың ел билеушілері, көрнекті саяси және діни, рухани тұлғалар жерленген.

Ұлттық тарихта Түркістан қаласының орны ерекше. Түркістан Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Семеке (Тәукеұлы), Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хан тұсында қазақтардың айбынды астанасы болды. Шаһар жалпы түркілік мәнге ие болды. Қожа Ахмет Иассауидің есімі мен ілімі және кесенесі оны Орталық Азияның діни астанасы – екінші Мекке мәртебесіне жеткізді. А. Иассауи кесенесі салынғаннан кейін, Түркістан бүкіл түрік тілдес халықтардың діни орталығына айналып, «Хазреті Түркістан» немесе «Кіші Мекке» атаңды. XV ғасырда Түркістан Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығына айналып, 1598 жылдан бастап ол біржолата қазақ хандығының орталығы болады. Бұған дәлел – А. Иассауи кесенесі төңірегіне қазақ хандары мен көрнекті билер мен батырлардың жерленуі. Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырларда ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде софьлық поэзия ақындары мен исламды уағыздаушылардың шығармалары үлкен орын алады.

Мың жарым жылдан аса тарихы бар Түркістан – ер жүрек батыр қала. Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азияда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала. Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы он гектардан астам жер болды. Оны үлкен қамалды қорған қоршап тұрған. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. Түркістанда 20-ға жуық мешіт, 2 медресе мен бірнеше қадым мектептің болуы оның өркениет орталығы болғанын дәлелдейді. 1864 жылы Түркістанды Ресей жаулап алған соң орыс отаршылдық саясатына сай дамып, уездік қала болып белгіленді. Ал 1918 жылы Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі етті. Съезде облыстың Алаш автономиясына қосылу мәселесі каралып, Түркістан қаласы бүкіл Алаш астанасы болады деген шешім қабылданды.

Қалған археологиялық зерттеулер жүргізу 1930 жылдардан басталды. Соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижесінде қаланың цитаделі мен шаһаристаны XV ғасырдың басында қалыптасқандығы анықталды. Екеуі де бекініс қорғанымен қоршалған, цитаделінің екі, шаһаристанының төрт қақпасы болғандығы белгілі болды. Түркістанның көркі мен мәртебесі – Түркі әлемінің ғұламасы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі. ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000). Түркістан қаласы қазақ халқы тәуелсіздік алғаннан бері тарихи ескерткіштері мол халықаралық маңызы зор туристік аймақ дәрежесінде бүкіл әлемге танылды.

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ

Ұлы дала елі – қазақ елі деген ұғыммен барабар. Қазақ халқы – ол шетінен бұл шетіне жеткенше ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр даланы мекен еткен рухы биік халықтың төл баласы, иен даланың мұрагері. Елбасы ұсынған Ұлы дала елі идеясы халқымыздың өткен өнегелерімен де, болашаққа деген жоспарымен де тығыз байланысты. Дешті Қыпшақ атауымен тарихқа енген кең даламызда көшпенділік өркениеттердің озық үлгілері сақталып, адамгершілік қарым-қатынастың іргетасы қаланған. Сол себепті де Көк байрағы желбіреген Отанымызды Еуразия құрлығындағы Ұлы дала елі деп атау ешбір әбестік емес. Жапондарды «Күншығыс елі», Қытайды «Аспан асты елі», кәрістерді «Таңғы шық елі», Ұлыбританияны «Альбион», яғни «биік таулы арал» деп атау әлемдік тәжірибеде бар. Бүгінгі көпұлтты Қазақстанның титулды ұлты болып отырған қазақ елі өзінің толеранттылығымен ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жарқырата көрсетіп отыр. Елбасы Н. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде бұл ұғымға талдау жасай келіп, халқымыз үшін бұл сөздің тереңінде қандай қастерлі сырдың жатқандығын ашады. Елбасы: «XXI ғасырда далалық Еуразияның құшақ жетпес кеңістігі қайтадан түлеп, өркендеуде. Біз өз тарихымыздың жаңа шамшырағын жақтық. Сондықтан да бүгінде және әр кезде де біздің Қазақстан – ол Ұлы Дала Елі! Ол – түлеген Ұлы Дала Елі. Біздің сүйікті Отанымыздың халықтық аты да дәл осы», – деп тайға таңба басқандай айқындап береді.

«... біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагеріміз. Осынау кең байтақ Ұлы Даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі! Бұл – біздің тағдырымыз! Бұл – біздің таңдауымыз!» – деген Елбасының жалынды сөздері көкірек көзі ашық тыңдаушыға ой салумен бірге әрбір қазақстандықтың ой-санасы мен жан-дүниесінен орын алып, жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатады.

Халқымызда «атажұрт», «атамекен», «туған жұрт», «кіндік қаны тамған жер» деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдардың түп-төркіні өсіп-өнген жерге деген махаббатқа барып тіреледі. Адамның тірліктегі тұғыры, бақытының тұрағы, қастерлі мекені – туған жері. Туған жер – әрбір адамның тәу ететін қасиетті қағбасы, елдігінің белгісі. Сол себепті де ата-бабамыз атамекенді ардақтау сезімін ұрпақтарына шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап сіңіреді. Ұлы дала сахнасына шыққан сан ұрпақ осынау қастерлі сезімді кейінгі толқынға мирас етті. Осынау қасиетті рухпен бірге Ұлы даланың еншісі бөлінбеген баласы болу құрметі де біздің халыққа бұйырды. Алтай тауларынан Дунай өзеніне дейін, Балқаш көлінен Қара теңіздің батыс жағасына дейін кең жайылған, бір жағынан славяндармен, бір жағынан қытайлықтармен, бір жағынан Сібір тайпаларымен, бір жағынан Кавказ халқымен, бір жағынан оғыз және қарлұқ

мемлекеттерімен шектескен аумақты «Қыпшақ даласы», «Дешті Қыпшақ», «Половецкое поле» деп атаған. Осы аумақты мекен еткен халықтың өзіндік жүріп өткен жолы мен қилы тарихы бар. Түп-тамырын сақтардың дәстүрінен, одан бергі үйсін, қаңлы мемлекеттерінен, байырғы түркі қағанаттарынан алатын қайсар елдің өзіндік тілі мен ділі, мемлекеттілігі қалыптасты. Бұл елге қатысты әр жылдардағы шығыстық мұсылман елдерінің жылнамаларында «Қазақ ұлысы», «Қазақ ел-ұлысы», «Жошы ұлысы», «Дешті-Қыпшақ елі» деп атаса, орыс жылнамаларында «Казацкие Орды», «Казачья Орда», «Орда половецкая» деген атауларды қолданған. Қазақ хандығын құрып, қазақ халқының бірігуін тездеткен Керей мен Жәнібек сұлтандар Ұлы далаға жаңа мемлекетті орнатты. Ұлттық мемлекеттің орнығуы мен нығаюы барысында дала заңы қалыптасты. Сол замандағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатына ерекше көңіл бөліп, ұлт мемлекеттілігін халықаралық деңгейге, биік дәрежеге көтеруге аянбай күш салған Қасым, Есім, Тәуке, Абылай хандардың

қайраткерлігі Ұлы дала төсін жат жұртқа бастырмай, қазақ елінің ерікті, іргелі, біртұтас ел болуына, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуіне мүмкіндік берді.

Қазақ халқының қонақжайлылығы мен бейбіт өмірге деген құштарлығы, даналығы мен кемеңгерлігі, намысқойлығы мен батылдығы, қой мінезді момындығы мен жылқы мінезді қайсарлығы осынау Ұлы даланы бүгінгі ұрпақтарына саф алтындай күйінде жеткізуге жәрдемдесті. Замана легі сан алмасса да, ата жұрты мен елдігін сақтап қалған Ұлы даланың ұрпақтарын әлемдік өркениеттің көшіне ілестіріп қана қоймай, дамыған отыз елдің қатарына қосу – Ұлт көшбасшысының сарабдал саясатындағы басты бағдар. Көшпелілік өркениеттің бір бөлшегі болып табылған халқымыз бүгінгі жаһандану дәуірінде де ұрпақ сабақтастығын, жас өркеннің аға буынға деген құрметін сақтап, отбасылық ынтымағымен, өзара сыйластығымен, туыстар арасындағы ізгі қарым-қатынасымен өзгелерге үлгі болуда.



ҰЛЫТАУ

Ұлытау – қазақ халқының тарихи орталығы. Далалық өркениет көне мәдениетінің нақ кіндігі. Елбасымыз Н. Назарбаев осы киелі жерде берген сұхбатында қазақтың қай өлкесінде болсын киелі де қасиет тұтатын тарихи мекендер бар екенін, Берел қорғанын, «Аңырақай шайқасы» өткен жерді, Сарайшық пен Түркістанда айта келе: «Қалай дегенмен Ұлытаудың орны бір басқа», – деп айырықша бағалаған болатын. Ә. Кекілбаевтың «Ұлытау ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихи оқиғаларында бүкіл ұлы қауым бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған» деген сөзі де қасиетін даралап тұр. Ұлытау – бұл біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған ғасырлық рухани, аңызына айналған, ақындары жырлаған, сан ғасыр адамдарды баураған қазақ халқының құрметтейтін қасиетті жері.

Ұлытау туралы алғашқы деректердің тарих атасы атанған Геродоттың жазбалары мен Шыңғыс хан туралы көне жәдігерлерде, швед ғалымы Страленбергтің естеліктерінде кездесуі ұлт тарихындағы маңызын ерекшелік түседі. Ұлытауда палеолит пен неолит дәуірлеріне жататын ескерткіштер табылған. Қаракеңгір өзенінің жағасында палеолит дәуірінің Қазақстандағы ең ірі шеберханасы табылған. Ұлытауда Жошы хан мен түркі тілдес тайпалардың негізін қалаушылардың бірі Алаша ханға кесенелер көтерілген. Есімдері Алтай, Орал, Қырым, Солтүстік Кавказ және Өзбекстанның халық ауыз шығармашылығында мәңгілік сақталған Алтын Орданың ханы



Тоқтамыс, Ордалық ұлы қолбасшы, әмір Едіге де осында жер қойнауына берілген. Алтыншоқы тауында 1391 жылы Ақсақ Темір тас тақтаға болғаны турасында жазба қалдырған.

Ұлытау арқылы Орта Азиядан Сібірге Ұлы Жібек Жолының Сарыарқадағы ең ірі тармағы «Сарысу» немесе мыс жолы өткен. Ұлытауды «Таулар, көлдер, бұлақтардың аймағы» деп атайды. Ұлытаудағы бұлақ суының емдік қасиеті татар-моңғолдардың «астанасы» Қарақорымға бет алған орыс және еуропалық емшілерге де мәлім болған. Тас бағаналы қорғандар, қорымдар, Беғазы-Дәндібай мәдениетіне тән кесенелері, тастағы таңбалар, петроглифтер, шахталар, мыс, қалайы, күміс, алтын және балқытқан металл қорыту пештері және басқа да көне ескерткіштердің табылуы мен ғалымдардың зерттеулерімен Ұлытаудың көне заманнан бері Сарыарқаның және барлық даланың орталығы болғанын куәландырады.

Осы бір көне таудың кереметтігі Қазақстанның ұлттық тарихының маңыздылығымен берілген. Ұлытау көшпенді тайпа хандарының сүйікті орнына айналған. Осы жерде ұлы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханның ордасы орналасқан. Осы жерден Батый хан шығысқа бағытталған өзінің жаутершілік жорығын бастаған.



Ұлытауда Жошы хан мен түркі тілдес тайпалардың негізін қалаушылардың бірі Алаша ханға кесенелер көтерілген. Есімдері Алтай, Орал, Қырым, Солтүстік Кавказ және Өзбекстанның халықтық ауыз әдебиетінде мәңгілік сақталған. Алтын Орданың ханы Тоқтамыс, Ордалық ұлы қолбасшы, әмір Едіге де осында жер қойнына берілген. Ұлытаудағы Алтыншоқы тауындағы тас тақтаға 1391 жылы осында болғаны турасында ұлы Ақсақ Темір жазба қалдырған.

Ұлытауда сақталған ескерткіштер палеолит пен неолит дәуірлеріне жол бастап тұрғандай. Археолог-ғалымдар баяғы заманғы адамдардың талай мекендерін және олардың еңбек құралдарын тапты. Қаракеңгір өзенінің жағасында палеолит дәуірінің Қазақстандағы ең ірі шеберханасы табылды. Өзендердің бойында көне заманның бай елді мекендері сан қилы көмбелер, сағаналары жерленген көне мәдениеттің байлықтары болғаны белгілі болған.

Осы күнге дейін «мұрты бар қорғандардың» құпиясы ашылған жоқ. Бір археологтар бұл мәйіт басына салынған құрылыстар десе, екіншілері көне обсерватория дегенге саяды. Археологиялық қазба жұмыстары мұнда осыдан үш мың жыл бұрын да тау-кен өнеркәсібімен кеңінен айналысқанын және ондағы жергілікті тайпалардың Иракқа, Үндістанға және Грецияға мыс, қалайы, күміс және алтын жөнелтіп отырғандығына куәлік етеді.

Ұлытауды «көлдер мен бұлақтар елі» деп атайды. Ұлытаудың кең бұлақ суларының пайдалы қасиеттері туралы осы өңірден шеткері жерлерде білген. Аудан жерінің 7,6 мың гектарын орман алқаптары алып жатыр. Ұлытау тауларының биіктігі – 1181 м. Сонымен қатар ауданда балық шаруашылығының



су қоймалары бар: Кеңгір су қоймасы (3500 га), Жезді су қоймасы (1750 га), Кинембай су қоймасы (500 га), Жаңғылдыөзек су қоймасы (60 га) және т.б. Ұлытау аумағында ботаникалық және географиялық зерттеулер бойынша 617 өсімдік түрі белгілі болған, оның ішінде 90 түрін дәрі-дәрмекке пайдаланылады. Ұлытау Шығыс пен Еуразия халықтарының тарихымен, мәдениетімен және географиясының орналасу болмысымен танысқылары келетін шетелдік туристер үшін Меккеге айналды деуге болады.



ҮСТІРТ

Еліңді тану жеріңді танудан басталады. Топырағын түртсең, тарихтың тылсым құпиялары тіл қататын қазақтың қасиетті жерлерінің бірі – Үстірт.

Үстірт – батыста Маңғыстау түбегі мен Қарабұғазкөл шығанағы, шығыста Арал теңізі мен Әмудария атырауы аралығын алып жатқан аймақ. Аумағы 200 мың шаршы километрді құрайтын үстірт сазды және тасты шөл дала болып келеді. Сондай-ақ мұнда құмды шөл жерлер де бар. Көбінесе осы Үстірт шоқысын Азия мен Еуропаны бөліп тұратын шекара деп атайды. Бұл үстірт Арал және Каспий теңіздері аралығында үлкен кеңістікті алып жатыр және оның өзіндік ерекшелігі бар. Шатқал – биіктігі 150 м-дей болатын тік жар (Арал жаққа қарайтын шығыс шатқалының биіктігі 190 м-ге жетеді).

Ғалымдардың пікірі бойынша, Үстірт – бастапқы және орта кайнозой эрасында (21 млн жыл бұрын) осы жерлерде болған, бірақ кейін кеуіп қалған теңіз түбі. Бұған әктастағы қабыршақ дақтары мен бильярд шарларына ұқсас үстірттің барлық жеріне шашыраңқы темір-марганец конкрециялар дәлел бола алады. Бұл «шарлар» теңіз түбінде қалыптасып, кейін желге мүжілуге төтеп бере алатын болғандықтан, қоршалған әктастар мен доломиттер сумен шайылған кезде олар теңіз бетіне шыққан. Жартас түріндегі борлы шөгінділермен бөлінетін және әр жерінде бір сызаттар пайда болатын тегіс шөлді бедер Голливуд фильмдеріндегі Марс пейзажына ұқсайды және сіз керемет бір мүмкіндікпен басқа бір белгісіз ғаламшарды зерттеп жатқандай сезімде боласыз.

Үстірт таң атар және күн батар шақта ерекше әсем болып келеді. Бұл уақытта борлы жартастардың ақ тастары қызыл түске боялып, әсерлі көрініске ие болады. Үстірттің флорасы мен фаунасы саяхатшылардың көзіне бірден көріне қоймайды. Ерекше табиғи жағдайларға бірте-бірте үйрене келе құмтышқандардың, сарышұнақтардың, қосаяқтардың мекенін байқауға болады. Мұнда күшіген және бүркіт сияқты жыртқыш құстардың көптеген түрлері мекен етеді. Сонымен бірге ақбөкендерді де көруге болады, алайда бұл үркек және өте жылдам жануарларды әуесқой фотографтардың камераға түсіріп алуы екіталай. Дегенмен, саяхатшылар табиғат аясында үстірт арқарларын суретке түсіру мүмкіндігіне ие болады. Барлығынан бұрын таңқалдыратыны – Үстіртте жабайы жылқылардың мекен ететіндігі. Бұл жерді мекен ететін марал мен жейран үйір-үйірімен көшіп жүреді. Бұрынырақта бұл төңіректе құлан көп болатын.

Ертеде мұнда көшпелі қазақтардың шаруа қожалығы болған деседі, бірақ жылқылар жабайыланып, әлі күнге дейін мекен етіп жүрген осы үстіртте тұрақтап қалған.

Үстірттің солтүстік-батыс бөлігінде Сам деп аталатын құм дала жазығы жатыр. Осы аралықта 2–3 метр тереңдікте жер асты тұщы суы бар. Ал кейбір жерлерде жерасты сулары 20–50, тіпті 70 метр тереңдікте орналасқан. Әдетте тұзды болып келеді.

Демек, Үстірттің гидрологиялық жағдайы сол аумақта шаруашылықпен айналысуға қиындық туғызады. Өсімдіктер әлемінен жусанды, итсигектің кейбір сирек түрлерін ғана кезіктіресің. Үстірттің соры бетіне шығып жатқан даласы да далиып жатыр.





Үстірттің едәуір бөлігі көктем, жаз, күз айларында жайылым қызметін атқарады. Ал солтүстік бөлігіндегі шағыл құмдар маңы қыстау ретінде пайдаланылады.

Қазір Үстіртті кесіп өтетін темір жолдар салынған. Үстірттің жазық даласында ұлы көштің ертеден қалған ізі сайрап жатыр. Оны тану, игеру, тарихының сыр бүккен тұстарын ашу енді ғана басталғандай.

Үстірттің археологиялық ескерткіштері әр жерде шашылып жатыр. Ілгеріде Ембі мен Жайықтың төменгі белдеулерін Хиуамен байланыстыратын хорезмшахтар жолдары секілді көне керуендердің іздері де сайрайды. Сол жолдың бойында бұрынғы өткен заманда Шахр-и-Вазир шаһары, Білеулі керуенсарайы мен Аллан қамалы болған деседі.


Үстірттің әр тұсында әруақтар әлемін күзеткен еңселі ескерткіштер – мазарлар мен бейіттер. Оның бірқатарының байыбына археологтар барып үлгерсе, әлі де зерттеуді қажет ететін құлпытастар мен қабіртастар жетіп артылады.

Үстіртте неолит дәуірінен қалған 60-тан аса тұрақтың бары белгілі. 1980 жылдың басында ұшақ борттарынан аэрофото түсірілім жүргізіліп, жебе тәріздес ауқымды кескінді белгілердің бары анықталды. Археологтар бұрынсоңды мұндай объектілерді кездестірмеген екен. Сірә, жерүсті зерттеулер барысында ол байқалмауы да мүмкін. Сол бір кескін үстімен жүрген қапсағай адам болсын, атпен немесе түйемен жүрген жолаушы болсын, жебе үлгісіндегі объектінің тым үлкендігінен оны осы уақытқа дейін көрмеген де, сезбеген де. Оның бар-жоғын білмеген адам сол кескіннің астында не жатқанын қайдан білсін?

ХАНТАУ

Жетісу аймағының солтүстік-батыс жағында Шу–Іле Алатауының оңтүстік-шығыс жағалауындағы тау сілімдеріне жататын бұл таудың Хантау аталуы ұлт тарихына тікелей қатысты. Хан тауы біртұтас емес, бірнеше биіктіктердегі бөліктерден тұрады. Олардың да Үлкен Хантау, Орта Хантау, Бала Хантау (немесе Кіші Хантау) деп аталуы да бекер еместігін байқатады. Аталған таудың басында хан отыратын «Хан тағы» деп таққа ұқсас үш тас бар. Міне, осы Хан тағы тұрған жерге Жәнібек хан ту тіккен деген ауызша жеткен тарихнамада айтылады. Хантауда хандардың өмір сүргендігі жайлы аңыздарды дәлелдейтін тағы басты бір айғақ, Хантаудың солтүстік-шығыс жағында Жәнібек ханның «Хан қорасы» деген қораның орны бар. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан деректер бойынша, бұл қорада Жәнібек хан қыстайтын болған. Аңыз болсын, тарихи дерек болсын, қалай айтсақ та «Хантауы» деп аталуында осындай негіз бар. Қораның терістік жағында, жартастың ортасында тасты қақ жарып үстіне көтерілетін саты тәрізді жерді «Хан сатысы» деп атайды. Шындығында, жартастың арасынан жоғары қарай көтерілетін бұл өткел сатыға өте ұқсас, оны хан қолдан жасатты ма, жоқ әлде табиғи пайда болған саты ма, дәл айту қиын. Шамасы, хан сатымен көтеріліп төбеге шығып демалып, бой сергітіп, жан-жаққа көз салатын болған

Ол таудың басында немесе баурайында халық Керей мен Жәнібек сұлтанды ақ киізге орап хан көтермей тұрғанда, таудың аты Қозыбасы аталса керек.




Хантауының басы шынында да қозының басына ұқсайды. Хантауының үш биігі бар, ең биік шоқысы – Сұңқар, екіншісі – Көкшоқы, үшіншісі – Қызылшоқы. Сұңқар тура қошқар болатын қозының дөң маңдайы, ал Шуға қарай біртіндеп аласарып барып, көкжиекке бататын жотасы тура қозының тұмсығына ұқсаса, Сұңқар шоқысының ту сыртында тұрған Көкшоқы мен Қызылшоқы қозының екі құлағына ұқсайды. Бұл дерек өлкенің топономикалық атауларына байланысты негізделген.

«Хан қорасы» батыс жағында бір шағын сай бар. Ал сайдың батыс жағынан оңтүстіктен, яғни Шу–Іле Алатау жағынан солтүстікке (Балқаш) қарай «Хан оры» өтеді. «Хан оры» туралы әртүрлі аңыз сақталған. Бұл Жәнібек ханның құлан аулайтын оры болған тәрізді. Бұл ор туралы ХІХ ғасыр ортасында осы аймақта болған Ш.Ш. Уәлиханов та, ХІХ ғасырдың аяғында, қазақ халқының жан саны мен жер жағдайының экономикалық жағын есепке алу үшін отарлау саясатына байланысты есеп-қисап жүргізілген орыс деректерінде де кездеседі. Бұл екі деректе де бірін-бірі қайталайды. Ш. Уәлиханов жазған аңыз бойынша деректе ғалым «орды қаздырған ханның аты Жәнібек болу керек» деп жобалайды. Аңыз бойынша, Қазақ хандығын билеген Керей хан Хантауы етегінде жерленген.

Хан қорасының оңтүстік жағында Ноғай құдық қыстауы бар. Бұрын бұл жер «төртінші бекет» деп аталса керек. Бірақ бекеттің үй-жайлары сақталмаған. Ал Ноғай құдықтың іші таспен өріп шығарылған, қазірдің өзінде 8 м тереңдікте суы бар. Шамасы осы құдық сол бұрыннан келе жатқан құдық болуы керек. Ал жердің ноғай аталуы, тарихи бекет кезінде татар халқының өкілдерінен

бекетті күтуші адамның ұлтына байланысты сияқты. Бекеттер – бір ел мен екінші елдердің арасына немесе сауда керуен жолдарының бойына салынатын жайлар. Онда суыт хабар алып жүрушілер көлік айырбастайды, ал сауда керуені демалып көліктерін тынықтырады. Тарихи зерттеулерге қарағанда, Ұлы Жібек жолының бір тармағы Іле алқабында оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай өтетіндігі белгілі. Олай болса, бұл бекет – Хантау бойынан шығыстан батысқа қарай, яғни атақты Тараз қаласына қарай өтетін Жібек жолының үстінде жатқан бекет.

Хантау жеріндегі қыстаулардың сол Жібек жолының бойына жақын салынғандығын байқау қиынға соқпайды. Мұндай бекеттерді «Керуен сарай» деп те атайды. Бұдан кейінгі керуен сарайлары бұл жерден 30–40 шақырым жерде, «Мұқатайдың кезеңі» деген жерде салынған. Хан оры да осы керуен сарайдың жанынан батысқа қарай өтіп жатыр. Ноғай құдық та ертеден келе жатқан тарихи орын болып табылады. Қазақ хандығының құрылған жері деген орындар Хантауы, Хан тағы, Хан оры, Жәнібек ханның қыстауы, Хан сатысы т.б. хан атымен байланысты орындар біздің ұрпақтарымыздың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Бұлар біздің Мәңгілік Еліміздің бастамасы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік Ел деген құрметті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеп, оны көздің қарашығындай сақтау өз үлесіңді қосып, кейінгі ұрпаққа аманатты табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы» дегені елімізді Мәңгілікке бастайды.



ШЫҢҒЫСТАУ

Абай ауданы Шыңғыстау жері – бұл күнге әлі де сырға толы тарихи деректер мен аңыз әңгімелерге бай мекен. Қазақ жұртының кім екендігін мәңгілікке танытып кеткен, ұлылардың кіндік қаны тамған – Шыңғыстау жері туралы Асан қайғы Сыр бойын аралап жүргенінде үш бұрылып артына қарап «Суы мен топырағы киелі жер, бұл жерден атағы зор ұрпақ туады» – деген сөзі бүгінде ақиқатқа айналды.

Оның ежелгі атауы – Найман күре. Не себептен бұлай аталуы туралы деректер жоқтың қасы. Ел аузында Найман тайпасының ата мекені болған соң

солай аталды деген сөз ғана бар. Оның Шыңғыстау атын алуы Шыңғыс қаһан осында ақ киізге отырғызылып, хан көтерілуіне байланысты деген дерек те сақталған. Тарихы көптеген әдеби шығармаларға арқау болғанмен, ғылыми ортада бұл аймақ жайлы зерттеулер аз. Аталған аймақтағы археологиялық қазба жұмыстарының маңызы зор, себебі Таулы Алтай мен Сарыарқа сияқты, дамыған екі өркениеттің арасында орналасуы бұл өңір жайлы көптеген мәлімет беретіні сөзсіз.

Шыңғыстауға берілетін бағаны классик Ш. Құдайбердіұлынан артық беру мүмкін емес. «Әділ мен Мәрия» романын жазған уақытта көргені көп, түйгені мол қаламгер үміт күткен жаңа үкімет өктемдігінен тіксіне бастаған. Сондықтан да Шәкәрім саяси күрес шиеленісе бастаған Семей түгіл, бітпейтін дау жанжалы мол ағайын арасы, ауылдан да алыста. Шыңғыстау қойнауында





өзімен-өзі оңашаланып қалады. «Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайыпқырандарыңды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздықтың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үңірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей түк көрмегендей-ақ маңқиып тұра бересің-ау! Онымен де қоймай қысқа күнгі күн шығыстан ұзақ күнгі күн батысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып үңірейтіп: «Кел-кел! Тағы менің қолтығыма кіріп, біресе рахат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіңдер!» – деп үнсіз даусыңмен шақырып тұратыныңды қайтемін!» – деп толғанды

Абай ауданы Шыңғыстау жері – бұл күнге әлі де сырға толы тарихи деректер мен аңыз әңгімелерге бай мекен. Қазақ жұртының кім екендігін мәңгілікке танытып кеткен Кеңгірбай, Құнанбай, Абай және оның ұрпақтары, Шәкәрім, Мұхтар секілді ұлылардың кіндік қаны тамған – Шыңғыстау жерінің қасиетті топырағы киелі саналады. Асан қайғының «бұл киелі жер, жерден атағы зор ұрпақ туады» – деген сөзі бүгінде ақиқатқа айналды.

ІЛЕ

Іле – Жетісудың ең ірі өзені. Орталық Тянь-Шань (Тәңіртау) тауларынан бастау алып, Қытайдың Шыңжаң өлкесі арқылы және Қазақстанның Алматы облысы жерімен ағады да, Балқаш көліне құяды. Іле Қытай жерінде Текес пен Күнес және Қас аталатын үш түрлі өзендердің қосылуынан пайда болады. Бірақ Күнес өзені келіп қосылғанша шығысқа қарай ағады. Тек осылардың барлығы қосылған соң, Іле батысқа бағыт алып Қазақстанға ағады. Қытайдағы Іле сондағы үлкен қала Құлжаны ауыз сумен қамтамасыз етеді. Іленің ұзындығы – 1001 км (Текес саласымен 1439 км), Қазақстан аумағында 815 км ұзақтықта ағады. Құлжа қаласынан беріде кеме жүзеді. Қазақстан аумағында Бақанас ауылына дейін тұрақты кеме қатынасы бар.

Өзен арнасы көп жерінде қамысты, тоғайлы. Ірі салалары: Қас, Түрген, Талғар, Қаскелең, Күрті, Шілік, Шарын, Үсек (Өсек), Қорғас. Балқаш ауданында өзеннен Шетбақанас, Ортабақанас, Нарынбақанас атты ежелгі құрғақ арналары тарамданады. Сол себепті, Іле өзенінің алабы су ресурстарын тиімді пайдалануда маңызды, бастысы жеті өзен құятын Балқаш көлінің суы мен экологиясын сақтау болып табылады. Қазақстан жерінде Іле өзені мұздық, жауын-шашын, жер асты суларымен толығады.

Іленің арнасы қатты табиғи өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан мұнда аралдар көп. Іле сағасына 100–110 км жерде бірнеше сағаларға бөлінеді. Ол көлдермен, сортаңдармен және қамысты тиімдермен араласып келеді. Балқаш көліне Іле үш сала болып құяды. Олар бір-біріне 8–9 км арақашықтықта орналасқан. Салалар құяр жерде ұзындығы 4 км-ге жететін көлдер пайда болады. Ол Балқаш көлін Семізкөл шығанағынан бөліп тұрады.





Тарихта Іле өзені бойынша Ұлы Жібек жолы өтетін үш өткел белгілі. Олар – Шелек пен Түргеннің арасындағы «Оғыз өткелі», Талғар мен Есіктің арасындағы «Қыз кешу» немесе «Қыз өткелі», Шынгелді өзені және Тамғалы тас шатқалындағы Тамғалы өткелі. Соңғысы арқылы Ташкенттен Құлжаға және Семейге шығатын үлкен керуен жолдары өткен. Тамғалытас (көне таңба жазу мен суретті тастар) шатқалы Іле өзенімен қиылысқан жолда орналасқан.

Іле өзенінің жағасында бізді ежелгі заманға қуә ететін керемет жер де бар. Оң жағасында сан ғасырлар бойы көк аспанға Будда бейнесі жүзін қаратып тұр. Қара тастардың бетінде көптеген петроглифтер, Будда бейнелері, буддистік жазбалар, бәрін қосқанда шамамен мыңнан аса ерте ортағасырға жататын тас бейнелер орналасқан. Бұл мекенге буддизмді миссионерлер әкелген. Шатқалдың шыңында қызыл тас укесегі биіктігі оның он метрден астам. Онда үш түрлі фигураларда әртүрлі діни белгілер мен йогтар секілді төрт қолды Будда бейнесі суреттелеген. Будда жақтарында оның айналатын тағы екі құдайдың бейнесі беріледі. Үш басты құдайдың шығысында вертикалды кесегеде айдаһарлар ханы бейнеленген.

Іле өзенінде Қапшағай су қоймасы орналасқан. Қапшағайды жергілікті жұрт көл деп те атайды. Қапшағайдың ені – 22 км, ал тереңдігі – 45 м. Жағалауда санаториялар, пансионат, жағажайлар орналасқан, ал Қапшағайдың өзінде су паркі бар. Қапшағай су қоймасында көптеген балық түрлері кездеседі.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3	ҚАРҚАРАЛЫ	115
АҚМЕШІТ	6	ҚОЗЫБАСЫ	118
АҚМОЛА	8	ҚОЙЛЫҚ	120
АЛАКӨЛ	11	МӘҢГІЛІК ЕЛ	123
АЛАТАУ	14	МЕДЕУ	126
АЛАШ	17	МҰҒАЛЖАР	129
АЛМАТЫ	20	МҰЗТАУ	132
АЛТАЙ	24	НАУРЫЗЫМ	135
АЛТЫНЕМЕЛ	27	НҰРЛЫ ЖОЛ	139
АЛТЫН ОРДА	30	ОЙЫЛ	141
АҢЫРАҚАЙ	33	ОҚЖЕТПЕС	144
АРАЛ	36	ОРБҰЛАҚ	147
АСТАНА	39	ОРДАБАСЫ	150
АЯГӨЗ	44	ОТЫРАР	153
БАЙҚОҢЫР	47	САЙРАМ	156
БАЛҚАШ	50	САРАЙШЫҚ	159
БАЯНАУЫЛ	53	САРЫАРҚА	162
БЕҒАЗЫ	56	САУРАН	165
БЕРЕЛ	59	СЕЙХУН	168
БОЗОҚ	62	СЕМЕЙ	171
БОТАЙ	65	СОЗАҚ	173
БУРАБАЙ	68	СЫҒАНАҚ	176
БҰЛАНТЫ	72	СЫРЫМБЕТ	179
ЕРЕЙМЕНТАУ	75	ТАЛАС	182
ЕРТІС	78	ТАРАЗ	185
ЖАЙЫҚ	81	ТАРБАҒАТАЙ	188
ЖАНКЕНТ	84	ТӘУЕЛСІЗДІК	191
ЖАСЫБАЙ	87	ТОРҒАЙ	194
ЖЕРҰЙЫҚ	90	ТҰРАН	197
ЖЕТІСУ	93	ТҮРКІСТАН	200
ЖИДЕБАЙ	98	ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ	203
ҚАЗАҚСТАН	101	ҰЛЫТАУ	206
ҚАЗЫҒҰРТ	106	ҮСТІРТ	210
ҚАПШАҒАЙ	109	ХАНТАУ	213
ҚАРАТАУ	112	ШЫҢҒЫСТАУ	216
		ІЛЕ	219

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 70 ТАРИХИ ОРНЫ

Редактор: А. Қожахмет
Тех. редакторы С. Ақылов
Корректор: М. Төлегенова
Дизайнері К. Карпун

*Жинақтағы мақалалардың ғылыми және деректік негіздеріне авторлар жауапты.
М. Золотухиннің, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің қоры сондай-ақ кейбір суреттер
ғаламтор желісіндегі еркін дереккөздерден алынды. Деректері көрсетілмеген кейбір
суреттер үшін алдын ала гафу өтінеміз.*

ISBN 978-601-80578-9-2



«Керемет медиа»
Алматы қаласы, 8 ы/а, 19«а» үй.
Тел.: 8 (727) 225 25 42
E-mail: keremet.m@mail.ru

Басуға 27.11.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 18,0.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 99.